

М.ДӘКЕНӨВ

ӘЛЕУМЕТТАНУ



ӘЛЕУМЕТТАНУ

ӘОЖ 30(075.8)

КБЖ 655 я 73

Д 14

*Баспаға Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің
Редакциялық баспа кеңесі ұсынған.*

Пікір жазғандар:

М.Сәбит – филос. ғыл.докт., профессор;

А.А.Нурмухамбетов – тарих мамандығының PhD докторы.

Дакенов М.

Д14 Әлеуметтану: сөздік-анықтамалық. Оқу құралы:/

М. Дакенов – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2016.
– 106 бет.

ISBN 978-601-224-760-2

Жоғарғы оку орындарының студенттеріне арналған.

Оқу құралында студенттердің әлеуметтану пәнін оқу барысында
кездесетін терміндер мен ұғымдар қамтылған.

ӘОЖ 30(075.8)

КБЖ 655 я 73

ISBN 978-601-224-760-2

© Дакенов М., 2016
© «Қыздар университеті» баспасы, 2016

A

Автономия (грек.autonomia-өзін-өзі басқару, тәуелсіздік) – езінің ішкі мәселелерін немесе ұйымның құбы мен құзырынан тыс өз бетінше шешудің кең мүмкіндігін қарастыратын мемлекеттегі аумақтың немесе ұйымның ерекше мәртебесі. Дербестік деңгейіне байланысты ауматтық автономия әдетте саяси, мемлекеттік болып бөлінеді, яғни мемлекеттік билікті және басқаруды (автономиялық республика) жүзеге асырады және әкімшілікті өз бетінше жүзеге асырумен байланысқан әкімшілік билікті және басқаруды (автономиялық облыс, округ, аудан және т.б.) жүзеге асырады. Көпұлтты елдерде автономия ұлт мәселесін шешудің мемлекеттік-құқықтық формасы ретінде көрінеді, ұлттық форманы иеленеді. Ұлттық автономия өз кезегінде ұлттық-аумақтық және ұлттық-мәдени болып бөлінеді.

Автономия ұлттық-аумақтық – ұлттардың өзін-өзі басқаруының көптүрлерінін бірі, халқы ұлттық құрамымен, өзіндік мәдениеті, түрмисы, дәстүрімен және т.б. ерекшеленетін аумақта азды-көпті мемлекеттік (автономиялық республика) және әкімшілік (автономды облыс, округ, аудан және т.с.с.) билік пен басқару. Бұның ұлттық-мәдени автономиядан ерекшелігі оның адамдарының аумақтық қауымдастыққа негізделуінде жатыр. Сондықтан автономияның бұл формасы әртүрлі ұлттардың мекендейтін елдер үшін аса маңызды. Ұлттық-аумақтық автономияның нақты формалары алуан түрлі: біршама ірілері-автономиялық облыстар, округтар, аудандар; бір ұлтты, екі ұлтты, көп ұлтты және т.б. Ұлттық-аумақтық автономияның формасының көп түрлі болуы халықтардың өмір сүруі мен дамуының объективтік жағдайларындағы үлкен айырмашылыктармен байланысты (халықтың үлкен-кішілігі, аумағы, әлеуметтік-экономикалық әлеуеті, географиялық жағдайы және т.б.). Ұлттық-аумақтық автономия Ресейде, Грузияда, Эзербайжанда, Өзбекстанда, Тәжікстанда, Испанияда, Канадада және т.б. елдерде қолданылады.

Автономия ұлттық-мәдени – ұлттардың өзін-өзі басқаруының бір формасы. Ол ортақ ұлттық мәдениетке негізделіп, сол мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерінің сақталуын және дамуын қамтамасыз етеді, сол ұлт өкілдерінің тілектерін қанағаттандырады. Ұлттық-мәдени автономияның эксаумактық сипаты бар, яғни осы ұлттың адамдарын тұратын мекен жайына қарамас-

тан біріктіреді. Ол өзге ұлт өкілдері шашыранқы орналасқан елдерде маңызды рөл атқарады; сондықтан ұлттық-аумактық автономиясы болмайды. Бүгінгі күні ТМД елдерінде жұзденген жерлестіктер мен ұлттық қауымдастықтар, ұлттық-мәдени орталықтар, осы сипаттағы жалпы мемлекеттік органдар мен ұйымдар құрылып, жұмыс істейді.

Автономиялық республика – мемлекет формасы ретінде бұл республика автономияның үлкен құқымен өзге унитарлық немесе федеративтік мемлекет құрамына кіре отырып өз аумағында сол мемлекеттің құқығы мен құзырынан тыс өз бетінше билік пен басқаруды жүзеге асырады.

Авторитаризм (лат. *autoritas* – билік, ықпал жасау) – билік бір адамның (монарх, диктатор) немесе белгілі бір басқарушы топтың қолына шоғырлануымен, өкілетті органдардың, әлеуметтік және саяси институттар мен ұйымдардың, бүкіл қоғамның биліктерін қатаң шектеп, рөлін төмендетумен, тіптен басып-жанышуымен сипатталатын саяси әлеуметтік режим.

Авторитаризм үшін қоғамдық өмірдің бүкіл немесе көптеген жақтарын мемлекеттендіру, биліктің жоғары орталықтануы, басшылықтың әкімшіл-әміршілдік әдістері, билікке сөзсіз бағыну аса тән болып келеді. Әлемдік тәжірибе көрсеткеніндей, авторитаризм өзінің жоғарғы шектен асқан формасы, тоталитаризмге өту тенденциясын сақтайды. Ол шынайы демократизмен, гуманизммен, азаматтық қоғаммен, аумактық мемлекеттің сыйыспайды. Авторитаризмнің шектен асқан формалары - фашизм, нәсілшілдік және тоталитаризм әлемдік деңгейде күйрекесе де, оның үдерістері аймақтық, мемлекеттік дейгейде және жергілікті жерлерде әлі де ұзақ сақталып отыр.

Агенттер (акорлар) – әрекет етуші әлеуметтік субъектілер, ал кейде сондай-ақ ұйымдар мен институттар.

Агломерация әлеуметтік (лат. *agglomerare*-қосу) – қаланың өзара байланысы және өзара әрекеттесуін, сонымен қатар басқада қоныстардың біртұтас қалалық-аумактық кешенге қосылуы. Әлеуметтік агломерация халық өмірінің барлық жақтарына, әсіреке жұмыспен қамту, өмір салты, мәдениет, қарым-қатынас және т.б. маңызды ықпал ететін урбанизацияның тіке көрінісі. Ол әдетте қайсыбір ірі қаланың төнірегінде қалыптасады. Әлеуметтік агломерацияның пайда болуы үлкен қалаларда халық санының есепсіз өсуіне жол бермейді, немесе таяу мандағы

шагын қоныстардың халқын үлкен қалаларға көшкізбей-ак үлкен қалалардың игліктерін пайдалануға мүмкіндік береді.

Аграрлық қоғам – натуралды ауыл шаруашылығы мен сословиялық иерархияның үстемдігімен, әлеуметтік-саяси өмірде шіркеу мен армияның шешуші рөлімен сипатталатын қоғам дамуының индустріалдық қоғамға дейінгі тарихи сатысы.

Адаптация (лат.adaptatio-бейімдеу) - әртүрлі құралдардың көмегімен тұлғаның немесе әлеуметтік топтың әлеуметтік ортаға бейімделуі. Әлеуметтік бейімделу кезінде адам қалыптасқан жаңа әлеуметтік өзара әрекеттерді, құндылықтарды және нормаларды қабылдан, әлеуметтік органды менгереді. Бұл күрделі, қын және қарма-қайшылықты үдеріс, сонымен бірге ол қажетті процесс. Қоғам, мемлекет, қоғамдық-саяси ұйымдар және партиялар, әлеуметтік және саяси топтар мен бірлестіктер, тұлғалар әлеуметтік бейімделу қабілеті мен құралдарын жоғалтатын болса, онда олар табысты өмір сүрмейді және дамымайды.

Адорно Теодор (1903–1969)–неміс әлеуметтанушысы және әлеуметшіл философи, Франкфурттегі неомарксизм мектебінің көрнекті екілі. М.Хоркхаймермен бірге Франкфурттың әлеуметтік зерттеулер институтының жетекшісі болған. Т.Адорноның түсіндіруінде әлемдік тарих – бұл «Сәті түспеген өркениеттің» тұлғалық «кол үзу» үдерісінің және жеке бостандығын жоғалтуының тарихы. «Кешеуілдеген капитализм» жағдайында, оның пікірі бойынша, «қоғамдық жалпылықпен» бірегей индивидті басып жаңшу жүреді. Т.Адорно әлеуметтанулық проблемаларды «Авторитарлық тұлға» атты енбегінде баяндады, онда демократиялық немесе авторитарлық басқару стилін қабылдауталданған.

Т.Адорноның негізгі еңбектері: «Оқу – ағарту диалектикасы» (1947ж), «Авторитарлық тұлға» (1950ж), «Музыка әлеуметтануына кіріспе» (1962ж), «Келенсіз диалектика» (1965ж).

Азаматтық қоғам – әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани адамгершілік қатынастары, жалпы және әлеуметтік-саяси мәдениеті жоғары дамыған, өз азаматтарының әлеуметтік және саяси белсенділігі артқан, мемлекеттен тәуелсіз, онымен өз қарым-қатынасында қоғамның басымдығын жоғары қойған және оған мемлекеттің қызмет ету қажеттігін мойындау негізінде құралатын қоғам.

Азаматтық қоғамның қалыптасуы қазіргі өркениеттің қалыптасуымен және жетілдірілуімен тікелей байланысты.

Осы екі үдеріс тұлғаның үздіксіз жетілуін, тиісті әлеуметтік және саяси мәртебені иеленген оның еркін, тең құқықты, белсенді азаматқа айналуын және қоғамды, оның құрылышын, өмір сұруін және дамуын ойластырған. Азаматтық қоғам тек демократизм, гуманизм, қоғамдық даму, соның ішінде жергілікті өзін-өзі басқару, орталықтандыру негіздерінде құралады. Ол авторитаризммен және тоталитаризммен, адам, халықтар және аз ұлттардың құқығын бұзумен, ұлтшылдықпен, шовенизммен, нәсілшілдікпен, діни тәзбеушілікпен және т.б. сыйыспайды. Азаматтық қоғам қалыптасуы құқықтық мемлекет құрудың әлеуметтік негізі. Азаматтық қоғам бүгінде әлемнің көптеген елдері ұмтылып отырған идеал, тек олардың аз ғана бөлігінің мұндай қоғамға өтүге мүмкіндігі бар.

Ақпараттық қоғам – ең алдымен басқару аспектілері тұрғысынан қарастырылатын және шұғыл өзгерістерімен, ақпараттық технологияның рөлі мен маңызының артуымен сипатталатын постиндустриалдық қоғаматауының бірі. Қазіргі әлеуметтанушылар мен саясаттанушылар ақпараттық қоғамның адамзаттың тарихи дамуындағы орны туралы мәселені әртүрлі шешіл отыр. Олардың біреулері азаматтық қоғамды постиндустриалды қоғамның синонимы ретінде қарастырады. Екіншілері азаматтық қоғамды постиндустриалдық қоғамның бір түрі деп санайды. Үшіншілері азаматтық қоғамнан постиндустриалды қоғам дамуының бір кезеңін көреді. Төртіншілері азаматтық қоғамды постиндустриалды қоғам шенберінен тыс қарастырады, оны постиндустриалды қоғамды алмастыруға келе жатқан қоғамдық прогрестің жаңа сатысы ретінде түсіндіреді. Ақпараттық қоғам тұжырымдамасының көрнекті өкілдері, өткен ғасырдың 70-жылдарында шықкан, Д.Белл, З.Бжезинский, Э.Тоффлер, А.Кинг, Д.Нейсбит, П.Абурден және т.б. ақпараттық қоғамның негізгі белгілері: қоғамды компьютерлендіру және ақпараттық революция, қоғам өмірінде ақпараттың және ақпараттандырудың шешуші факторға айналуы; адами қызметтің интеллектуалдануы; деорталықтану және индивидуалдану; демократияландыру және дебюрократияландыру; жаһандану және ұлттық құрылымдарды қалыптастыру және т.б.

Альтернативалар (фр.alternative, лат. alter – екінін бірі) – әлеуметтану анкетасындағы сұрақтарға таңдалатын жауаптардың бір немесе бірнеше нұсқасы.

Анкета әлеуметтанулық(enguete-тексеру) – зерттеуші-әлеуметтанушы құрастырған сауалдау параграфы(сұраптар тізімі). Онда көрсетілген ереже бойынша сұраптарға жауап беруші немесе жауап қайтарушылар анкетаны толтырады, бұдан кейін ол әмпирикалық әлеуметтану зерттеуінде әлеуметтік ақпараттың қайнар көзі қызметін атқарады.

Әлеуметтанулық анкетаны құрастырудағы ең басты мәселе – сауалдарды дұрыс құру, олар зерттеудің міндетіне байланыстырылып, нақты, дәл, анық, түсінікті болуы тиіс. Әлеуметтанулық анкетаның құрылымы және оған енген сұраптардың орналасу тәргібі барынша әлеуметтік ақпарат алуға ықпал етуі қажет. Тек қана осындай және басқа да жағдайда алынған ақпарат сенімді болады.

Анкеттеу – зерттеушінің жауапшымен респондентанкета арқылы контакттыға негізделген әмпирикалық әлеуметтану зерттеуіндегі әлеуметтік өлинеуіштің бірден-бір кеңінен тараған тәсілі.

Аномалия (грек. *anomalia*) – жалпы занылыштың келенсіз жақтары.

Аномия әлеуметтік (фр.*anomie*-зансыздық, ұйымдастырудың) – қоғамдық өмірдің келенсіз қалпы, онда оның субъектілерінің көпшілігі немесе айтарлықтай бөлігі орнатылған әлеуметтік нормаларды бұзады немесе адамдардың мінез-құлқын реттейтін әлеуметтік құндылықтар мен нормалар жүйесінің ыдырауынан туындаған қоғамның келенсіз жағдайы. Аномия ұғымын әлеуметтануға Э.Дюркгейм енгізген. Ол өзін-өзі қол салудың кеңінен тарауын әлеуметтік аномияның бірден-бір көрінісі деп есептеді. Қазіргі деңгейде әлеуметтік аномия теориясын теренірек Р.Мертон жасады. Ол әлеуметтік аномияны сананың индивидуалдық максаттарға занды жолдармен жетуге мүмкінсіздігімен байланыстырады, сондықтан ол ауытқыған (девианттық) мінез-құлқықта негіз қызметін атқарады. Бүгінгі күні әлеуметтік аномия ұғымы көбінесе қоғамның өтпелі, дағдарыстық, экстремалдық ситуациясын сипаттау үшін, тұлғаның қоғамнан шеттеуі күштейгенде, өмірден түнілгенде, қылмыстық және т.б. жағдайлар жедел артқанда қолданылады.

Анонимдік (фр.*anonymas* –атаусыз) – әлеуметтану сауалнамасында зерттеушінің респонденттен оның фамилиясын, ез атын және әкесінің атын көрсетуді талап етпеуі.

Апатия (гр. *apatheia* – қызықпаушылық) – қоршаған ортага немісірдің карау қатынастары.

Аристократия(грек.*aristos*-жақсы *kratos*-білік) – 1) ерекше құқықтарды немесе мүмкіндіктерді иемденген қоғамның азды-көпті жоғарғы шектеулі, женелдікті жігі немесе оның бөлігі (мысалы, жұмысшы аристократиясы). 2) тарихтан белгілі құл иеленушілік және феодалдық қоғамдардың басқару формасы, бұларда мемлекеттік билік ру аксүйектерінің қолында болды.

Арон Раймон (1905 – 1983) – француздың көрнекі әлеуметтанушысы, философы және публицисі, индустріалдық қоғам, технологиялық детерменизм мен деидеологияция туғырымдамасының авторларының бірі, либерализмнің жақтаушысы, марксизм мен коммунизмге қарсы адам. Қазіргі өркениеттің драмасы Р.Аронның пікірінше, демократиялық және индустріалды қоғамның талаптарының қарама-қайшылығынан тұрады. Индустріалды қоғам қатаң тәртіпті иерархияны, субординацияны талап етеді, демократиялық идеалдар болса, еркіндік, тұлғаның өз тағдырын өзі шешуіне бағыт-бағдар ұстайды. Осы екі тенденцияның үйлесімсіздігі қазіргі өркениетті тұрақсыздыққа әкелін отыр.

Р.Аронның негізгі еңбектері: «Интеллигенция үшін апартай» (1955ж), «Ұлттардың арасындағы бейбітшілік пен соғыс» (1962ж), «Индустріалды қоғам туралы он сегіз дәріс» (1962ж), «Тұңтул және прогресс» (1962ж), «Демократия және тоталитаризм» (1965ж), «Әлеуметтанулық ойлардың дамуының кезеңдері» (1967ж), «Құлдыраған Еуропаны қорғау» (1977ж) және т.б.

Аскетизм (гр. *asketes* – бір інсеге жаттығуши) – сезімталықылас-тілектерді шектеу немесе басып жанышу, философиялық сенім жүйесі ретінде саналы түрдегі ұстамдық.

Ассимиляция әлеуметтік – бір әлеуметтік топ өкілдерінің басқа топтың әдеуметтік-мәдени белгілерін бірте-бірте менгеру үдерісі және нәтижесі.

Ә

Әдет-ғұрын – қоғамның немесе әлеуметтік мүшелері үшін әдетке айналған және оларды тұрақтылықпен ұдайы өндірілетін стереотиптік мінез-құлықтың өткен тәжірибесінің көріністері.

Әлеуметтану – қоғам дамуының жалпы және ерекше әлеуметтік зандаудың туралы, оларды адамдардың, қауым-

дастықтар мен қоғамның кимыл-әрекетпен жүзеге асырудың жолдары, формалары және әдістері жөніндегі ғылым. Әлеуметтанудың кең мағынадағы объектісі-қоғам, ондағы әлеуметтік, яғни әлеуметтік шындық, социум. Әлеуметтанудың басқа қоғамдық ғылымдардан ерекшелігі бар. Басқа қоғамдық ғылымдар қоғамдық өмірдің қайсыбір бөлігін, саласын зерттейді, ал әлеуметтану қоғамды тұтас әлеуметтік организм ретінде зерделейді. Тұлғаның, әлеуметтік топтардың және қоғамның өзара әрекеттесуі проблемасы әлеуметтанудың алдыңғы қатарға койған мәселесі. Ол тұлғаны қоғам арқылы зерттейді және қоғамдың арқылы қарастырады. Сондыктан әлеуметтануды қоғамдағы адамдардың мінез-құлқы туралы ғылым ретінде сипаттайды. Өзінің құрылымы бойынша әлеуметтану: а) теориялық және эмпирикалық б) іргелі және қолданбалы в) жалпы, яғни макроәлеуметтану мен микроәлеуметтануға бөлінеді. Әлеуметтану әртүрлі функцияларды атқарады: теориялық-тәнымдық; практикалық-саяси; идеялық-тәрбиелік және т.б.

Әлеуметтану зерттеуі – әлеуметтік қоғамтану зерттеуінің бір түрі, қоғамды тұтас жүйе ретінде қарастыратын және жеке ғылымдарда арнайы және нақты әлеуметтік зерттеуге катысты жалпытеориялық және әдістемелік негіз рөлін атқарады. Әлеуметтану зерттеуін бір жағынан жалпылама, абстрактілі ретінде әлеуметтік-философиялық зерттеулерден айыра білу керек, мұнда қоғам жалпыға бірдей әмбебап белгілер, қасиеттер, зандар дүниетанымы түрғысынан қарастырылады, екінші жағынан, қоғам әлеуметтік тұтастық ретінде емес, тек оның жекелеген құрылымдары, салалары, бөлімдері зерттелетін қоғам туралы нақты, арнайы ғылымдардың, саясаттанудың, экономикалық теорияның, мәдениеттанудың, әлеуметтік психологияның, құқықтанудың, этнологияның және т.б. әлеуметтік зерттеулерінен айыра білу қажет. Әлеуметтік шынайылылықты зерттеуде тұтастық пен жүйелік амалдары мен әлеуметтік фактілерге және эмперикалық материалдарға арқа сүйеу әлеуметтану зерттеуіне тән белгілер болып табылады. Әлеуметтану құрылымына сәйкес әлеуметтану зерттеулері теориялық және эмпирикалық; іргелі және қолданбалы; макро, микро және орта деңгейлі зерттеулерге бөлінеді. Өзінің мәні жағынан әлеуметтану зерттеулерінің көпшілігі бір әлеуметтік құбылыстың немесе үдерістің өзгерісі басқаға немесе басқаларға байланыстырының, тәуелділігін анықтау болып саналады.

Әлеуметтану категориялары – әлеуметтанудың ғылым ретінде мәнін және спецификасын анықтау ғылымның категориялары мен заңдарын анықтаумен байланысты. Әлеуметтік ұғым мазмұны бойынша әлеуметтанудың кең категориясы болып табылады, ол өзіне айтарлықтай кең ұғымдарды қосқан: «әлеуметтік жүйе», «әлеуметтік құрылым», «әлеуметтік институт», «әлеуметтік ұйым», «әлеуметтік топ», «әлеуметтік әрекет», «әлеуметтік мінез-құлық» және т.б. Бұлардың әрқайсысы, өз кезегінде, аса маңызды басқа да бірқатар категорияларды бөліп шығарады. Мысалы «әлеуметтік топ» категориясы «тап», «әлеуметтік жік», «халық», «ұлт», «отбасы» және т.б., ал «әлеуметтік әрекет» категориясы «әлеуметтік мұдде», «әлеуметтік мақсат», «әлеуметтік норма», «әлеуметтік құндылық» және т.б. жеке ұғымдармен ілеседі. Әлеуметтану категорияларының маңыздыларының қатарына «әлеуметтік тенденция(немесе тенденция)», «әлеуметтік әділетсіздік», «әлеуметтік еркіндік» және т.б. жатады.

Әлеуметтану сауалнамасы – жеке адамға немесе адамдардың үлкен не шағын топтарына ауызша немесе жазбаша түрінде сұрақтар қою жолымен алғашқы әлеуметтік ақпарат алу тәсілдерінің бірден-бірі. Әлеуметтік сауалнама – эмперикалық әлеуметтану зерттеулерінде аса маңызды және кеңінен қолданылатын әдіс, ол әсіресе қоғамдық пікірді зерттеу үрдісінде белгілі бір адам топтарының бағалауы және басымдық беруі жөнінде ақпарат алуда маңызды. Әлеметтану сауалнамасын ауызшажүргізу формасын сұхбат, сұхбатнама, ал сауалнаманы, сұхбатты жүргізуші адамды интервьюер-сұхбатшы, ал сұраплатын, сұхбат беретін адамды-респондент деп атайды. Жазба түрінде жүргізілетін әлеуметтану сауалнамасын анкеттеу деп атайды. Бұл әлеуметтік өлшеудің ең кеңінен тараған тәсілі. Біріншінің артықшылығы әлеуметтанушы мен сұраққа жауап қайтарушының тіке өзара әрекет ету артықшылығы болса, екіншінің артықшылығы жауаптардың анонимділігінде және айтарлықтай көп адамнан тез әлеуметтік ақпарат алуда.

Әлеуметтану шкаласы – сауалнама, бақылау немесе құжаттарды талдау процесінен алынатын әлеуметтік ақпаратты реттеу мен баға беру үшін қолданылатын әлеуметтану зерттеу құралдарының өлшеуіш белілі.

Әлеуметтанудағы корреляция (лат.correlatio–аралықтыс) – әлеуметтік құбылыстар, процестер және жүйелер,

олардың касиеттері, белгілері және сипаттамалары арасындағы, яғни екі және одан да көп әлеуметтік өзгергіш арасында болатын тұракты қайталанатын өзара байланыс, аракатынас, өзара әрекет және өзара тәуелділік. Әлеуметтанудағы корреляция өзгермелік мәлшердің (шама) арасындағы өзгерістердің өзара үйлесімділігін білдіреді, олардың арасындағы өзара байланыс себеп-салдар сипатында болуы да болмауы да мүмкін. Ол сонымен қатар, азды-көпті тығыз, ашық көріні де мүмкін. Бір өзгермелі (айнымалы) мәлшердің басқасына тәуелділігі дәрежесін, денгейін көрсететін санды корреляцияның коэффиценті деп атайды. Соғысы екі шаманың арасындағы корреляциялық сапалық сипатын білдіреді: корреляциялық коэффиценті негұрлым жоғары болған сайын көрсеткіштер бойынша біріншікіншілерден маңыздылығы толық, дәл анықталатын болады. Корреляция және оның коэффиценті бір рет немесе көп рет әлеуметтік өлшеудің, статистикалық мәліметтердің және т.б. нәтижесінде орнайды.

Әлеуметтанудағы латенттілік (лат. *latens–жасырын, көзге көрінбес*) – қайсыбір әлеуметтік құбылыстың немесе процестің, олардың әрекшеліктері мен белгілерінің сыртқы көзге көрінбеуі.

Әлеуметтанудағы органикалық бағыт – әлеуметтануғының көп бағыттың бірі. Ч.Дарвиннің биологиялық эволюция теориясының ықпалымен пайда болған және қоғамды, оның өмір сүруі мен дамуын тірі, биологиялық организм іспетті қарастырады. Бұл бағытты негізделген – Г. Спенсер. Германияда А.Шеффле, францияда Р.Ворлес, ресейде А.Стронин және П.Лилиенфельд және т.б. оның ізбасарлары болды. Әлеуметтік дарвинизм(А.Смол, Л.Гумплович және т.б.) әлеуметтанудағы органикалық бағыттың ішіндегі мектептердің бірі. XX ғасыр басында әлеуметтік органикалық бағыттың ықпалы айтартықтай құлады, бұл әлеуметтік-саяси құбылыстар мен үрдістерді түсіндірудегі оның натурализммен және осыдан шыға отырып оған оңай, женіл қарумен, қоғамдық өмірде тез құрделенетін әлеуметтік-саяси құбылыстар мен үрдістерді таза биологиялық тұрғыдан түсіндіре алмаумен байланысты.

Әлеуметтанудағы позитивизм (лат. *positivus – жағымды*) – XX ғасырдағы әлеуметтанудың жетекші бағыты, қоғам туралы ой пайымдаудан бас тартып, қоғамды зерттеуде бақылау мен экспериментке арқа сүйектін, табиғаттану, «жағымды»

ғылымдар (физика, химия, биология т. б.) сияқты объективті және дәл ғылым қалыптастыру қажетінен туындаған. Позитивизмнің негізін салған – О. Конт.

Әлеуметтанудағы психологиялық бағыт – әлеуметтік және саяси құбылыстар мен процестерді психологиялық факторлармен түсіндіретін, соған орай және әлеуметтануды әлеуметтік психологияға түйістіретін бағыттардың бірі.

Әлеуметтанудағы сандық әдістер – казіргі математика мен есептеу техникасының жетістіктерін қолданып, формальды әлеуметтану білімін алудың тәсілдері мен ретінін (процедура) жиынтығы және көрінісі. Әлеуметтанудағы сандық әдістер әлеуметтанудың сапалы талдау әдістерімен тығыз байланыста және өзара әрекетте болады. Олар статистикалық және динамикалық әлеуметтік зандарды терен зерттеуде, әлеуметтік басқаруда, саясатта әлеметтану білімін практикалық қолдануда маңызды рөл атқарады. Әлеуметтанудағы сандық әдістерді колдануды көнектіу мен терендетуге қоғамды компьютерлендіру ықпал етеді. Бұл үдерісті қоғамдық өмірдің көптеген салаларында білімді формалдау қыншылықтары, қажетті кадрлар дайындау деңгейінің жеткілікіздігі және оларды техникалық құралдармен жабдықтаудың артта қалулары баяулатады, оған тұсau болады. Осының бәрі әлеуметтану зерттеуінің тиімділігін және жеделдігін төмендетеді және оларды пайдаланудың нәтижелеріне де келенсіз әсер етеді.

Әлеуметтанудағы феноменологиялық бағыт – XX ғ. 50-жылдарында қалыптасқан әлеуметтану ғылымындағы негізгі бағыттың бірі, ол әлеуметтік ақиқатты адамдар қызметінің жемісі ретінде түсіндіруді қалыптастырады, сол жөніндегі түсінікті қоғаммен тенестіреді және әлеуметтік өзара әрекет процесінде байқалатын әмбебап құрылымдардың және адамдардың түсіндірмесінін, әлеуметтік құбылыстар мен процестердің төмендеуін анықтауға көніл аударады. «Түсінуші әлеуметтанудын» бір түрі ретінде феноменологиялық бағыт кең мағынасында өзінін бастауын М. Веберден алады. Ол Э. Гуссерл және оның ізбасарларының философиялық, феноменологиялық бағытымен және Ч. Кули, Дж. Г. Мид және т. б. әлеуметтанулық қозқарастармен тығыз байланысқан. Бірақ әлеуметтануда феноменологияны жеке бағыт етіп негіздеген Австрия-америка әлеуметтанушысы А. Щюң (1899-1959) болды, ол күнделікті өмірдің интерсубъ-

ективтік әлем тұжырымдамасын жасады. Оның мәні-біз үшін әлеуметтік шындық бізге дейін болған интерсубъективті әлем субъектілерінің әрекетін білдіруге саяды; отбасы мен мектептегі тәрбиенің және білімнің аркасында, бізді қоршаған адамдармен өзара әрекеттесудің еркім өзтәжіриесін жинақтауы аркасында осы әлемге араласады, бұл біздің алдымызға нақты мақсаттар қоюға және оларға жетуге мүмкіндік береді. XX ғасырдың 70-жылдары қалыптасқан әнометодология феноменологиялық бағыттың бір түрі, ол этнография мен әлеуметтік антропологияның әдістерін адамдардың күнделікті әрекеттерінің саналы және практикалық әрекеттерге айналуын түсіндірудің әдістер жиынтығын жасау үшін қолданады. Этнometодологиядағы басты нәрсе адамдар арасындағы өзара әрекеттесуді реттейтін үйреншікті нормаларды, мінез-құлық ережелерін, тілдік қарым-қатынастардың мағынасын тұлғааралық өзара әрекеттесудің жасырын механизмдерін және түсіндіру процесуарасын зерттеу болып саналады.

Әлеуметтанудағы Франкфурт мектебі – Майндегі Франкфуртта 30-жылдардың басында пайда болған бірден-бір ықпалды жаңа маркстік бағыт. Франкфурт мектебі марксизмді фрейдизммен біріктіруге тырысты. Оның көрнекті өкілдері – Т. Адорно, Г. Маркузе, М. Хорхаймер, Ю. Хабермас. Франкфурт мектебі марксизмді фрейдизмге қосуға ұмтылды. Осы тұрғыдан ол «кешеуілдеген капитализмнің» шынайылығына сынни тал-дау жасап, оның фашистенуге бейімділігі тән екендігін атап көрсетті. Осымен байланысты франкфурт мектебі «авторитарлық тұлға» мәселесін теориялық тұрғыда дайындауға ерекше көніл аударды. Франкфурт мектебі «жаңа солшылдардың» қозғалысын идеологиялық тұрғыдан құруда маңызды рөл аткарды.

Әлеуметтену – үйымдастқан және бақыланатын процесс ретінде жеке адамдардың бүкіл өмірі бойы жүзеге асады, оларға қоғам және оның құрылымы тарапынан стихиялы ықпал жасалады, соның нәтижесінде нақты қоғамда, әлеуметтік топтар мен үйымдарда адамдар өміршөң әлеуметтік тәжірибелі жинақтайты, тұлғаларға айналады. Әлеуметтену – бір реттік және қысқа мерзімдік үдеріс емес, керісінше ол ұзакқа созылатын және көп актілі үдеріс. Әлеуметтенудің аркасында адамдар өз қажеттіліктерін, мүмкіндіктерін және қабілеттерін жүзеге асырады, әлеуметтік өмірге араласады, өзіне әлеуметтік мәртебе мен әлеуметтік рөль алады және өзгертеді, қоғамның басқа

мүшелерімен, олардың топтарымен, әлеуметтік институттармен, ұйымдармен және жалпы қоғаммен нормальді катынастар орнатады. Әлеуметтедіруде әсіресе отбасының, тәрбие және білім беру жүйесінің, еңбек ұжымдарының, бұкаратың ақпарат құралдарының және т.б. рөлі айрықша. Әлеуметтену қоғам тұрақтылығының, оның нормальді өмір сүруінің, оның даму сабактастығының маңызды факторы. Әлеуметтедірудің алғашкы және екінші әлеуметтедіру түрлері бар. Алғашкы әлеуметтену адамға оны қоршаған ортаның, біріншілік әлеуметтік топтардың (отбасы, туыстары, достары, оку және еңбек ұжымдары, тәрбиешілер, мұғалімдер және т.б.) тіке ықпал жасауымен іске асады, екінші әлеуметтенуді екіншілік әлеуметтік топтар-ұлкендікішілі топтар, әлеуметтік институттар, ұйымдар және мекемелер жалпы формада, жанама бір-екібағытта жүзеге асырады. Тұлғаның бұрынғылардың орнына жаңа білімді, құндылықтарды, рөлдерді, дағдыларды менгеру үдерісін әлеуметтедіру деп атайды.

Әлеуметтедіру агенттері – әлеуметтедіру процесінің барысына бағытталған максатпен ықпал жасап, әлеуметтедіруді жүзеге асыратындардың немесе соған әсер ететіндердің бірі.

Әлеуметтік әрекет – әдетте адамның қажетінен туындағын, өзге адамдардың әрекетімен байланысты болатын, баска-лардың мінез- құлығына бағытталған, оларға ықпал жасайтын және өз кезегінде ол өзгелердің мінез-құлқының ықпалын басынан кешіретін адамның саналы әрекеті.

Әлеуметтік әрекет туралы ілімге М. Вебер ерекше үлкен үлес косты. Ол кез-келген адами әрекеттің әлеуметтік әрекет болып табылмайтындығын көрсетті. Біріккен байланыстан және өзара катынастан тыс адамдардың әрекеті әлеуметтік әрекет ретінде емес, индивидуалдық, тұлғалық әрекет ретінде байқалады. Адамдардың еліктеу (дәстүрлі) сипатындағы немесе аспектілік күйде жасаған әрекеттің әлеуметтік әрекет деп есептеуге болмайды. Өзінің әлеуметтік әрекет теориясына ұтымдылықты негіз етіп алған М. Вебер, барлық назарын әлеуметтік әрекеттің негізгі типтері ретінде мақсатты ұтымды және құндылықты ұтымды әрекеттерге аударды. Әлеуметтік әрекеттің белгілі бір мәні бар, сондықтан оны зерттеуде әлеуметтік әрекеттің уәждемесін анықтау ерекше маңызды. М. Вебердің идеялары қазіргі әлеуметтануда, ең алдымен, оның феноменологиялық бағытында одан әрі дамытылды. Өзінің әлеуметтік әрекет теориясын Т. Парсонс

функционализм тұжырымдамасы тұрғысынан жасады. Құрылымдық тұрғыдан әлеуметтік әрекет субъектіні; ортаны немесе «ситуацияны», субъектінің орта жағдайына «ситуацияға», бағыт-бағдарұстаян; субъектінің басқаға (немесе басқаларға) бағыт-бағдар ұстаяны өзіне қосқан.

Әлеуметтік байланыс – адамдардың немесе олардың топтарының тәуелділігін және сәйкестігін көрсететін әлеуметтік әрекет. Әлеуметтік байланыс мынадай негізгі элементтерден тұрады: әлеуметтік байланыс субъектілері; әлеуметтік субъект пәні, мазмұны; әлеуметтік байланыс механизмі және оның саналы реттелуі. Әлеуметтік байланыс қоғам прогресіне орай қүшейеді, құрделенеді және кенеиді. Әлеуметтік байланыстың негізгі формалары болып: әлеуметтік контакт, яғни жеке немесе дүркін-дүркін қайталанып тез өтетін әлеуметтік байланыс; әлеуметтік өзара әрекет; әлеуметтік қатынас саналады. Әлеуметтік байланыс және өзара әрекет әлеуметтік топтардың, қауымдастықтардың, әлеуметтік институттар мен ұйымдардың, әлеуметтік құндылықтар мен нормалардың, әлеуметтік бақылаудың және т.б. пай-да болуларының негізінде қалыптасады. Осымен қатысты әлеуметтік байланысты өзара әрекеттің әлеуметтік байланысы, қатынастардың әлеуметтік байланысы, институционалды әлеуметтік байланыс және т.б. әлеуметтік байланыстарға ажыратылады.

Әлеуметтік бақылау – қоғамды және әлеуметтік топтардың өзін-өзі реттеу механизмі, тәртіп пен тұрақтылықты нығайту мақсатында олар адамдардың мінез-құлқына максатты ықпал жасауды қамтамасыз етеді. Әлеуметтік бақылау адамның немесе әлеуметтік топтың мінез-құлқының әлеуметтік құндылықтарға, нормалар мен рөлдерге сәйкес келуіне кепілдік береді. Ол өзінін қызметтің сол қоғамның, топтың мәдениеттің мойындауга негіздейді және оның құндылықтары мен нормаларын өз мүшелеріне мінез-құлыш үлгілерін тәрбиелеу жолымен енгізеді. Әлеуметтік бақылау жүйесі өз функцияларын дағдылар, дәстүрлер, құқық және адамгершілік нормаларын және соларға сәйкес санкциялар жасау негізінде іске асырады.

Әлеуметтік даму – 1) Кең мағынада – әлеуметтік құбылыстар мен процестердің бір күйден екінші күйге өтуімен байланысты болатын кез келген әлеуметтік өзгеріс; 2) тар мағынада – жаңа қоғамдық қатынастардың, институттардың, нормалардың, құндылықтардың және т.б. пайда болуына әке-

летін қоғамдағы құрылымдық өзгерістермен байланысты қалыптасатын әлеуметтік өзгеріс. Әлеуметтік даму, қозғалыс және өзгеріс ұғымдары жиі бірдей лестіріледі. Өзгерістің өзі әртүрлі: макро деңгейдегі өзгеріс пен микро деңгейдегі өзгеріс екі басқа; олар қоғамдық өмірдің барлық саласын немесе бір ғана, мысалы, әлеуметтік немесе саяси саласын қамтуы мүмкін; өзгерістердің біреулері сандық сипат алса, басқалары сапалық сипат алуы мүмкін. Т.Парсонс өзгерістерді екіге бөледі: оның біріншісі әлеуметтік жүйені сақтап қалу шенберінде жүретін «тепе-тен өзгерістер» және екіншісі, қоғамның маңызды құрылымын, сол арқылы қоғамның өзін сапалы өзгеретін «құрылымдық өзгерістер».

Әлеуметтік дарвинизм – XIX ғасырдың ортасында Ч.Дарвин ашып, дәйектеген, қоғамдық іріктеу зандарын ұғынудан шыға отырып, ең бейімделгіштер өмірін сақтау мен тірі қалуы үшін құрес негізінде XIX ғасырдың екінші жартысында – XX ғасырдың басында қалыптаскан қоғамдық ғылымдағы бағыт. Әлеуметтік дарвинизм адамның қоғамдық өмірін, оның биологиялық табигатын анықтауға негізделген. Бұл әлеуметтік дарвинизмді әлеуметтанудағы және саясаттанудағы органикалық мектеппен (Г.Спенсер, Л.Гумплович және т.б.) жақындастырады. Әлеуметтік дарвинизм – бұл адамдағы табиғилық, биологиялық бастауларды бір жақты ерекшелеге, абсолюттендіру және ондағы әлеуметтікті бағаламау, жоққа шыгару. Әлеуметтік дарвинизм идеяларын өткенде әлеуметтік-саяси ойдың әртүрлі бағыттары-либерарлизм және индивидуализмнен бастап нәсілшілдік пен фашизмге дейін әртүрлі қолданады. Бұғандегі әлеуметтік дарвинизмнің ықпалы әлсіреді, бірақ оның идеялары әлеуметтік биологияда және кейбір басқа да бағыттарда кездесіп қалады.

Әлеуметтік динамика – а) қоғамның және оның әлеуметтік құрылымының өмір сүруі, өзгеруі мен дамуы, оларды жаңалауға әкелетін процестің жиынтығы; б) қоғамның зандылықтарын, кезеңдерін, жолдары мен қозғалыс формаларын, оның өзгеруін және дамуын зерттейді. Әлеуметтануды әлеуметтік статика мен әлеуметтік динамикаға бөлуді О.Конт енгізді. Бұл бөлу содан бері әлеуметтану ғылымында бекіп қалды, оны ғылымның бұрынғы өкілдері де және XX ғасырдың ғалымдары да қолдады. О.Конттың идеясын П.А.Сорокин дамытып, әлеуметтік статикамен қатар әлеуметтік динамиканы бөліп шығарды. Қазіргі әлеуметтануда

әлеуметтік статикаға және әлеуметтік динамикаға бөлу өзінің бұрынғы маңыздылығын жойды.

Әлеуметтік жоспарлау – қоғам дамуы мен оның құрылымын үйімдастыруға, алдын ала белгілеуге, мақсатқа жетушілікке, кезеңге бөлуді камтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік басқару әдістерінің бірі.

Әлеуметтік және саяси институттендіру – қоғамда және мемлекеттегі адамдар қызметін тұрақты үйімдастырудың тұрақты формасы ретіндегі әлеуметтік және саяси институттарды құру, калыптастыру үдерісі.

Әлеуметтік және саяси институттендіру адамдардың спонтанды, алдын ала болжаусыз әрекетін, мінез-құлқын нормативтік жолмен күні бұрын болжайтын, тәргіптейтін, үйімдастыратын, реттейтін, әлеуметтік- саяси мәртебелері мен рөлдерін, құндылыктары мен нормаларын, бақылауды үйімдастыруды анықтайтын және бекітетін әрекеттік, мінез-құлыққа және т.с.с. алмастыруды білдіреді.

Әлеуметтік және саяси институттендіру қоғам мен мемлекеттің анық мәртебелік-рөлдік құрылымын құруга мүмкіндік береді, сөйтіп тіршілік әрекетінің үйімдасуышылығын, реттеушілігін және тиімділігін арттырады. Әлеуметтену адам өмірінде кандай рөль атқарса, әлеуметтік және саяси институттендіру қоғам мен мемлекет өмірінде сондай рөль атқарады.

Әлеуметтік жүйе – тұтас құрылымдық бірлік, оның негізгі элементтеріне адамдар, олардың топтары мен қауымдастықтары, байланыстар мен өзара әрекеттер, әлеуметтік құндылықтар мен нормалар, әлеуметтік институттар мен үйімдар жатады. Қоғам әлеуметтік жүйенің көрнекті мысалы. Ол біртекті емес, әртүрлі тәргіптелген және әртүрлі сипаттағы көптеген құрылымдық бірліктерден тұратын өзінің ішкі құрылымы және құрамы бар. Олардың әрқайсысы басқаларымен азды-көпті өзара тығыз байланыста болады, ерекше орын алады және әлеуметтік жүйе ретінде қоғамда өзіндік рөл атқарады. Қоғамның құрылымы оны, бір жағынан индивидтердің қалай болса солай, жөнсіз шоғырлануынан ерекшелейді, екінші жағынан, әлеуметтік жүйені басқалармен салыстырғанда өзінің тәргіптелген, реттелген құрылымы бар, демек, оның сапалы анықтығы да бар. Сонымен қатар, ол әлеуметтік жүйе ретіндегі қоғамның тұрақтылығының негізгі қызметін атқарады. Сондықтан қоғам индивидтердің

жәй ғана жиынтығы емес, тұтас түзілім, жекелеген адамдардың, оның басқа да құрылымдық элементтерінің немесе олардың жиынтығының сапалы сипаттарымен калып қоймайтын, ол жана, интегралды, жүйелі сапаны тудырады. Қоғам ерекше әлеуметтік жүйе ретінде өзінің заңдары бойынша өмір сүреді және дамиды. Бұның бәрі тек қоғамға ғана қатысты емес, сондай-ақ, өз алдына жеке әрекет ететін қоғамның кез келген жүйешесіне қатысы бар (мысалы, әлеуметтік топ, қауымдастық, ұйым және т.б.).

Әлеуметтік интеграция (ықпалдасу) – үрдістердің жиынтығы, солардың арқасында өзара әрекет етуші элементтердің тұтас әлеуметтік жүйеге қосылуы жүреді.

Әлеуметтік контакт(лат.contactus-тіке-араласу, қарым-қатынас) – бірлі жарым немесе қайта-қайта болатын әлеуметтік байланыстың формасы. Ол әдетте сыртқы, таяз, ат үсті, қысқа мерзімдік сипаттымен және адамдардың өмірі мен қызметіне қандайда бір мәнді ықпал жасамайтындығымен ерекшеленеді (мысалы, қоғамдық көліктегі жолаушылардың контактісі, кинотеатрдағы көрермендердің контактісі).

Әлеуметтік көші – қон – тұрғындардың ауыс–қысы, қозғалысы, көші– қоны, соның нәтижесінде әдетте аумакта орналасқан халықтың санында өзгерістер болып тұрады. Әлеуметтік көші – қон әртүрлі сипатта болады. Өзінің масштабы бойынша қоның іші және қоныс аралық, аудан іші және аудан аралық, облыс іші және облыс аралық, мемлекет іші және мемлекет аралық, аймақ іші немесе аймақ аралық, ұлт іші және ұлтаралық және т.б. болуы мүмкін. Ол тұрақты мекен жайға қоныстануымен және уақытша орналасуымен де байланысты болуы мүмкін. Әлеуметтік көші – қонның маусымдық, маятниктік және т.б. кең тараған түрлері бар. Әлеуметтік көші - қонға ұйымдаскан және ұйымдаспаған, стихиялық сипат тән. Әлеуметтік көші - қон өндіргіш құштердің және FTP даму, енбек бөлінісі және экономикалық мамандануының қажеттілігімен, жаңа аумақты игеру керектігімен, жаңа өндіріс, ғылыми және мәдени орталықтар құру, жаңа қалалар салу қажеттілігімен, әртүрлі облыстардың, елдердің және аймақтардың дамуының біркелкі болмауына, аумақтарда өмір деңгейі мен сапасының әртүрлі болуына және т.б. негізгі себептермен байланысты. Урбанизация үрдісінде және қоғамдық өмірдің барлық жақтарын интернационализациялау процесінде әлеуметтік көші - қонның маңызды рөлі анық байқалады.

Миллиондаған еврейлердің Израилге және қаркынды дамудағы Батыс Еуропаға сонғы он жылдықты шетел жұмысшыларының (түріктер, югословиялықтар, арабтар және т.б.) коныс аударуы мемлекетаралық жаппай әлеуметтік көші қонның нақты мысалы бола алады. Біздін елімізде жаппай әлеуметтік көші қон соғыс жылдарында, көптеген халықтарды зансыз депортациялаудын негізінде, тың және тыңайған жерлерді игеру барысында және т.б. жүзеге асты.

Әлеуметтік қауымдастық – ортақ әлеуметтік белгілердің болуымен біріккен, бірлескен, ынтымактастық, әрекетті іске асыруға деген олардың қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған адамдардың тұтас жиынтығы. Әлеуметтанушылардың бәрі бірдей әлеуметтік қауымдастыққа және әлеуметтік топқа дәл шекара қоймайды. Көшілігі оларды бірдейлейді, осылайша әлеуметтік қауымдастықты үлкен, бұқаралық әлеуметтік топ ретінде немесе салыстырмалы түрдегі шағын әлеуметтік топ ретінде қарастырады. Бұлайырмашылықтарды сандық қатынастартүрінде есепке алумен қатар, әлеуметтік қауымдастық, әдетте құрылымсыздықпен, үйымдастықтан аморфтікпен, бытыраңқылықпен, әлеуметтік топтағыдан аз, тұрактылығымен, біртектілігімен және біріккенділігімен (топтасқандығымен) сипатталады. Бұған көн бұқаралық саяси, әйелдер, экологиялық, спорттық және басқа да әлеуметтік қозғалыстар мен бірлестіктер мысал бола алады. Тайпа, ұлыс, ұлт этноәлеуметтік; әйелдер, балалар, жастар, зейнеткерлер және т.б. әлеуметтілік-демографиялық; қалалық және ауылдық халық, әртүрлі аудандар мен аймақтардың халқы және т.б. әлеуметтік-аумақтық қауымдастықтар болып табылады. Жалпы осы шекаралар шартты ғана, ейткені тапты, отбасын және ұлтты әлеуметтік топтың алуан түрі ретінде қарастыруға болады.

Әлеуметтік қатынастар – әлеуметтік өзара әрекет формаларының бірі, ол ұзақтығымен, ауқымды әлеуметтік байланыстарымен ерекшеленеді. Әлеуметтік қатынастар – ұзақтығымен, тұрақтылығымен, жүйелігімен және өзін-өзі жандандыруымен ерекшеленетін әлеуметтік әрекеттің бір формасы. Тұлғааралық, тапаралық, ұлтаралық және т.б. әлеуметтік қатынастарға мысал бола алады. Әлеуметтік қатынастардың өзіндік ерекшелігі, ең алдымен, олардың кешендік сипат алында, ейткені ол экономикалық, саяси немесе рухани қатынастарды қамтумен қатар қоғамдық қатынастардың бүкіл жиынтығын алғып

жүрушілері, субъектілері – тұлғаның және оның топтарының, қауымдастықтарының қатынастарын да қамтиды. Әлеуметтік қатынастар субъектілерінің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты, оларды әлеуметтік-топтық (таптар, әлеуметтік топтар, жіктер); әлеуметтік демографиялық (ер адамдар, әйелдер, балалар, жастар, зейнеткерлер және т.б.); әлеуметтік-этникалық (ұлт, ұлсыс, ұлттық және этнографикалық топтар және т.б.); әлеумет-кәсіби (еңбек ұжымдар, кәсіби бірлестіктер); тұлға аралық және т.б. әлеуметтік қатынастарға бөлінеді. Өзінің мазмұны жағынан да әлеуметтік қатынастар, яғни әлеуметтік субъектілер өзара қатынастарында (байлық, билік, мәртебе, білім және т.с.с) басшылыққа алатын мақсаттары және құнды бағыт-бағдарларының мазмұны бойынша да көп түрлі.

Әлеуметтік құндылықтар – жалпы көпишілік таныған мінез-құлықстандарты, яғни қоғамның немесе әлеуметтік топтың алға қойған мақсаттары жөнінде және сол мақсаттарға жеткізегі негізгі жолдар мен құралдар туралы сенімдер.

Әлеуметтік құрылым – қоғамның немесе әлеуметтік топтың ішкі құрылышы, белгілі шенберде әлеуметтік топтардың, институттардың өзара әрекеттерінің және олардың арасындағы қатынастардың реттелген жиынтығы. Әлеуметтік құрылымның негізіне қоғамдық еңбек бөлінісі, әртүрлі әлеуметтік топтардың ерекшеліктері және мұдделері, құндылықтары, нормалары және рөлдері, өмір салты және т.б. жатады. Әлеуметтік құрылым ұғымы «таптық құрылым» ұғымынан кең, ейткені ол қоғамдағы таптармен қатар, басқа да әлеуметтік топтарға, жіктерге және т.б. бөлінуін қамтиды. Әлеуметтік құрылым қоғамның тұтастығын және тұрактылығын сактауда және оның орнықты өмір сүруінде өте маңызды рөль атқарады. Әлеуметтік құрылым мәселесі әлеуметтік стратификация теориясының назарындағы басты мәселе.

Әлеуметтік мәдениет – адамдарға ортақ белгілі бір өмір салтымен байланысқан және бүкіл қоғам немесе әлеуметтік топтар шенберінде тәжірибелі тәртіпке келтіру және әлеуметтік реттеушілік қызметін атқаратын дүние. Құндылықтар, мінез – құлық нормалары мен ережелері туралы түсінік жүйесі. Әлеуметтік мәдениет қоғамдық өмірді ұйымдастырады, сол қоғам мүшелерінде немесе әлеуметтік топ мүшелерінде бірлік пен ұқсастық сезімін тудырады. Әлеуметтік мәдениет адам

жасағанның бәрін қамтып, қоғам, әлеуметтік топ мойындаған және менгерген ете күрделі де кең және көп жақты құбылыс. Ол материалдық заттар (ғимарат, еңбек құралдары, жыбықтар, кітаптар, суреттер, тұрмыстық заттар, діни храмдар және күльт заттары және т.б.) және материалдық емес рухани дүниелер (білім және идеялар, зандар мен нормалар, мінез – құлық ережелері және құндылықтар, тіл, дәстүр, салт және т.б.) формаларында өзінін көрінісін табады. Алдыңғы ұрпактар жасап, кейінгі ұрпактарға берілген, олар қабылдан, игерген мәдениеттің бөлігі мідени мұра болып табылады. Егерде әңгіме бүкіл қоғамның әлеуметтік мәдениеті туралы болмай, тек оның бөлімінің (әлеуметтік топ, қауымдастық және т.б.) мәдениеті жөнінде болғанда, субмәдениет ұғымы жиі қолданылады. Субмәдениеттің бір түрі – контрмәдениет.

Әлеуметтік мәртебе – белгілі бір құқықтар және міндеттер жиынтығымен байланысқан қоғамдағы тұлғаныннемесе әлеуметтік топтың жалпы қалыптық жағдайы.

Әлеуметтік мәртебе – тұлғаның, әлеуметтік топтың қоғамдағы жағдайының, орнының интегралды көрсеткіші. Бұл көрсеткіш олардың мамандығын, кәсібін, лауазымын, нақты атқаратын жұмысының сипаты, материалдық жағдайын, саяси ықпалын, партия және кәсінодақ мүшелігін, іскерлік байланыстарын, ұлтын, дінін, жасын, отбасылық жағдайын, туыстық байланыстарын және т.б. камтиды. Осылардың бәрін Р.Мертон «мәртебе жиынтығы» деп атаған. Әлеуметтік мәртебе түа біткен мәртебеге, яғни субъектінің еркінен тыс, дүниеге келгенде алғаш мәртебесі (нәсілі, жынысы, ұлты және т.б.) және қолы жеткен мәртебеге, яғни тұлғаның өз күшімен жеткен мәртебесі болып бөлінеді. Индивид әлгі екі мәртебеден тұратын аралас мәртебені де иеленеді. Әдетте тұлғаның бірнеше әлеуметтік мәртебесі болады, бірақ солардың ішінде біреуі басты мәртебе болып саналады (мысалы, жұмыс орнындағы қызметі).

Әлеуметтік мемлекет – халықтың (тіршілік) деңгейін арттыруға немесе тұрақты қамтамасыз етуге, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауга және жүзеге асыруға, заманауи деңсаулық сақтау, білім беру және әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесін жасауға, мүліксіз және аз мүлікті жіктерді қолдауға, әлеуметтік жан-жалдарға жол бермеуғе

және табысты шешуге және т.б. бағытталған демократиялық мемлекет.

Әлеуметтік мемлекет ұғымының айналымға кіргеніне көп бола қойған жоқ. Соған қарамастан ол ғылымда, саясатта, насиҳатта, публицистикада т.б. нық бекіді және белсенді қолданып келеді.

Әлеуметтік мобиЛЬДІК (лат. mobiles жылжымалы)

– жеке адамның немесе әлеуметтік топтың бір әлеуметтік жіктен (қабаттан) екіншісіне өтуі, әлеуметтік субъектінің әлеуметтік құрылымдағы орнының өзгеруі. Әлеуметтік мобиЛЬДІК ұғымын әлеуметтануға енгізіп, осы мәселені зерттеу үшін көп еңбек сінірген П.А.Сорокин. Ол әлеуметтік мобиЛЬДІКТІ индивидтердің бір әлеуметтік топтан басқа топқа ауысуын; әлеуметтік топтардың бірі жойылып, басқалардың пайда болуын; топтардың тұтас жиынтығы жойылып, олардың орнын басқа топтардың басуын түсіндірді. Әлеуметтік мобиЛЬДІК әлеуметтік өмірдің маңызды көрсеткіші, ол көптеген факторларға байланысты. Ол тарихи дамудың әртүрлі кезеңдерінде (мысалы, ол индустриалды, әсіресе постиндустриалды қоғамдарда, аграрлық, индустриалдыққа дейінгі қоғамдарға қарағанда айтартылған жоғары) және жекелеген елдердің біркелкі емес жағдайларында көп өзгешеленеді. Әлеуметтік мобиЛЬДІК ең алдымен горизантальдыға бөлінеді, мұнда ауысу қан-дай да бір әлеуметтік деңгейдің (мысалы мамандығын, лауазымын, жалақысын және т.б. өзгертпей ауылдан қалаға, бір аймактан келесі аймаққа өту) шеңберінде жүреді және вертикальдыға бөледі. Бұл әлеуметтік мәртебенің өсуі немесе төмендеуімен байланысты (мысалы, қызметте көтерілуі немесе төмендеуі, мамандықтың өзгеруі, біліктілік, білім деңгейлерінің өзгеруі және т.б.). Вертикальды әлеуметтік мобиЛЬДІК өз кезегінде өрлеу және құлдырау мобиЛЬДІГІНЕ бөлінеді. Вертикальды мобиЛЬДІКТІҢ жоғары деңгейде болуы қоғамның ашықтығының, демократиялығының маңызды көрсеткіштерінің бірі болып саналады.

Әлеуметтік мотивация(фр. motif талаптану, ниеттену)

– тұлғаныңнемесеәлеуметтіктоптыңбелсенділікпен қызметке іштей талаптануы, олардың мұқтаждықтарын тудыратын және осы белсенділік пен қызметтің бағытын анықтайтын ниет.

Адамдардың және олардың топтарының қажеттілікті қандай да бір мөлшерде ұғынуы олардың белсенділігінің, қызметінің басты қайнар көзі болып табылады, ал оның бағытталуы әлеуметтік субъектілердің менгерген құндылықтарға сәйкес әрекет етуге дайындығымен байланысты. Әлеуметтік мотивация индивидуалдық және топтық болуы да мүмкін. Әлеуметтануда әлеуметтік мотвацияны қызметке түрткі болатын және адамдарға қайсыбір стереотиптердің ықпалы себепші болатын мотивация деп қатаң бөлу орын алған.

Әлеуметтік неке – еркектер мен әйелдердің отбасылық одағының негізінде және күйеуі мен зайыбының бір-бірімен және олардыңата-ана ретінде балаларымен қарым-қатынастарын сәйкестендірілген нормалар көмегімен реттейтін әлеуметтік институт.

Әлеуметтік нормалар – адамдардың іс-әрекетін, қоғамдық өмірді белгілі бір мәдениет құндылықтарына сәйкес және қоғам тұтастығын, тұрақтылығын нығайтатын мінез-құлқытық, стандартты реттейтін ереже. Әлеуметтік нормалар әлеуметтік құндылықтар негізінде туындайды. Егер де әлеуметтік құндылықтар нақты әлеуметтік құбылыстар мен үрдістерге қатынасты көрсетсе, әлеуметтік нормалар олармен не істеуге және қалай істеуге болады деген сұрақка жауап береді. Сондықтан олар адамдардың тіршілік етуінің нақты жағдайында қолдануға болатын мінез-құлқының шекарасын анықтайтын адамдар мінез-құлқына, олардың улгісіне нақты заң іспетті. Әлеуметтік нормаларды бұзбау әдетте әлеуметтік марапаттаулар және әлеуметтік жазалар қолдану жолдарымен, яғни жагымды және келеңсіз санкциялармен қамтамасыз етіледі. Әлеуметтік нормалар ең алдымен құқықтық және моралдық болып бөлінеді.

Әлеуметтік өзгеріс – әлеуметтік жүйелердің, олардың элементтерінің бір жүйеден екінші жүйеге өтуі.

Әлеуметтік өлшем – сандықжәне бағалық негізде әлеуметтік құбылыстар мен процестер туралы әлеуметтану ақпаратын алу мен зерттеу процесі. Әлеуметтік өлшем – эмпирикалық әлеуметтану зерттеуінің негізі. Кез келген әлеуметтік объектінің өзіне тән қасиеттері, сипаттары, байланыстары мен қатынастары болады, оларды көністік пен уақыт, қайталану интенсивтілігін және т.б. белгілі бір

масштабта сандық көрсеткіштермен яғни шкала негізінде білуге болады. Әлеуметтік өлшемнің сапасы бір жағынан, оған концептуалдық, теориялық, ұғымдық амалдың дұрыстығына, екінші жағынан, құрал-жабдық деңгейіне, оны жүргізуіндік техникасына байланысты.

Әлеуметтік прогресс(лат.progressus – алға қарай қозғалыс, жетістік) – қоғамдық дамудың бағыты, онда қоғамдық өмірдің қарапайым және төменгі формасынан күрделі және жоғарғы формасына қарай қоғамның үдемелі қозғалысы іске асады. Әртүрлі бағыттарғы әлеуметтанушылар және саясаттанушылар әлеуметтік прогресті алуан түрлі түсінеді. О.Конт оны білім деңгейінің артуынан, Г.Спенсер әлеуметтік біртекестіксіздіктің есуінен көрді. Марксизм оны бір қоғамдық-экономикалық формациядан келесі жоғарғысына занды өту деп қарастырды. Э.Дюркгейм әлеуметтік прогресті механикалықтан органикалық бірдейлікке өту мәселесімен байланыстырды. Қазіргі әлеуметтану мен саясаттануда әлеуметтік прогресті көбінесе аграрлық, индустриалдыққа дейінгі қоғамдардан индустриалдыққа, одан постиндустриалдыққа қозғалумен байланыстырады. Әлеуметтік прогрестің критерилері туралы және олардағы объективтілік пен субъективтіліктің арасалмағы жөніндегі мәселе күрделі болып табылады, көптеген зерттеушілер әртүрлі шешім қабылдайды. Кейбір ғалымдар тарихи дамуды бірбағыттаемес, қоғамдардың бір-бірінентәуелсіз, параллелді қозғалыстары деп қарастырды. Екіншілері тарихты шенбер бойындағы циклдық қозғалыс, бейберекетсіз, маятниктік қозғалыс ретінде бейнелейді. Әлеуметтік прогресс қоғам дамуының жалпы бағытын айқындайды, бірақ ол уақытша және бірен-сараң тарихи бұрылыштардың, айналмалардың және бұлталактардың, тоқыраулардың, тұйыққа тірелетін ситуациялардың және жолдан қайту қозғалыстарының, жекелеген өркениеттердің құрып кетуі және т.б. болатынын жоққа шығармайды. Тек ескі, дәстүрлі, жалпак эволюционизм ғана тарихтың барысын теп-тегіс, жатық, үздіксіз дамитын етіп көрсетеді. Әлеуметтік прогресске қазіргі жаһандық мәселелер нақты қауіп-қатер төндіріп отыр. Әлеуметтік прогресске қарсы тұрган құбылыс-әлеуметтік регресс.

Әлеуметтік процесс (үдеріс) – қоғамның тіршілік әрекетінің, әлеуметтік өзгерістерінің, әлеуметтік динамикасының негізі және қайнар көзі. Негізгі әлеуметтік процестерді классификациялауды 20-жылдары америка әлеуметтанушылары Р.Парк және Э.Берджес ұсынды. Олар әлеуметтік процестердің келесі түрлерін бөліп көрсетті: коопeração, бәсекелестік, бейімделу, жанжал, ассимиляция, амальгамиация. Қазіргі әлеуметтану бұларға әлеуметтік топтарға тән әлеуметтік процестердің екі түрін қосады: шекараны және жүйелі байланысты қолдау. Шынайы өмірде әлеуметтік процестің аталмыш түрлері өзара тығыз байланысқан. Әлеуметтік үдерістер – әлеуметтік басқа да көптеген қымыл әрекеттерден бөлінген бір бағытты және қайталанатын әрекеттер мен өзара әрекеттер жиынтығы.

Әлеуметтік роль – тұлғаның әлеуметтік мәртебесімен және сол қоғамдағы тиісті мәртебенің адамдар үшін әдеттегідей болуымен байланысты тұлғаның күткен мінез-құлқы. Адамдардың мінез-құлқын әлеуметтік мәртебесіне сәйкес нормативті реттейтін әлеуметтік мәртебенің динамикалық мәселесі. Рөлдерінің осындай жиынтығын рөлдік жүйе деп атайды (Р.Мертонның анықтamasы бойынша «рольдік жиынтық»). Әлеуметтік роль формальді бекітілуіде мүмкін (мысалы, занды немесе басқа құқықтық актіде), формальді емес сипатта да болады (мінез-құлқының көптеген моральдік нормалары). Бір адам көбінесе бірнеше әлеуметтік рольді атқарады, осымен байланысты рольдік шиеленіс, тіптен рольдік жанжал пайда болуы мүмкін. Әлеуметтік рольден рольдік мінез-құлқыты айыра білу керек, соңғысы әлеуметтік жоспарланған күтілістегі мінез-құлқыты білдірмейді, керісінше ол рольді атқарып отырған нақты мінез-құлқын білдіреді.

Әлеуметтік санкция – қоғам мүшелерінің және олардың бірлестіктерінің әлеуметтік нормаларды орындаудын, бұзбауын қамтамасыз етуге бағытталған әлеуметтік реттеудің маңызды элементі.

Әлеуметтік санкция бұл әлеуметтік маңызды ситуацияда индивидтің ұстаған мінез-құлқына қоғамның немесе әлеуметтік топтың реакциясы; бұл әлеуметтік реттеудің әлеуметтік бакылаудың ең нақты құралы. Олар қоғам

мүшелерінің әлеуметтенуіне және әлеуметтік жүйелердің ықпалдасуына қызмет етеді. Әлеуметтік санкцияның сипаты қоғамның әлеуметтік даму деңгейімен, оның институттар жүйесінің жетілуімен анықталады. Өзінің мазмұны бойынша әлеуметтік санкция жағымды, марапаттаушы және келенсіз жазалаушы болады. Формасы бойынша әлеуметтік санкция құқықтық (яғни мемлекеттік заңда немесе әкімшілік нормативтік актілерде қабылданған) және моральдық міндет, қоғамдық пікір және т.б. күшімен орындалуы қамтамасыз етілетін моральдық пішінге бөлінеді.

Әлеуметтік-саяси ақпарат(лат.*infarmatio*-түсіндіру, хабар беру, мәлімет беру) – қоғам мүшелерінің арасында, олардың топтары арасында, әлеуметтік және саяси ұйымдар мен бірлестіктер арасында айырбас және олардың өз қызметтерінде қолданатын зат болып табылатын әлеуметтік және саяси өмір туралы білім, мәлімет, мағлұмат, хабар жиынтығы.

Әлеуметтік-саяси ақпарат коммуникацияда, адамдар арасындағы қарым-қатынаста, саясатта, қоғамды басқаруда, ғылым, оқу және тәрбие қызметінде, үгіт пен насиҳатта маңызды роль атқарады. Әлеуметтанушылар бүгінде «ақпараттық қоғам» жөнінде бекер айтып жүрген жок, онда ақпараттандыру қоғамдық прогрестің басты факторы ретінде көрінеді. «Инфократия» ұғымы пайда болып, ол әлеуметтік-саяси ақпарат билігі мағынасында қолданылады, дәлірек айтқанда әлеуметтік-саяси ақпаратты толық қолына жинаған элитаны білдіреді және оның қүшеюі авторитаризм және тоталитаризм тенденцияларын туыннатуы мүмкін. Әлеуметтік-саяси ақпарат қозғалысының үрдісі, оны алу, енгізу, тарату және байыту ақпараттық қоғам ретінде көрінеді. Одан әлеуметтік-саяси ақпараттың қайнар көзін, объектісін, оны тұтынуды және коммуникативтік құралдарды, олардың арасындағы байланыс арналарын айыра білуді қажетсінеді. Әлеуметтік-саяси ақпаратты өндіруде шешуші роль ғылымға тиесілі, ал оны қалыптастыру мен тарату-бұқаралық коммуникация құралдарына тиесілі. Әлеуметтік-саяси өмірде әлеуметтік-саяси ақпараттың толықтығы, негізділігі және сенімділігі мәселесі орталықмәселенің бірі болып табылады, өйткені оны өндіру мен таратудағы субъективтік ықпалдардан

және дезакпараттандыру мақсатында саналы бұрмалаулардан сактап қалуына кепілдік жоқ.

Әлеуметтік-саяси белсенеділік – қоғамдық өмірдің әлеуметтік және саяси құрылышын сақтауга және өзгертуге бағытталған адамдардың немесе әлеуметтік-саяси топтардың және бірлестіктердің саналы мақсатқа жетушілік өмір қызметінің көрінуі.

Әлеуметтік-саяси болжамдау – қандай да бір әлеуметтік және саяси құбылыстар мен процестерді, осы саланы бағдарламалау мен басқаруды оңтайландыру мақсатындағы дамудың накты келешегін зерттейді. Қоғам, мемлекет, саясат дамуы болашағын күні бұрын көре білу аса күрделі және қызын үдеріс, өйткені оларға көптеген саналатын алуан түрлі факторлар сөзсіз ықпал етеді. Өмірдің өзі осы салалардағы болжамдардың бәрінің бірдей іске аса бермейтіндігін көрсетті. Соған қарамастан әлеуметтік-саяси болжамдаусыз жоспарлар мен бағдарламалар құру, қоғамдық өмірге жетекшілік етүмен басқару мүмкін емес. Әлеуметтік-саяси жоспарлау экстраполяция, модельдеу әдістерін және эксперttік сауалнаманы қолдану негізінде іске асады. Әлеуметтік-саяси болжамдау үш түрге бөлінеді: қысқа мерзімдік (екі жылға дейін), орташа мерзімдік (5 немесе 10 жылға дейін) және ұзақ мерзімдік (10-20жыл, одан да көп жылдар). Әлеуметтік-саяси болжамдауда қабылданған шешімдердің таяу және алыстағы салдарларын анықтау міндеті өте манызды және өзекті.

Әлеуметтік-саяси дағдарыс – қоғам мен мемлекеттің сондайлық әлеуметтік-саяси қалпы, саяси-әлеуметтік қайшылықтардың тұтқылдан асқынуы негізінде олардың тұрақтылығын, байыпты өмір сүруі мен дамуын бұзады.

Әлеуметтік-саяси дисфункция – қайсыбір әлеуметтік немесе саяси жүйенің (қоғам, мемлекет, әлеуметтік топтар, партиялар) сыртқы ортада өмір сүруіне, тірі қалуына және бейімделуіне ықпал жасайды немесе өмір сүруін бұзады.

Әлеуметтік-саяси дисфункция – функцияға қарама-қарсы, бірақ ол абсолютті емес, біршама ғана. Олардың ара қатынасы статикалық емес, динамикалық болып табылады. Функция сиякты әлеуметтік-саяси дисфункция ашық (анық) және жабық (латенттік) болып бөлінеді.

Әлеуметтік-саяси жанжал – қоғамда әлеуметтік және саяси қарама-қайшылықтар дамуының жоғары сатысы, екі жактың (адамдардың, әлеуметтік және саяси топтардың, күштердің, институттардың т. б.) бір шама шиеленісті қактығысуын, қарама-карсы мұдделерді жүзеге асыру барысында олардың саналы түрде қайшылықты қүшейту тенденциясын сипаттайты. Әлеуметтік-саяси жанжал қоғамдық өмірдің барлық немесе тек қана жекелеген салаларын, жақтарын қамтуы мүмкін. Осымен байланысты олар жалпы немесе саяси, экономикалық, әлеуметтік, идеялық-рухани және басқа да болады.

Әлеуметтік-саяси жіктеліс – қоғамның, мемлекеттің және т.с.с. бөлшектену процесі, олардың құрамдас бөліктерінің шектелуі мен мамандандырылуы және оларда жаңа құрылымның, мәртебенің және функцияның пайда болуы. Көптеген әлеуметтанушылар-Г.Спенсер, Э.Дюргейм, М.Вебер, Т.Парсонс және т.б. оның қайнар көздерін, мәнін және рөлін әртүрлі түсінсе де, оған аса маңыз беріп, бұл мәселеге көп көңіл аударған. Әлеуметтік-саяси жіктеліс өндіргіш күштердің дамуымен, еңбек белінісімен, қоғамдық бөлүмен және басқа да факторлармен байланыстырылды. Ол көптеген негіздерде және бағыттарда, атап айтқанда әлеуметтік мұдделер, функциялар, мәртебе, мәдениет және т.б. орай жүреді. Жер шаруашылығынан мал шаруашылығының бөлінуі, олардан қолөнер мен сауданың, кейін ғылымның, білімнің, басқарудың және т.б. бөлінуі әлеуметтік-саяси жіктелістің әлеуметтік тұрғыдан мәнді тарихи мысалы бола алады. Бұғандегі әлеуметтік-саяси жіктеліс ғылыми техникалық революциямен және қоғамның акпараттануымен байланысты, бұлар жаңа мамандықтардың пайда болуына және ескі мамандықтардың, функциялардың, қызмет түрлерінің мазмұндарының жаңалануына әкеледі. Бұл әлеуметтік айырмашылықтар: әлеуметтік құрылымды, мәртебені, мұдделерді, құндылықтарды, нормаларды, рөлдерді, өмір салтын, дағдыларды және т.б. үлкен өзгерістерге соктырады. Әлеуметтік-саяси жіктеліс күрделі де қарама-қайшылықты үдеріс. Бір жағынан ол прогрессивті үдеріс, онсыз бұғандегі қоғамның және тұлғаның дамуы, олардың белсенділігі, шығармашылық қызметінің табысты болуы мүмкін емес; екінші жағынан ол дамуға келенсіз ықпал ететін әлеуметтік теңсіздікке соктырады. Әлеуметтік-саяси жіктелістің бір формасы-әлеуметтік стратификация.

Әлеуметтік-саяси зандар – қоғамның, мемлекеттің және басқа әлеуметтік-саяси күштердің, институттардың және т. б. сипатын және жалпы даму бағытын анықтайтын әлеуметтік және саяси құбылыстар мен процестердің арасындағы қажетті, мәнді, кайталанатын және тұрақты өзара байланыстар. Гегель, Конт, Маркс және т.б. әлеуметтік-саяси зандарды мойындаған, олардың ғылыми танымын және қолданудағы рөлі мен маңызын, мүмкіндігі мен қажеттігін мойындаған. Қөптеген қоғамтанушылар осы әлеуметтік-саяси зандарды танып білу қоғамдық ғылымдардың басты мақсаты болады деп есептеді. Әлеуметтік-саяси зандар қоғамдық-саяси дамудың негізгі бағытын, оның тенденциясын анықтайды. Бұл осы бағыттан қайсыбір кездейсок ауытқулардың болатындығын жоққа шығармайды. Адамдар әлеуметтік-саяси зандарды тоқтата алмайды. Олар адамдар қызметі арқылы көрінетін болғандықтан, соғысы олардың көріну жолына, формасына және тәсілдеріне маңызды ықпал етеді. Әлеуметтік-саяси зандар барлық әлеуметтік-саяси субъектілердің жиынтық әрекеттерінің негізінде қалыптасады. Оларды білу қоғам мен мемлекет дамуының жалпы жолдары мен перспективаларын ғылыми болжауға мүмкіндік береді және осы негізде оларға жетекшілік етіп, басқаруға болады.

Әлеуметтік-саяси идеал – қазіргі қоғамдық және мемлекеттік құбылыстың бейнесі, қоғамның әлеуметтік-саяси дамуын, оның құрылымын оптимизациялау жолындағы басты, түпкі мақсат.

Әлеуметтік-саяси институттар – біршама жоғары ұйымдаşқан әлеуметтік және саяси жүйелік түзілім, ол тұрақты құрылымымен, өз элементтерінің интеграциясының терендеуімен, олардың функцияларының көпжактылығы, икемдігі және қозғалмалығымен ерек-шеленеді. Әлеуметтік-саяси институттар-адамдардың қандай да бір нақты және маңызды қажеттіліктерін немесе тұлғалық, топтық немесе қоғамдық сипаттағы белгілі бір мақсаттарға жету үшін құрылатын бірлестігі. Қоғамәлеуметтік-саяси институттар құра отырып, өзінің тіршілік әрекетінің манызды салалары мен мәселелерінің өзара әрекеттерінің әлеуметтік және саяси нақты түрлерін бекітеді, әрі нығайтады, оларды сол

қоғамның барлық мүшелері үшін немесе әлеуметтік топтары үшін, сол мемлекеттің барлық азаматтары үшін немесе партия мүшелері үшін, басқа саяси ұйымдар үшін тұрақты және міндепті етеді. Әлеуметтік-саяси институттар-бұл отбасы, мемлекет, оның органдары(парламент, президент, үкімет, сот) партиялар, білім беру жүйесі, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету жүйелері, заводтар, банктер,рыноктар, ғылыми және мәдениет ұйымдары мен мекемелері, бұқаралық ақпарат құралдары, дін және т.б. Әлеуметтік-саяси институттарға өзара әрекет ететін субъектілердің функциялары мен құзырларын нақты шектеу, олардың әрекеттерін үйлестіру, қатаң бақылау мен реттеу тән. Әлеуметтік және саяси байланыстар, әлеуметтік-саяси институттардың негізіне жататын, институттық, әлеуметтік және саяси институттарды құру үдерісі институттендіру (институционализация) деп аталады.

Әлеуметтік-саяси институттендіру – қоғамдағы және мемлекеттегі адамдар қызметін ұйымдастырудың тұрақты формасы ретінде әлеметтік және саяси институттарды қалыптастыру, құру үдерісі. Әлеуметтік және саяси институттендіру адамдардың спонтанды, алдын ала болжаусыз әрекетін, мінез-құлқын нормативтік жолмен күні бұрын болжалдайтын, тәртіптелетін, ұйымдастырылатын, реттелетін әлеуметтік-саяси мәртебелері мен рөлдерін, құндылықтары мен нормаларын, бақылауды ұйымдастыруды анықтайтын және бекітетін әрекетке, мінез-құлқықа және т.с.с. алмастыруды білдіреді.

Әлеуметтік-саяси институттендіру қоғам мен мемлекеттің анық мәртебелік-рөлдік құрылымын құруға мүмкіндік береді, сейтіп оның тіршілік әрекетінің ұйымдастырылуын, реттеушілігін және тиімділігін арттырады. Әлеуметтену адам өмірінде қандай рөль атқарса, әлеуметтік және саяси институттендіру қоғам мен мемлекет өмірінде сондай роль атқарады.

Әлеуметтік-саяси коммуникация – тікелей қарым-қатынас және тиімді құралдарды пайдаланып ақпарат алмасу жолымен екі немесе одан да көп әлеуметтік және саяси субъектілер арасындағы өзара әрекеттік сепроцесі. XXғасырдың 20 жылдарынан бастап коммуникация мәселесіне

бихевиоризм, символдық интеракционизм, персонализм, экзистенциализм үлкен көніл аударды. Соңғы онжылдықта оған көп көніл бөлу «ақпараттық қоғам» теориясының жасалуымен, қоғам дамуындағы коммуникацияның орны мен рөлін абсолюттедірумен байланысты. Әлеуметтік және саяси өмірде бұқаралық коммуникация құралдарының-телефидар, радио, баспасөз, киноматография және т.б. қызметі аса маңызды, олар ақпаратты қалыптастыруды және халыққа таратуды қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік-саяси конвергенция – түрлі әлеуметтік және саяси жүйелердің, олардың құрылымдарының өзара байланысының, олардың, арасындағы әрекеттің күшесі мен терендеуі негізінде, олардың мәнді ерекшеліктерін бәсендегіп және FTP даму процесінде ортақ белгілердің айқын көрініс табуының және өндірісті қауымдастырудың артуы, дүние жүзінің интернационалдануы мен ауқымдалуының біртіндеп жақындаусы.

Әлеуметтік-саяси қиял - әлеуметтік-саяси фантазияның түрі, іске аспайтын арман, ғылыми дәлелденбеген жобалар, жоспарлар және т.б.

Әлеуметтік-саяси қозғалыс – адамдардың әлеуметтік және саяси езгерістерді қолдау немесе қарсылық көрсетуғе бағытталған ұжымдық әрекетімен байланысқан әлеуметтік және саяса процестердің бірден-бір формасы.

Әлеуметтік-саяси мониторинг (лат.monita-еске салатын, ескертетін) – қандай да бір әлеуметтік-саяси құбылыстың немесе үдерістің және оны болжамдаудың дамуы барысына бақылау жасау мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарының тұрақты, жүйелі ақпарат жинауы (мысалы, қоғамдық пікір мониторингі).

Әлеуметтік-саяси мұдделер-қоғамның, әлеуметтік топтардың немесе қауымдастықтың, партиялардың, үйымдардың, немесе қозғалыстардың әлеуметтік және саяси саладағы қажеттілігінің көрінісі, қоғамдық өмірде субъектілердің әлеуметтік-саяси әрекеттерінің себептері, қайнар көздері, талаптары, мотивтері қызметін аткарады. Әлеуметтік-саяси мұдделердің қоғамдағы айырмашылығы көптеген жағдайлармен байланысты, олардың ең бастысын әртүрлі әлеуметтік және саяси топтар мен тұлғалардың әлеуметтік-

саяси мәртебелерінің және рөлдерінің айырмашылықтары анықтайды. Әлеуметтік-саяси мұдделердің ортақтығы адамдардың әлеуметтік және саяси бірлестік шеңберінде бірігуінің және топтасуының негізін аткарады. Әлеуметтік-саяси шиеленістердің, әлеуметтік және саяси қақтығыстардың пайда болуының және шиеленісінің негізінде әлеуметтік-саяси мұдделердің маңызды айырмашылықтары және қарама-қайшылықтығы жатыр. Солай дегенмен, адамдар өздерінің шын мәніндегі әлеуметтік-саяси мұдделерін түсінбейді немесе жаман түсінетін болады. Әлеуметтік-саяси мұдделерді түсінудің өзі тұлғаның, топтың немесе қоғамның, партияның, ұйымның әлеуметтік-саяси мәртебесін басқалардікімен салыстыру үдерісінде жүреді. Әлеуметтік-саяси мұдделер қарама-қайшылықтарының терендеуі және шиеленісі-әлеуметтік-саяси жанжалдардың басты себебі болып табылады. Қоғамда оларды есепке алу, үйлестіру әлеуметтік саясаттың маңызды міндеттерінің бірі болып саналады.

Әлеуметтік-саяси олигархия(грек.oligarchia-азшылықтың билігі) – 1)аз ғана адамдар тобының, көбінесе аса байлардың ұstemдігін, саяси биліғін қамтамасыз ететін басқарудың демократиялық емес формасы;2) олигархияның басында тұрган басқарушы, билеуші элита.

Әлеуметтік-саяси өзара әрекеттер – бір-біріне себепші болатын әлеуметтік және саяси әрекеттер жүйесі. Мұнда әлеуметтік немесе саяси бір субъекттің әрекеті басқалардың оған жауап ретіндегі әрекеттің себебі мен салдары болып табылады.

Әлеуметтік-саяси өзара әрекеттер адамдар өзара терен, тұрақты және жиі бір-бірінің мінез-құлқына ықпал еткенде орын алады, соның нәтижесінде әлеуметтік және саяси қатынастар қайтадан басталады және өзгереді. Әлеуметтік-саяси өзара әрекеттердің формаларына әлеуметтік және саяси топтар мен қауымдастықтар, институттар, ұйымдар және т.с.с. жатады. Әлеуметтік-саяси өзара әрекеттер әртүрлі негіздерге орай: біржақты және екіжақты; ынтымақтасты және жаулы (антагонистік); қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді; ұйымдастық (мысалы, отбасында, партияда, мемлекетте

және т.б.) және ұйымдастырылған (мысалы, тобырда); тіке және жанама және т.с.с. болып бөлінуі мүмкін.

Әлеуметтік-саяси реттелу (лат. *regulare*-жөнгө салу, тәртіпке келтіру) - қоғам мен мемлекеттің, олардың құрылымдарының әлеуметтік-саяси өмірге, адамдардың, олардың топтарының, қауымдастықтарының және бірлестіктерінің әрекетіне және мінез-құлқына мақсатты ықпал ету үдерісі, бұл оларда қалыптасқан социомәдени және саяси түсініктеге, құндылықтар мен нормаларға сәйкес және әлеуметтік бақылау жүйесін пайдалануға орай жүреді.

Қоғам адамдардың ұйымдастырылған, тәртіптелген және өзін-өзі реттейтін қауымдастыры, олардың арасындағы әрекеттер, өзара әрекеттер мен қатынастар, әлеуметтік саяси реттеуде шешуші рөль атқаратын, оларда қалыптасқан мәдениетке негізделеді. Адамдардың мінез-құлқының негізінде олардың қоршаған әлем туралы түсініктегі, құнды бағыт-бағдарлары және қоғам мен мемлекет жасаған нормалар жатыр. Әлеуметтік-саяси реттеу әртүрлі сипатта болады: саяси, құқықтық, әкімшілік, моральдық, дәстүршілдік (яғни, салт пен дәстүрге) негізделген. Ол барлық деңгейде жүзеге асады: отбасынан, ұжымнан және басқа да шағын әлеуметтік топтардан бастап, қоғам мен мемлекетке дейінгі әлеуметтік-саяси реттеуде тұлғаның әлеуметтенуі, әлеуметтік-саяси өмірдің институттенуі, әлеуметтік бақылауды ұйымдастыру және оның әрекет ету механизмдері, қоғамдық пікірді қалыптастыру және оның қүшін пайдалану және т.б. маңызды роль атқарады. Осының бері қоғам мен мемлекетті берекетсіздіктен, дисфункционалдықтан, аномиядан т.б. қоргауға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік-саяси реформа – қоғамның эволюциялық дамуына сәйкес және жүргізілетін өзгерістердің біртіндеп іске асырылуымен, бір қалыптылығымен сипатталған әлеуметтік немесе саяси өзгерістердің бірден-бір формасы. Әлеуметтанушылар мен саясаттанушылар әлеуметтік-саяси өзгерістердің негізгі формаларын алуан түрлі сипаттайтының-эволюциялық және революциялық. Біреулері (мысалы, марксистер) эволюциямен тек сандық өзгерістерді байланыстыраса, екіншілері оны сапалық өзгерістермен байланыстырады. Басқалары эволюциямен, яғни әлеуметтік-саяси реформа негізінде сан-

дықпен қатар түбөгейлі, сапалық қайта құруларға жетуге болады деп есептейді. Тарихи тәжірибе көрсеткеніндей, әлеуметтік-саяси реформа тарихтың әртүрлі сатысында өзгеріссіз қалмайды: әлеуметтік-саяси реформаның көмегімен іске асыруға мүмкін еместі, мысалы XIX ғасырда, XX ғасырда іске асыруға болады еken. Бұл тұрғыдан алғанда қазіргі жағдайда, әсіресе терен, құрылымдық әлеуметтік-саяси реформаның маңызы ерекше артады. Әлеуметтік-саяси реформаның әдісін тауып жүргізу ете маңызды. Белгілі орыс-америка әлеуметтанушысы П.А.Сорокин осымен байланысты оның келесі мәселелерін атап көрсетті: реформа адам табиғатын таптамауы тиіс және оның базалық инстинкттеріне қайшы келмеу қажет; реформа жүргізу үшін алдымен нақты әлеуметтік жағдайларды жан-жақты ғылыми зерттеу керек; әрбір реформаны бастапқыда шағын әлеуметтік көлемде тестіден өткізу қажет; реформа өмірде құқықтық, конституциялық құралдармен жүзеге асуы тиіс.

Әлеуметтік-саяси тәрбие – тұлғаға ықпал жасаудың мақсатты бығытталған және жүйелі процесі, сол қоғамдағы өмірге дайындау мақсатында оның санасы мен мінез-құлқына әсер ету процесі; тұлғаны әлеуметтендірудің құрамдас бөлімі.

Әлеуметтік-саяси теңестіру – жеке адамның әлеуметтік-саяси қызметтің, әлеуметтік және саяси құндылықтар мен нормалардың жаңа түрлерін жемісті меншеру мақсатында өзін басқа адамдармен, олардың топтарымен және бірлестіктерімен психологиялық бірдейлестіру процесі.

Әлеуметтік-саяси теңсіздік-адамдардың әлеуметтік және саяси жағдайларының біркелкі еместігі, олардың қоғамдағы теңсіздігі, тарихтың түрлі кезеңдерінде және түрлі елдер жағдайларында нақты мазмұнымен көрінетін ерекшелік. Әлеуметтік-саяси теңсіздік қоғамның таптарға; әлеуметтік қабаттарға (жік) және топтарға, сословиелерге және касталарға тікелей бөлінуінен, адамдардың және олардың бірлестіктерінің саяси және құқықтық мәртебелерінің мәнді айырмашылықтарынан көрінеді. Оның негізіне әртүрлі жағдайлар жатуы мүмкін: меншікті, байлықты иеленудегі айырмашылықтар, басқару және билік жүйесіндегі рольдер мен мәртебелердің әртүрлі болуы, ерекше құқық пен женілдіктердің болуы, білім деңгейінде

және кәсіби дайындықтағы айырмашылықтар, аумақтағы мекен-жайы, этникалық және діни айырмашылықтар және т.б. Әлеуметтік-саяси теңсіздікті индивидуалдық теңсіздікпен шатастыруға болмайды. Адамдар кайсыбір катынастарда бірдей болған емес және болмайды да. Сондықтан индивидтердің абсолютті теңдігі болған емес, болмайды да. Әлеуметтік-саяси теңсіздіктің белгілі бір тарихи формаларын, олардың критерийлерін жоюға ұмтылыс бар. Теңсіздікті жоюға бағытталған ілім және әлеуметтік-саяси қозғалыстар эгалитаризм деп аталады. Әлеуметтік-саяси теңсіздікің рөлін және маңызын жоққа шығаруға да немесе абсолюттендіруге де болмайды. Тарихи тәжірибе көрсеткеніндей, бір жағынан, ол адамдардың инициативасын және белсенділігін, теңгермешілікті жоюға ынталандырып әлеуметтік прогресте өте маңызды рөль атқарады, екінші жағынан, әлеуметтік-саяси теңсіздіктің шектен асқан, өткір формалары әдетте бұқара халықтың наразылығының пайда болуына және шиеленісуіне, әлеуметтік-саяси шиеленістің артуына, әлеуметтік қопарылыстардан бастап саяси төңкерістерге дейін әкеледі.

Әлеуметтік-саяси элита – қоғамның иерархиялық әлеуметтік құрылымында негізгі бұқара көшшілікten белгілі бір ерекшеліктерімен айрықшаланып, жетекшілігі, женілдіктері бар және мемлекеттік билікке салмақты ықпал жасайтын немесе оны жүзеге асыратын адамдар тобы, жіргі.

Әлеуметтік стратификация – өздерінің әлеуметтік мәртебесімен өзгешеленетін қоғамдағы түрлі әлеуметтік жіктердің жіктелу процесі және нәтижесі. Әлеуметтік стратификация қоғамның әлеуметті біртекті еместігін, оның мүшелерінің және әлеуметтік топтардың әлеуметтік жағдайының бірдей еместігін, олардың әлеуметтік теңсіздігін бейнелейді. Қоғамның жіктерге (қабатқа) бөліну критерийлері объективті және субъективті болуы мүмкін. Бірақ, көбінесе мамандық, табыс, білім, престиж, тұланың өз әлеуметтік позициясын бағалауы және т.б. ерекшелейді. Әлеуметтанушылар әлеуметтік стратификация мәселесін әр түргыда қарастырганымен, олардың ортақ көзқарасы бойынша әлеуметтік стратификация қоғамның иерархиялық сипаты бар табиғи және әлеуметтік жіктелісі. Әлеуметтік стратификация теориясын жасауға әсіресе П.А.Сорокин үлкен

үлес қости. Ол қоғамның біртекті болмайтынын, жіктелісте болатынын жазды. Ол қоғамның топтарга бөлінетінін жоққа шығармады, бірақ модистік топтар теориясы қоғамның әлеуметтік құрылымын біржақты және қарапайым етіп көрсетеді деп санады. П.А.Сорокин вертикаль бойынша топ ішінде де әлеуметтік жіктелістің болатындығына бірінші болып көніл аударды.

Әлеуметтік таптар(лат.*classis-top*) – өз ішінде жалпы адамдарды принциптік әлеуметтік-экономикалық және саяси мәртебесіне қарай және сол мәртебеге орай бір-бірінен айрықшаланатын сапаларына сәйкес бірігетін ірі әлеуметтік топтар. Қоғамдағы таптардың бөлінуінің негіздері мен критерийлері жөніндегі мәселені әртүрлі зерттеушилер әр қалай шешті және шешіпте келеді. Бұрын таптарды бөлу теориясы ерекше кең етек алған еді, ол бойынша байлық, оның көлемі және оны алу тәсілдері тапты қалыптастыруышы басты белгілер болып есептелді (А.Смит, Д.Рикардо, Ф.Гизо, О.Тьери және т.б.). Сол кездегі қоғам, осымен байланысты, жер иесі ретінде рента алған феодалдарға, капитал иесі ретінде пайда табатын буржуазияға (капиталистерге); еңбегін иеленіп, оған жалақы алатын жұмысшыларға бөлінді. Осы көзқарастарға сүйенін, марксизм өзінің таптар теориясын жасады. Ол таптардың тарихи құбылыс екенін көрсетті, өйткені олардың бұрындары болмаған кездері болған (олар алғашқы қауымдық құрылышта болмаған) және олар мәнгі өмір сүрмейді (қоғамдық прогрестің жоғары сатысы-коммунизмде олар болмайды), таптардың басты белгілерін оның өндіріс құрал-жабдықтарына, меншікке қатынасымен анықталатын тарихи, нақты экономикалық жүйедегі орны мен рөлі белгілейді; таптар күресі қоғамдық дамудың өзегі және басты қозғаушы қүші, күрес жұмысшылардың билігін орнатуға әкеледі; соңғы өз кезегінде таптардың жойылуына жол ашады және тапсыз қоғам орнатуға өткізеді. Қазіргі батыс әлеуметтануы және саясаттануы қоғамның таптарға бөлінетінін жоққа шығармайды, сонымен қатар мұндай бөлудің ескіргенін немесе жеткіліксіздігін, біржақтылығын ескеріп, қоғамның әлеуметтік құрылымын сипаттауда алдыңғы қатарға әлеуметтік стратификация теориясын қойып отыр.

Элеуметтік топ – жеке адамдардың бірлескен, ынтымақтасқан әрекетті жүзеге асыру қажеттігін қанағаттандыруға бағытталған адамдардың, олардың бірлестіктерінің әлеуметтік өзара әрекетінің негізгі бір формасы. Элеуметтік топ ұғымы кең мағынада адамдардың отбасынан, құрбы-құрдастар тобынан бастап сол елдегі қоғамға дейін, тіптен бүкіл адамзатты қамтитын әлеуметтік бірлестік. Алайда, әлеуметтануда әлеуметтік топ көбінесе аса тар, өзіндік мағынада-белгілі бір жеке бастық, ұжымдық және қоғамдық мұddeлер мен мақсаттарды жүзеге асыру үшін біріккен адамдардың өзара әрекеттерінің жиынтығын білдіретін қоғам ішіндегі жүйе ретінде түсіндіріледі. Элеуметтік топ мүшелері өздерін онымен ұқсастырады және оның басқа мүшелерімен мойындалады (Р.Мертон). Элеуметтік топ саны бойынша-үлкен және шағын; өзара әрекеттік сиаптына қарай-біріншілік және екіншілік; өзара әрекетті ұйымдастыру және реттеу тәсіліне орай-формальді және формальді емес болып бөлінеді: Элеуметтік теңсіздік негізінде пайда болатын және тұлғаның орнын, мәртебесін анықтауда шешуші және ерекше маңызды рөль атқаратын көп санды және алуан түрлі әлеуметтік топтың арасында мәртебелі әлеуметтік топтар (топтар, әлеуметтік жік және т.б.) ерекше орын алады. Элеуметтік топтың қатарына әлеуметтік-топтық, әлеуметтік-этникалық, әлеуметтік-аумактық, әлеуметтік-кәсіби және т.б. топтар кіреді. Элеуметтік топты бір жағынан әлеуметтік қауымдастықтардан, екінші жағынан квазитоптардан айыра білу қажет.

Әлеуметтік төңкеріс – қоғам дамуындағы сапалық, терең төңкеріс, оның бүкіл саласын, бір әлеуметтік-экономикалық жүйені басқамен, одан жоғары прогресивтісімен алмастыру тәсілі. Элеуметтік төңкеріс мәселесіне марксизм әлеуметтануы көп көңіл аударған. Ол әлеуметтік төңкерістің әлеуметтік эволюциямен өзара байланысқан қоғамдық дамудың бір формасы ретінде қарастырады. Элеуметтік эволюция әлеуметтік төңкерістен бұрын жүреді де, оған негіз қалайды, әлеуметтік төңкеріс осы эволюциялық циклді аяқтайды және жаңа негізде әлеуметтік эволюцияға кеңістік ашады. Элеуметтік төңкеріс марксизм үшін-тариҳтың басты лакомотиві, бір қоғамдық-экономикалық формацияның басқасына ауысының занды, қажетті, объективті жолы, өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастар дамуының диалектикасы

негізінде жүзеге асатын қоғамдық прогрестің маңызды формасы. Әлеуметтік төңкеріс әлеуметтік эволюциядан екі негізгі моментпен ерекшеленеді. Онымен байланысқан өзгерістердің сипатының терендігі мен сапасына және олардың шапшаң, жедел жүзеге асуына байланысты айрықшаланады. Бұдан басқа көзқарастағы әлеуметтанушылар мен саясаттанушылар, әсіресе әлеуметтік-саяси эволюционизм позициясында тұрган, қоғамның бірте-бірте, бірқалыпты, баяу, эволюциялық дамуын оптимальды санайды, ал әлеуметтік төңкерісті тарихтың нормальды, табиғи барысынан ауытқу, аномалия санайды. Олар эволюциялық реформалардың көмегімен терең әлеуметтік қайта құруларды жүзеге асыруға болады деп есептейді, осымен байланысты әлеуметтік төңкерісті кездейсоқ, жанама, табиғилыққа қарсы және қажет емес оқиғаның барысы деп қарайды. Әлеуметтік төңкеріске олардың осылайша қарауын адамдардың жаппай қырылуы, ауыртпалыққа, өрескел зорлық-зомбылыққа, бей-берекетсіздікке ұшырауы анықтады. Әлеуметтік төңкерістің себептері, ең алдымен, объективті жағдайлармен байланысты. П.А.Сорокин, мысалы, оларды халықтың көпшілігінің негізгі инстинкттерін басып жашудан көрді. Сонымен қатар, әлеуметтік төңкерісте субъективті фактор, оның жетілуі үлкен рөль атқарады. Әлеуметтік төңкеріс типін оның шешетін міндеттерінің объективті мазмұны, сонымен қатар оның қозғауыш күштерінің сипаты және бұлардың алға койған мақсаттары анықтайды.

Әлеуметтік ұйымдар – белгілі бір мақсатқа жету үшін құрылатын құрделі, өзара байланысқан, өзара иерархиялық әлеуметтік жүйелер, екінші қатардағы ірі әлеуметтік топтар. Қолтеген әлеуметтанушылар әлеуметтік ұйымдарды әлеуметтік институттардың бір түрі ретінде, олардың құрделі түрі ретінде қарастырып, әлеуметтік ұйымдарды және әлеуметтік институттарды бірдейлейді, теңестіреді. Мысалы, мемлекетті және оның органдарын институт ретінде де және әлеуметтік ұйымдар ретінде де қарастыруға болады. Егер де осы құбылыстар шектелетін болса, онда әлеуметтік ұйымдардың сипатты белгілері болып төмендегілер саналады: а) мақсатты табиғат; б) мүшелерді мәртебе және бөлімдер бойынша бөлу; в) еңбек бөлінісі және оның функционалдық негізінде мамандануы

г) вертикальдық, иерархиялық қағидат бойынша басқаратын және басқарылатын жүйелерді құру; д) реттеудің және бақылаудың ерекше құралдарының болуы; е) жүйелі тұгастық. Әлеуметтік ұйымдар формальды және формальды емес ұйымдарға бөлінеді.

Әлеуметтік шындық – 1) кең мағынада-был бүкіл қоғам, бүкіл қоғамдық өмір, «органикалықтан жоғары» тұрған шындық, өйткені «әлеуметтік» және «қоғамдық», «социум» және «қоғам» ұйымдарды жиі бірдей лестіріледі, синоним ретінде қолданылады; 2) тар, әлеуметтанулық мағынада-ол әртүрлі деңгейлерде (тұлға, әлеуметтік топ, қоғам) адами өзара әрекеттерден туындаған құбылыстармен және үдерістермен байланысқан қоғамдық болмыстың бөлімі, жағы, қасиеті. Әлеуметтік шындық – өзінің тар мағынасында-әлеуметтанудың объектісі ретіндегі социум. Бұл қоғам өмірінің экономика, саясат және рухани сияқты бір саласы емес, керісінше адамдардың, әлеуметтік топтар мен қауымдастықтардың, жалпы қоғамның әрекеттері мен өзара әрекеттері, әлеуметтік шындық өзіне: тұлғаны, әлеуметтік байланыстар мен өзара байланыстарды, әлеуметтік әрекеттерді, өзара әрекеттер мен қатынастарды, әлеуметтік топтар мен қауымдастықтарды, әлеуметтік құрылымды, әлеуметтік институттар мен ұйымдарды, әлеуметтік құндылықтар мен нормаларды, әлеуметтік рольдер мен әлеуметтік бақылауды және т.б. қосып алған.

Б

Бас жиынтық – әлеуметтану зерттеуіне жататын барлық әлеуметтік объектілердің жиынтығы.

Басқару – қоғамды тәртіптеу, ерекшілік салаларын сақтау, жетілдіру мен дамыту мақсатында қоғамға ықпал ету.

Басқару аппараты (лат. *apparatus-жабдықтау*) – қайсы-бір басқарушы биліктің шешімін жүзеге асырумен шұғылданатын ұйымдар мен мекемелердің және олардың қызметкерлерінің жиынтығы.

Басқару аппараты әртүрлі негіздерге сүйеніп: мемлекеттік және мемлекеттік емес, қоғамдық-саяси (мысалы, партиялардың немесе қоғамдық ұйымдардың); орталық, аймақтық және жерғілікті және т.б. бөлінеді. Олардың әрқайсысы шектелген. Кез келген биліктің өмір сүруі үшін

басқару аппаратының рөлі аса маңызды, өйткені сол арқылы оның қоғам мен және оның құрылымдарымен тіке және кері байланысы жүзеге асады. Сонымен бірге, басқару аппараты биліктің өзін алмастырмауы тиіс, одан биік тұруға ұмтылмауы керек, мұндай жағдай әдетте биліктің бюрократиялануы кезінде болады. Демократиялық мемлекетте басқару аппаратының жұмысы азаматтық қоғам тарарапынан тұрақты бақылауда болуы тиіс. Басқару аппаратының қызметі тұрақты болуы қажет, тіптен басшы адамдар жиі ауысқанның өзінде басқарудың сабактастығын қамтамасыз етуі керек.

Бедел – белгілі бір тұлғаның немесе адамдартобының қоғамға немесе мемлекетке, әлеуметтік топқа немесе партияға, ұйымға, ұжымға т.б. жағдайға нақты немесе салмақты ықпал ететінін көрсететін жеке бастық және қоғамдық саласы, қоғамның, әлеуметтік топтың, ұжымның мемлекеттің, қоғамдық саяси ұйымның мойындауы.

Белл Даниел(1919 ж. т.) – американың белгілі әлеуметтанушысы, постиндустриалды қоғам тұжырымдамасының және деидеализацияның жетекші авторларының бірі.

Билік – әлеуметтік-саяси қатынастар жүйесі, өзінің ерік жігері мен беделіне, құқықпен моральдық нормаларға қашақтардан көрсету мен жазалауға, дәстүр-салтқа арқа сүйеген басқа адамдардың және олардың топтарының әрекеті мен мінез-құлқына шешуші ықпал жасай алатындағы кабілетті, құқ пен мүмкіндікті көрсетеді. Биліктің мәні үстемдік пен бағыныштылықта, ол басшы мен қол астындағы адамдардың қатынастарынан өзінің көрінісін табады.

Біріншілік топ – өзараәрекеті тіке, тұлға аралық сипат алған және өзара қолдауды жорамалдайтын топ.

Бихевиоризм (ағыл. *behavior-minez-kulky*) – АҚШ-та кеңінен тараған және адамдардың сыртқы ортаның ықпалына таза физиологиялықреттегі түсіндірілген реакциясына адамдардың мінез-құлқын өзінің пәні санаған позитивистік әлеуметтану мен психологияның бірден-бір маңызды бағыты. Бұның негізін калағандар американдық психологтар Э.Торндайк пен Дж.Б. Уотсон.

Бокль Генри (1821-1862 ж.) – көрнекті ағылшын әлеуметтанушысы, тарихшысы және позитивисі, әлеуметтанудағы географиялық бағыттың өкілі. Г.Бокль қоғамдық дамуды шешетін ауа райы, топырақ, жер бедері, азық-түлік ресурстары сияқты және т.б. географиялық және табиғи факторларға маңыздылық берді.

Оның басты еңбегі-«Англиядағы өркениеттің тарихы»(1857-1861ж.).

Буржуазия (фр.bourgeoisie) – индустріалды, капиталистік қоғамда биліктे тұрған тап. Ол орта ғасырдың аясында қоғамның жоғарғы үшінші жігінен, орта сословиесінен өсіп шықты. Буржуазия негізгі өндіріс күрал-жабдықтарының мешік иесі және жалдамалы еңбекті пайдалануға негізделген өндірісті ұйымдастыруышы.

Бюрократия (фр. bureau – бюро, канцелярия және грек. kratos билік) – 1) мемлекеттегі басқару әкімшілік жұмыспен, партиядагы және өзге аппараттағы басқарумен айналысадын және ұйымдық- саяси құрылуды қамтамасыз ететін және соған сәйкес биліктің мірсұруін қамтамасыз ететін, шенеуніктікапаратшылар, кең мағынада канцелярия қызметкерлері, кез келген мемлекетте болмай қоймайтын, кажетті қызметкерлердің жігі; 2) шенеуніктер мен бюрократтар аппаратының билігі. Бюрократияға тән белгілер – бұл жөнілдігінің болуы, билікшілдігі, авторитарлығы, тұжықтығы және әдеттен шықпаушылығы, иерархиялығы, көп сатылығы, конформизм, деперсонализациялануы, басқару қызметін және оның формаларының рөлі мен маңызын асыра көбейтуі. Элеуметтік-саяси ой тарихында, әсіресе бюрократия проблемасына М.Вебер, Т.Парсонс, Р.Мертон, А.Гоулднер және т.б. көп көңіл аударды.

B

Валидтық – алынған мәліметтердің сенімділік дәрежесін бейнелейтін әлеуметтану зерттеуінің негізгі саласы.

Вебер Макс (1864–1920) – көрнекті неміс әлеуметтанушысы және әлеуметшіл философи, «түсіну» әлеуметтануын және әлеуметтік әрекет теориясын жасаушы, қазіргі әлеуметтану ғылымын негіздеушілердің бірі. Тұлға және оның мінезд-құлкы М. Вебер әлеуметтануының басты көңіл қояр мәселесі болды, оларды зерттеу арқылы жалпы қоғамды және оның құрылымын, атап айтқанда, мемлекет пен дінді зерттеу кажет деп санады. Макс Вебер әлеуметтанудың пәні индивидтің әлеуметтік әрекетін «капитализм», «мемлекет», «қоғам» деп есептеп және тағы басқада ұғымдар арқылы түсіндірді. М.Вебер қоғамның дамуына сәйкес, әлеуметтік әрекеттердің ұтымдылықтың дәрежесі деп болжады. Ұтымдылық қағидатының толыктай іске асуы

капиталистік қоғамда батыстық түрде ерекше роль атқарады. Мұндай қоғамның қалыптасуы Вебердің ойынша протестантизм кәсіпкерліктің дамуына дүниетанымдық алғышарттарын және шаруашылықты тиімді жүргізуге, сондай-ақ үлкен салым түрлерін кіргізді, билік, құқық, дін, ұйым, әлеуметтану мәселелерін және тағы басқаларын зерттеуде үлкен үлес қости.

М. Вебердің негізгі еңбектері: «Протестант этикасы және капитализм рухы» (1904-1905ж.), «Тұсінуші әлеметтанудың кейбір категориялары туралы» (1913ж.), «Әлемдік діндердің шаруашылық рухы» (1915ж.) және т.б.

Веблен Торстейн(1857-1929ж.) – американ әлеуметтанушысы және экономисі, институционалдық мектеп өкілі. Авангардтың ролі қоғамдық қарама-қайшылықтарды шешуде, Веблен көзқарасы бойынша, өндірістің дамуында, ғылымның, техниканы дамытудың мүдделігін алып жүрушісі болып табылады және өзінің эволюциясында артта қалған институционалды формаларын жаңа технологиялық өзгерістерге сәйкестендіру үшін жеткілікті білімді және дағдыны менгерген.

Т. Вебленнің орыс тілінен аударған еңбегі: «Ойын-сауықшыл тап теориясы» (1948ж.).

Верификация (лат. *verificatio* – *растаяу*) – әлеуметтануда әлеуметтік объектінің теориялық үлгісінің шындықтығын, оны реалды ақиқатты тәжірибе мен эмпирикалық салыстыру жолымен тексеру. Верификация әсіресе әлеуметтану гипотезін ғылыми дәйектеуде ерекше маңызды.

Визе Леопольдфон(1876-1969ж.) – неміс әлеуметтанушысы, формальді мектептің өкілі, Кельн университетінің әлеуметтік ғылымдар институтының негіздеушілерінің бірі. Л. Визе әлеуметтанудың пәні етіп тұлғааралық және әлеуметтікті шығарды. Қалыптасудағы құрылымдар үрдістерінің жиынтығынан ол процестердің қоғамда мәнді сипаттамасы үшін әлеуметтік арақашықтық ұғымын пайдаланды. Л. Визенің ғылыми қызметі батыс әлеуметтануының кезеңдерінің арасын байланыстырып тұратын буын классикалық қызметін атқарды.

Л. Визенің басты еңбегі – «Жалпы әлеуметтану жүйесі» (1924-1929ж.).

Г

Гендер – жыныстың әлеуметтік сипаттарының жынтығы.

Гендерлік зерттеу – берілген мәдениет шеңберінде адамдардың мінез-құлықтарының ерекшеліктерін жынысына карал, яғни әйелдерге және еркектерге айырылуын ғылыми ізденістің негізі етіп алған әлеуметтану зерттеуінің түрі.

Географиялық мектеп – географиялық саланы қоғамдық дамудың шешуші жағдайы мен алғы шарты деп мойындайтын әлеуметтанудағы бағыттардың бірі. Географиялық мектептің әртүрлі өкілдері географиялық жағдайдың бүкіл жүйесінен оның қандай да бір элементін (климат, топырақ, аумақ, ландшафт, өзендер, флора және фауна, қойнау және т.б.) ерекше бөліп көрсетті. Географиялық мектеп идеясы әсіресе XVIII-XIX ғасырларда, соның ішінде ұлы географиялық ашулармен байланысты кең етек алды. Оның аса көрнекті өкілдері Ш.Монтесье, Г.Бокль, Ф.Ратцель, Э.Реклю, Ф. Ле Пле, Л.Фавр, Э.Хантингтон және т.б. Ресейде сондай позицияны Л.И.Мечников, С.М.Соловьев, В.О.Ключевский және т.б. ұсталды.

Гидденс Энтони(1938ж.т.) – белгілі ағылшын әлеуметтанушысы, әлеуметтануда конструктивті белсенді қызмет бағытын дамытушы, структурация теориясының авторы. Структурализм мен функционализм тұлға қызметінің маңыздылығын жеке есепке алмайды деп, құрылымдық функционализмді сынға алды. Гидденс герменевтиканы субъекті мен әлеуметтік объектіні қатты бөле- жарғаны үшін сынайды. Структурация теориясында Гидденс субъекті мен объектінің қабыспауын жоюға ұмтылады. Агенттер жасайтын әрекеттер жағдайы мен нәтижелері әлеуметтік жүйелердің құрылымдық ерекшеліктері болып табылады. Структурация теориясына сәйкес, әлеуметтік ғылымдардың пәні индивидуалды актердің тәжірибесі емес және қайсыбір социенталды жаппайлыш (тоталды) формасының өмір сүруі емес, керісінше кеңістік пен уақытта тәргітпелген әлеуметтік практика болып табылады. Әлеуметтік қызмет өзін-өзі өндіреді, қайталайды, соның арқасында адамдар өздерін көрсетеді. Өз қызметімен агенттер жағдайды қайта өндіреді, сөйтіп оны мүмкін етеді.

Оның негізгі еңбектері: «Капитализм және қазіргі әлеуметтік теория»(1971), «Әлеуметтану әдісінің жана ережесі» (1976), «Әлеуметтік теорияның орталық мәселелері»(1979), «Қоғамды

айқындау. Структурация теориясының элементтері» (1984), «Модернит және өзін-өзі ұқсату» (1990), «Ұлттық мемлекет және құштеу» (1985), «Шіншілжол. Әлеуметтік демократияны жаңаңау» (1998). Гипотеза – эмпирикалық немесе логикалық жолдармен растауды талап ететін, құбылыстардың өзара байланысы туралы жорамалдау. Гипотеза әлеуметтану және саясаттану зерттеулерінің барлық түрлерінде қолданылады және зерттеудің кез келген фазасында пайда болады және қалыптасады. Мысалы, қылмыскерлікті немесе басқа да девианттық мінез-құлықтың себептерін зерттеуде оның бір (тәрбие) немесе бірнеше (мысалы, табыс деңгейі, білімі және т.с.с.) факторлармен байланысының барлығы гипотеза ретінде ұсынылады. Зерттеу үрдісі барысында гипотеза эмпирикалық немесе логикалық жолмен дәлелденеді немесе жоққа шығарылады. Бұлар ғылымның дамуы үшін аса маңызды.

Д

Далалық зерттеу – жекелеген әлеуметтік объектіні табиғи, нормалды жағдайда әлеуметтанулық тіке және жан-жақты зерттеу. Далалық зерттеу қолдан жасалған жағдайда жүр-гізілетін зертханалық зерттеуден ерекшеленеді. Оның осындай артықшылығын көре отырып, оның шенберінде зерттеу объектісіне белгілі бір факторлардың ықпал ету жиілігін қамтамасыз ету қыныштырылған тұғызатынын естен шығармау керек. Соңықтан, нақты әлеуметтану зерттеуінде оларды үйлестіру керек, алынған ақпараттарды салыстыру қажет. Сонымен қатар, далалық зерттеу объектісінің репрезентативтілігін дұрыс бағалай білу аса маңызды, ол үшін әдетте ұқсас жағдайларда жүргізілетін бақылау эксперименттер анықталады. Далалық зерттеудің өзі: а) елі күнге белгісіз құбылыстарды, үдерістерді айқындау ізденістеріне; б) нақты практикалық мәселені анықтау және оны шешудің жолдарын белгілеу диагностикасына бөлінеді; в) табиғи жағдайларда ұсынылған гипотезаны (көзмелді) тексеру ретіндеғі далалық экспериментке ажырайды; г) бөлініп алынған әлеуметтік объектіге жан-жақты жүйелі талдауды қамтамасыз ететін монографиялыққа бөлінеді.

Данилевский Николай Яковлевич (1822-1885ж.) – ресей әлеуметтанушысы, этнограф және тарихшы. «Мәдениеттің тарихи типтері» теориясын жасаушы. Бұл теориялинияды

паралельді қоғамның мәдени түрлөрі, ерекше өркениеттер типтері, әлеуметтік жүйелердің «табиғи» дамуы тұжырымдамасынан тұрады. Ол европацентристік бір линиялы тарихи прогресс моделінің кемшіліктерін талпыныс ретінде, шығыстық және басқада аймақтардың ерекшеліктерін түсіндіру үшін пайда болды.

Н.Я.Данилевскийдің басты және ең белгілі еңбегі – «Еуропа және Ресей»(1869-1871ж.).

Дарендорф Ральф (1929 ж.т.)-немістің әлеуметтанушысы және саясаттанушысы, осы ғылымдардағы жанжалбағытының көзіргі ірі өкілі. Дарендорф әсіресе қазіргі әлеуметтік стратификация және әлеуметтік жанжалдартеориясын даярлауда үлкен үлес қосты. Оның тұжырымдамасы бойынша әлеуметтік жанжал кезкелген қоғамға тән, өйткені адамдардың үстемдік қатынастарына және бағынуына орай әрқашанда әр түрлі мұдделері болады. Әлеуметтік жанжалды талдауда XIX ғасырдағы К.Маркстің сіңірген еңбегін мойынданай отырып, Р.Дарендорф оның амалын ескірген деп есептейді, өйткені негізгі жанжал индустримальы қоғамдағы меншік қатынастар саласынан басқару саласына етті.

Д.Ральфтің негізгі еңбектері: «Әлеуметтік таптар және индустрналды қоғамдағы таптық жанжал» (1957ж.), «Қоғам және бостандық»(1961ж.), «Утопиядан шығатын жол»(1967ж.) және т.б.

Дәстүр –социомәдени мұраның бөлігі, әдетте оны ұзак уақыт бойы адамдар ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, сол қоғамның немесе әлеуметтік топтың құндылықтар жүйесіне енді. Дәстүр мұра объектілерінен ғана тұрмайды. Ол әлеуметтік мұралану үдерісінен және оның тәсілдерінен тұрады. Олар қоғамдық өмірдің барлық саласында көрінеді, әсіресе олардың дінде, ғылымда, өнерде, әдебиетте және басқа да кейбір салаларда маңыздылығы зор. Қоғам прогресімен байланысты жалпы дәстүрдің рөлі төмендейді. Мысалы, индустрналдыққа дейінгі қоғамда олардың қоғамдық функциялары индустрналдық қоғамдағыға қарағанда айтарлыктай кең болды. Дәстүрдің рөлін әлеуметтік бағалау нақты болуы тиіс. Дәстүрді мойындауға болмайды, өйткені ол қоғамның тарихи дамуының сабактастығын бұзуға әкеледі және оның тарихи тәжіриbesін жоюға соқтырады, оны абсолюттендіруге де болмайды, себебі ол қоғамдық өмірдің күні біткен фор-

маларын консервацияға, тоқырауға әкеледі. Ғылым мен өнер саясаты дәстүр мен жаңашылдықты оптимальды үйлестіре білумен байланысты.

Девианттық мінез-құлық немесе Девиация (лат. *deviatic-auitytқу*) – адамдардың немесе олардың топтарының барша жүрт мойындаған әлеуметтік әрекет пен қылық нормаларынан ауытқушылығы, бұл нормаларды бұзуға соқтыратын және әлеуметтік топтар немесе қоғам тарапынан оған назар аудартатын ауытқушылық. Девианттық мінез-құлық кең мағынада жағымды (батырлық, ерекше еңбек сүйгіштік, альтуризм, өзін-өзі құрбан ету, көрнекті роль немесе табысқа жету және т.с.с.) және жағымсыз (қылмыс, қоғамдық тәртіпті, мораль, дәстүр мен салттар нормаларын бұзу, айталау, өзіне-өзі қол салу және т.б.) мінез-құлық әлеуметтік нормаларынан кез келген ауытқушылық түсіндіріледі. Тар мағынада девианттық мінез-құлыққа бекіген құқықтық және адамгершілік нормаларынан келенсіз ауытқу саяды. Мұндай девианттық мінез-құлық әлеуметтік өмірдің шырқын бұзады, әлеуметтік аномияға әкеп соқтырады. Ол конформизмнің антиподы. Девианттық мінез-құлықтың әлеуметтік себептері, ең алдымен, қоғамның мәдени мақсаттарының және оларға жетудің әлеуметтік құралдарының арасындағы үзіліспен (Р.Мертон), әлеуметтік құндылықтардың, нормалардың және қатынастардың болмауымен, әлсіздігімен және қарама-қайшылығымен байланысты (Э.Дюргейм). Қоғам немесе әлеуметтік топ девианттық мінез-құлыққа жауап ретінде заңдық, адамгершіліктік және өзге де сипаттағы белгілі бір әлеуметтік санкцияны жасайды, сол арқылы өз мүшелерін комформдық мінез-құлқы үшін марапаттайтын және келенсіз мінез-құлқы үшін жазалайды, айыптайтын.

Демократия (грек, *demos*–халық және *kratos* – билік) халық билігі, халықтық билік, яғни саяси форма, ең алдымен мемлекет формасы, оның саяси режимі, онда халық саяси, мемлекеттік биліктің қайнар көзі және билікті қолына ұстаушы қызметін атқарады. Демократия мемлекеттік және мемлекеттік емес, қоғамдық-саяси ұйымдардың формаларында (партия ішілік демократия, өндірістік демократия және т.б.) көрінеді, бірақ оны мемлекет формасы, антидемократиялық авторитаризмге, тоталитаризмге, диктатураға,

деспотизмге, фашизмге және т.б. қарсы саяси режим формасы ретінде түсіну кеңінен тараған. Демократияның маңызды белгілері болып табылатындар: адам мен азаматтың құқы мен бостандығын сақтауға кепілдік, соның ішінде сөз, жиналыс, ұйым құру еркіндігі; әлеуметтік-саяси плюрализм; жариялық; жогарғы органдарды жасырын дауыспен жаппай, тіке және тен сайлау құқы негізінде сайлау және олардың халық алдында есеп беруі; азшылықтың ұстанымын есепке алып, көпшілік дауыспен мәселелерді шешу және т.б. Өзінің формасы, жүзеге асу тәсілі бойынша демократия тікелей және өкілетті болып бөлінеді. Тікелей демократияда халық өзі шешім қабылдайды (референдум, тіке дауыс беру, жалпы халықтық талқылау және т.б.), ал өкілетті демократияда шешім депутаттар немесе басқа да халық өкілдері арқыды қабылданады.

Демократия – ұйымдарды онтайландырудың, қоғам мен мемлекеттің өмір сүруі мен жетілдірілуінің, тұлғаның еркін дамуының маңызды және әмбебап саяси жағдайы мен құралы.

Демократияландыру-қоғамдық өмірдің барлық жақтарын, ең алдымен әлеуметтік-саяси қатынастарды шынайы халық билігі мен гуманизм, адам құқығының басымдығын мойындау негізінде қайта құрудың басты бағыты. Азаматтың қоғам мен құқықтық мемлекет құру демократияландырудың ортақ әлеуметтік-саяси негізгі қызметін атқарады. Демократияландырудың өзі азаматтардың, олардың бірлестіктерінін, халықтардың және т.б., оларды кеңейтуді мойындау және заңмен бекіту жеткіліксіз, құқықтары мен бостандықтарынан көрінеді. Осы құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыру бәрінен де ерекше маңызды. Жариялықты кеңейту және жетілдіруде; әлеуметтік-саяси және ұлттық тенденциялардың толық және табанды жүзеге асыруда; сайлау жүйесін жетілдіруде; парламентаризм және билікті бөлу қағидатын жүзеге асыруда; халықтарды нақты өзін-өзі билеу құқымен қамтамасыз ету; билікті және басқаларды деорталықтандыру; адам құқын қатаң, табанды және нақты орындау және олардың басымдығын мойындау; жергілікті және қоғамдық өзін-өзі басқаруды дамыту және т.б. демократияландырудың нақты көрінісі болып табылады. Демократияландыру ұзак

уакыт авторитаризм мен тоталитаризм жағдайында дамыған елдердің осы жолға түсінен анық байқалады.

Деспотизм(грек.despotes-әмірші, билеуші) – биліктің шексіз, абсолюттік, самодержавиелік формасы, бұған басызың, биліктің өз бетімен болуы, озбырылық, есерсоктық, қол астындағылардың еркін өрескел және қатал басып жаншу және олардың құқықсыздығы тән.

Диаспора(грек.diaspora - шашырау) - қайсыбір этностың (немесе діни топтардың) өз елінен басқа елде тұрақты әмір сүріп жатқан көп санды бөлігі. Бастапқыда диаспора ұғымы екі жарым мың жылдықтан бұрын палестинадан тыс жерлерге қоныстана бастаған еврейлерге қатысты қолданылды. Кейін ол басқа да ұлттық (этникалық) топтарға және діни азшылықта тарады, әсіресе көптеген халықтардың айтарлықтай бөлігінің басқа елдерге қоныстануына, көші - қонына байланысты пайдаланылады. Диаспора соғыстардан, ұлтаралық және діни жанжалдардан, геноцид қауіп катерінен қашудан, күштеп қоныстандырудың, әртүрлі әлеуметтік-экономикалық және өзге де факторлардың әрекетінің нәтижесінде пайда болды. Бұгінде ерекше ірі диаспоралар – еврей, армян, украин, қытай және т.б.

Дискурс әлеуметтік-саяси(лат.diskursus-ойлау, сөйлемсу, дәлел)- әлеуметтік немесе саяси топтың, қоғамның, мемлекеттің ортақ пікірін, позициясын жасау, яғни консенсусқа келу мақсатында әлеуметтік және саяси субъектілердің жиынтығы, әртүрлі пікірлерді, бағдарламаларды және позицияларды талқылаудан, салыстырудан және негіздеуден тұратын тілдік коммуникацияның түрі.

E

Егеменді мемлекет – ел ішінде мемлекеттік биліктің бәрінен жоғары тұруы мен толықтығы және оның сыртқы саясаттағы тәуелсіздігі.

Егеменді ұлт – ұлттың немесе басқа этноәлеуметтік қауымдастықтың адамдарының өз мәртебесін нақты анықтаудағы өз тағдырын, өз даму жолдары мен формаларын айқындаудағы толыққанды билігі.

Егеменді халық- жоғарығы биліктің халыққа тиесілігі, оның толық біліктілігі. Халық егемендігі қоғам мен мемлекетті

баскаруға бұқара халықтың қатысуының шынайы жолдарын, формаларын және құралдарын қамтамасыз ететін шынайы демократиялық биліктің маңызды әлеуметтік – саяси негізі. Референдумдар мен еркін сайлаулар халық билігінің ең жоғарғы айқындығын білдіреді.

Екіншілік топ – белгілі бір мақсатқа жету үшін өзара әрекетке түсетін және формальды-іскер сипат алған топ.

Еңбек бөлінісі – қоғамдағы дамудың маңызды кайнар көздерінің бірі болып қызмет атқаратын тарихи дамушы еңбек әрекетінің жіктелісі. Еңбек бөлінісі қоғамның әлеуметтік және кәсіби құрылымын анықтайды, сонымен қатар оның өзіде осы құрылымының өзгерісінің сипаты мен қарқынына көп тәуелді болады. Ол бір мезгілде әлеуметтік жіктелістің және әлеуметтік ықпалдастықтың негізі, кайнар көзі болып табылады. Э. Дюргейм өзінің «Қоғамдық еңбек бөлінісі туралы» енбегінде еңбек бөлінісінің қоғам дамуындағы орнына, рөліне және маңызына ерекше назар салған. Еңбек бөлінісін екі негізгі формаға – қоғамдық еңбек бөлінісі (ой және деңе енбегі, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы енбегі және т.б) формасына және жекелеген кәсіпорындардың ішіндегі еңбек қызметінің, мамандықтың ерекшеліктерімен байланысқан кәсіпорын ішкі еңбек бөлінісі формасына ажыратады.

Ж

Жанжалтану – әлеуметтанудағы, саясаттанудағы, философиядағы бір бағыт, әлеуметтік, саяси және өзге де шиеленістердің пайда болуын, қалыптасуын, дамуын және шешілуін зерттейді және оны қоғам дамуындағы негізгі немесе аса маңызды фактор деп мойындайтын ғылым.

Жаһандану – әлемді тұтас экономикалық, саяси және социомәдени жүйе ретінде түсіну.

Жаһанданудың қазіргі мәселелері – жалпы адамзаттың аса өткір, өмірішөң маңызды проблемаларының жынтығы, оларды шешу әлем қауымдастырының барлық елдерінін күшін біріктіруді талап етеді.

Жұмысшы табы – тікелей өнімді еңбекпен айналысатын, меншіктің түрлі формаларындағы кәсіпорындарда жалдамалы жұмыс істейтін және өз жұмыс күшін колданумен негізгі табыс табатын қазіргі қоғамның бірден бір басты табы.

Жұмысшылар XVI ғасырда пайда болды, яғни капитализмнің пайда болуының бас кезінде шыкты. Бірак ол әліде қалыптасып бітпеген жұмысшы табы еді. Оның ерекше өндірістік жұмысшы табы ретінде көрінуі мен қалыптасуы өнеркәсіп революциясымен байланысты (мысалы, Англияда XVIII ғасырдың ортасы мен екінші жартсында). Содан бері жұмысшы табының саны, ұйымдық – саяси пісіп жетілуі тоқтаусыз артты, XIX ғасыр ортасында ол маңызды өзбетінше саяси күшке айналды. Жұмысшы табының саны XIX ғасырда 10 млн. адамды, XX ғасыр басында шамамен 70 млн., ал қазіргі кезде 700 млн. астам адамды құрайды. Қазіргі жұмысшы табы XIX ғасырдағы, тіктен XX ғасырдың ортасындағы жұмысшылардан енбектің сипаты мен мазмұны бойынша, жалпы білім беретін және кәсіби дайындығы бойынша, мәдени деңгейі, материалдық қамтамасыз ету, өмір салты және т.б. бойынша мәнді айырмашылығы бар. FTP ықпалымен жұмысшы табының құрамының құрделенуі және шекарасының құрделенуі жүруде. Қазіргі жұмысшы табы өнеркәсіpte, құрылышта және транспорттағы жұмысшылар ғана емес, олар саудада, қызмет көрсету саласында жұмыс істейтіндердің басым көпшілігі, техникалық мамандардың көпшілігі, кенсе және бюро қызметкерлерінің бөлігі және т.б. Бұғанде жұмысшы табының қатарына физикалық енбекпен айналысадындарды жатқызу негізсіз. Қазіргі жұмысшылар кәсіпорындардың қосалқы меншік иелері (акция, ұжымдық меншік және т.б.). Марксизм қоғамдық дамуда жұмысшы табына ерекше маңыз береді. Маркстік емес өткен және бүгінгі әлеуметтік – саяси тұжырымдамалар оны жоққа шығарады.

3

Зерттеу бағдарламасы – әлеуметтану зерттеуінің мақсаты ретінде жалпы тұжырымдамасының бастапқы кезеңін баяндау, сонымен бірге оны жүргізудің нақты жоспары.

Зиммель Георг (1858–1918) – неміс әлеуметтанушысы және философы, «формальды» әлеуметтануды жасаушы әрі қазіргі әлеуметтандың негізін салушылардың бірі. Г.Зиммель социология мен эволюционизмді қарама-қарсы етіп, әлеуметтану талдауының пәніне барлық өзгерістердің нақты тарихи мазмұнын сактайтын әлеуметтік өзара әрекет формаларын жатқызды. Осы амалдың шенберінде ол келісім,

кикілжің, бәсеке, үстемдік, бағыну және т.б. тұракты, әмбебап әлеуметтік формаларды талдады. Г.Зиммель әлеуметтану та-
нымын, мәдениетті, дінді және т.б. дамыту үшін көптеген
құнды идеялар берді.

Г.Зиммельдің негізгі еңбектері: «Ақша философиясы» (1900), «Дін»(1909), «Әлеуметтік жіктеліс» (1909), «Қазіргі
мәдениет кикілжіңі»(1923).

И

«Идеалды тип»—М.Вебердің әлеуметтік-тарихи зерттеу тұжырымдамасының маңызды категориясы, бұл идеалды үлгінің абстрактілі-теориялық көрінісі, дәуірге сәйкес жалпы ұтымды құндылықтар бағытының эталоны және әлеуметтік ақиқатты тану туралы қызметті атқарады.

Идеология – қоғамның немесе оның бөлігінің(таптар, әлеуметтік қабаттар, топтар, партиялар және т.б.) мұдделері мен құндылықтарын білдіретін идеялар жүйесі.

Иммиграция(лат. *immigrare* – орналастырылу) – адамның шет мемлекет аумағынан қайсібір елге ұзак уақытқа немесе тұракты тұруға коныс аударуы.

Иммиграцияға әртүрлі себептер мен факторлар ықпал етеді, әсіресе экономикалық, саяси, ұлттық, діни және т.б. Ол көптеген мемлекеттердің пайда болу және даму үдерісінде (мысалы, АҚШ, Австралия, Жаңа Зеландия, Канада, Израиль және т.б.) маңызды роль атқарады. КСРО – ның ыдырыумен байланысты, бұрынғы КСРО-ныңкөптеген республикаларында саяси, экономикалық, ұлтаралық және дінаралық ситуацияның шиеленісінде орай иммиграция шұғыл күшейді. Мұндай иммиграция ерекше интенсивті.

Иммиграция Закавказья, Балтық жағалауы, Орта Азия мен Қазақстанда жүріп, ол мындаған, миллиондаған адамдарды қамтиды.

Индустриалды қоғам дамуының тарихи салынысы, оған жогарғы деңгейдегі өнеркәсіп өндірісі, оны механикаландыру, дамыған еңбек бөлінісі және оның мамандандырылуы, ғылыми - техникалық революцияның жетістіктерін колдану, әлеуметтік-саяси өмірді үйымдастыруда ілгерілеу, икемділік және ашықтық тән. Индустріалды қоғам теориясын еткен ғасырдың 50 жылдарының екінші жартысы

—60 жылдардың басында француз философы әрі әлеуметтанушысы Р.Арон және америка экономисі У.Ростау ұсынды, ол 70 – шы және одан кейінгі жылдарда америка әлеуметтанушылары мен саясаттанушылары Д.Белл, З. Бжезинский, Э. Тоффлер, француз әлеуметтанушысы әрі саясаттанушысы А. Туренниң және т.б. постиндустриалды қоғам тұжырымдамаларында одан әрі дамытылды. Осы теориялар шеңберінде анық шекара, атап айтқанда, индустріалдыққа дейінгі (аграрлық) мен индустріалдық қоғам арасында жүргізілген. Екіншіде біріншімен салыстырғанда ауыл шаруашылығы емес, өнеркәсіп өндірісі басым болады, қоғамдық өмірде дін қызметшілері және феодалдар емес, өнеркәсіпшілер, бизнесмендер шешуші рөл атқарады; басты мақсат пен құндылық билік емес, ақша, байлық болады; әлеуметтік ұйымдардың ортасында шіркеу және армия түрмайды, керісінше корпорация және тағысын тағылар тұрады. Индустріалды қоғам қатарына бүгінгі өнеркәсібі дамыған елдердің басым көпшілігі жатады.

Институттендіру(институциолизация) – қоғамдық маңызы бар қажеттіліктерді қанағаттандыруға қабілетті әлеуметтік нормаларды, мәртебелерді және рөлдерді анықтау және бекіту, оларды жүйеге келтіру үдерісі; қоғамдағы адамдар қызметін ұйымдастырудың тұрақты формасы реңінде әлеуметтік институттарды құру үдерісі.

Интеллигенция (лат. *intelligens* – білетін, ойлайтын, саналы) – адамдардың әлеуметтік тобы, жігі, негізінен жоғары мамандандырылған ой енбегімен кәсіби айналысатын және ол үшін қажетті арнайы жоғары білімі бар адамдар.

Интеракция – индивидтердің әлеуметтік өзара әрекеттері үрдісін және жекелеген актілері.

Интеграция – (лат. *interatio* – қалыпта келтіру, орнын толтыру) – елдердің қандайда бір білімдері, элементтерінің өзара байланысы, өзара әрекет етуі, жақындастыру мен біртұтастыққа бірігу үдерісі және нәтижесі, олардың экономикалық, әлеуметтік және саяси құрылымдарының, мәдениеттің, әлеуметтік және саяси топтардың, этностардың, партиялардың, қозғалыстардың, ұйымдардың және т.б. ықпалдасуы.

Интеграция құрделі, қошқақты, көп деңгейлі және қарама – қайшылықты үдеріс. Ол қоғамдық өмірдің барлық саласын – экономиканы, саясатты, әлеуметтік және рухани өмірін

камтиды. Интеграция жаһандық, аймақтық және мемлекеттік деңгейде жүреді, елдер мен халықтар өмірінің жоғары деңгейде интернационализуның нәтижесі ретінде көрінеді. Интеграция үдерістерді аймақтық деңгейде алғашқыда Батыс Еуропада Еуропа экономикалық бірлестігі (ЕЭБ) түрінде құрылды да, ол 1992 жылы Еуропа Одағына (ЕО) құрады, қазіргі кезде оның құрамында 28 ел бар. Интеграция үдерісі әлемнің басқа да аймактарында жүруде.

K

Капитализм (лат. copitalis – басшы) - адамзаттын, қоғамдық-экономикалық формациядамуның тарихи бірсатысы. Марксизм түрғысында ол буржазия табының (капиталистердің) негізгі өндіріс құрал – жабдықтарына жеке меншігіне негізделген, мұндай құралдары жоқ жалдамалы жұмысшылар (пролетариат) олардың қанауына негізделген. Капитализмге кен, терең және жан – жақты сипаттама берген марксизм болды, ең алдымен ол К.Маркстің үш томдық «Капитал» атты еңбегінде баяндады. Капитализм – бұл қоғамдық өмірдің феодалдық бастауларынан бас тарту; тауар – акша жағдайында кәсіпкерлік еркіндігі, тауар өндірушілер арасындағы нарықтық қатынастар бостандығы; жалдамалы енбекті қанау үдерісінде барынша пайда табу қағидатының ұstemдігі; машиналы техникаға негізделген өндіргіш күштер даму деңгейінің феодализммен салыстырғанда аса жоғары болуы; кәсіпорындарда терең мамандандырылған және ұтымдылығы артқан өндіріс пен енбекті ұйымдастырудың жаңа формаларын жасау; іскерлік бағыт – бағдар ұстанған жаңа түсініктерді, құндылықтарды және нормаларды нығайту, индивидуализм және т.б.

Марксизм капитализмнің көптеген белгілерін дұрыс анықтады, сонымен бірге ол капитализмнің тарихи мүмкіндігін және оның даму перспективасын жете бағаламады. Капитализмнің көптеген маркстік емес тұжырымдамалары ең алдымен А.Смит, Дж.С.Милл, М.Вебер, Т. Веблен, В.Парето, В.Зомбарт, Дж. Кейнс, Й.Шумпетер, Д.К.Гелбрейт және т.б. енбектерінде көрініс тапты. Капитализмді қазіргі зерттеушілер көбінесе капитализм туралы әнгіме қозғамайды, керісінше посткапиталистік, постиндустриалды қоғам жөнінде сөз қозғайды, ал капитализмнің езін индустріялы қоғам деп атайды.

Квазитоп - субъектілер арасында байланыстар мен өзара әрекеттердің спонтанды пайда болуы, тұрақсыздығы, қысқа мерзімдегі және тар қолемдегі тән адамдардың жынтығы. Адамдардың топтарға біргігінің бәрі бірдей әлеуметтік топтың құра бермейді. Тобыр, лекция тындаушылар, қоғамдық көлік жүргіншілері, дүкендердегі сатып алушылардың кезегі – осының бәрі адам топтары екендігі сезсіз, бірақ олар әлеуметтік топтар емес, өйткені олардың біргігі терең, кең, шағын және ұзақ уақыттық әлеуметтік өзара әрекетке негізделмеген, сондыктан олар көбінесе кездейсоқ сипат алады. Квазитопта әдетте әлеуметтік бақылау және әлеуметтік реттеушілік болмайды немесе әлсіз болады. Квазитоп қысқа уақыт өмір сүріп тарайды немесе белгілі бөлігі бір жағдайлар мен факторлардың ықпалымен әлеуметтік топтарға айналады.

Ковалевский М.М.(1851-1916ж.) – Ресей әлеуметтанушысы, тарихшы және құқықтанушы, «генетикалық әлеуметтанудың» негізін салушы. Оның әлеуметтанулық зерттеу амалының негізін, әртүрлі халықтардың ортақ саяси, зандық және де басқа сипаттарын бөліп көрсетуді ойластырган салыстырмалы-тарихи әдіс құрады. Салыстырмалы – тарихи әдіс М.Ковалевскидің әлеуметтік құбылыстардың генетикалық туыстығы туралы қорытынды жасауға, олардың дамуының жалпы тенденциясын белгілеуге мүмкіндік берді. Ол әлеуметтік прогрестің мазмұнын «адами ынтымақтықтың өсуінен», бейбітшілік саласының кеңеюінен көрді. Інтымақтық – қоғам өмірінің нормасы, ал таптық күрес нормадан ауытқу. М.Ковалевский революцияның үкімет қателігінің нәтижесі ретінде, қоғамдық қарала-қайшылықтарды шешудің табиғилықка қарсы формасы ретінде қарастырады.

М.Ковалевскийдің негізгі еңбектері: «Қазіргі демократияның шығуы»(1895-1897), «Отбасының және меншіктің шығуы мен дамуының очеркі»(1895), «Заманауи әлеуметтану»(1905), «Әлеуметтану» (1910) 1,2 том, «XIX ғасыр сонындағы әлеуметтану дамуының тарихи очеркі»(1914) және т.б.

Консерватизм – идеялық және әлеуметтік-саяси ағым, тарихи калыптасқан қоғамдық және саяси құрылыштың формасы, оның принциптерін, бастаулары мен дәстүрін сақтауға, сондай-ақ қоғамдағы және мемлекеттегі жаңалауларға, қайта құруларға қарсы бағытталған әрекеттер.

Конструктивтік (лат.*constructio* – құрылу) – қандайда бір мәселені, проблеманы жағымды, өнімді және тиімді шешуге жауап беретін саясаттың, теориясының, бағдарламалардың, позициялардың, идеялардың, ой – пікірлердің қасиеті.

Конструктивтікке қарама – қарсы мазмұнсыз, даурықпа, жаңа шешендік, популизм, кәсіби емес, женіл – желпі идеялар, ұсыныстар және т.б. түр. Конструктивтік халықаралық келісімдер жүргізу үрдісінде, курделі мәселелердің шешімін іздестіруде, компромис пен келісімге келуде аса қажет.

Конт Огюст (1798-1857) – әлеуметтануды жеке ғылым ретінде жасаушы. Қоғамды зерттеудегі позитивтік бағыттың негізін салушы. Ол жасаған «позитивтік әдіс» бақылау, эксперимент және салыстырмалы зерттеу үдерісінде жиналған фактілер негізінде әлеуметтік құбылыстарды талдауды ойластырган. О.Конт методологиялық түрғыдан әлеуметтануды «әлеуметтік статикаға» және «әлеуметтік динамикаға» бөлді. Бірінші – қоғамның құрылымын зерттеуге, екінші – оның дамуын зерттеуге тиіс. О.Конт адамзаттың интеллектуалдық эволюциясынан үш сатыны беліп көрсетті: теологиялық, метафизикалық және позитивтік. Соғысы ғылыми көзқарастардың үстемділігімен анықталады және ол қоғамның үйлесімді дамуы үшін жағдай жасайды. О.Конттың сінірген енбегі оның қоғамды ғылыми зерттеудің қажеттілігін негіздеуінде, әлеуметтануды жеке ғылым ретінде болуінде, ғылыми айналымға «әлеуметтану» ұғымын енгізуінде, әлеуметтік проблемаларды шешуде әлеуметтану ғылымының маңыздылығын көрсетуінде. О.Конттың негізгі енбектері: алты томдық «Позитивтік философия курсы»(1830-1842) және төрт томдық «Позитивтік саяси жүйе»(1851-1854).

Контент – талдау (ағыл.*contents* – мазмұн) – әлеуметтік ақпараттың мазмұнын зерттеудің сандық әдісі.

Контент – талдау үрдісінде зерттеушіні қызықтыратын құбылыстар немесе үдерістер, олардың қасиеттері, белгілі бір көлемдегі әлеуметтік ақпараттың белгілері немесе сипаттары қалай қойылғанын есептеу жүзеге асырылады. Белгілі – бір газеттер, журналдар, кітаптар және т.б. баспа басылымдары, радио және телехабарлар, кинофильмдер, әртүрлі құжаттар, анкета материалдары және т.б. контент – талдау обьектісі болып саналады. Контент – талдау барысында, мысалы, зерттеу обьектісінің жиғайтылуы, ол туралы ақпараттың көлемі, мөлшері, шамасы т.б.

ескерілетін болады. Контент – талдау накты ережелер жүйесі жасауды талап етеді, соның негізінде қарастырылатын ақпаратты зерттеу жүргізіледі.

Контрмәдениет – (лат. *contra – қарсы*) – қоғамда үстем ету ші мәдениетке қарсы тұрған, онымен жаңжалға түсетін субмәдениет (яғни мәдениет бүкіл қоғам үшін емес, оның бөлігіні – әлеуметтік, демографиялық, ұлттық – этникалық немесе басқа топтарының мәдениеті).

Контрмәдениеттің айқын көрінісі ретінде қылмысты топтардың, мафиозды ұйымдардың, жасырын секторлардың жән т.б. субмәденеттерінен байқалады. Алайда контрмәдениет басқа негізде көрінеді. Мысалы, 60 жылдары жастардың бір бөлігіні субмәдениеті(хиппи) сол кезде Батыста үстеметкенттүсініктерімен құндылықтармен және нормалармен текестірестікке түсті. Терми сондай – ақ «жана солышыл қозғалыс» шеңберінде қалыптасқа жастар субмәдениетін белгілеу үшін де қолданылады. Бірқата еңбектерде бұл ұғым «жана солышыл» қозғалыстың орын қелген еуропа және солтүстік америка жастарының саяси және идеологиялық қозғалыстарының атауы ретінде қолданылады Сонғылар қазіргі буржуазиялық қоғамның мәдениетін «ұйым дасқан зорлық – зомбылық» ретінде жоюды мақсат етеді, ейткесі ол еркін және егеменді тұлғалардың шығармашылық энергиясының көрінуіне кедергі келтіреді. Бұл ұғымды ғылыми айна лымаға америка әлеуметтанушысы Т.Розак енгізді. Ол бұл ұғымды студенттермен гуманитарлық интеллигенция ортасына шыққан радикалдарды ез қатарына біріктірген «жана солышы қозғалыстың» идеологиясы мен практикасының принципті айырмашылықтарын ашу үшін конспект ретінде пайдаланды. Оның пікірінше дәстүрлі мәдениетпен контрмәдениеттің арасында жойылмайтын алшақтық жатыр, немесе бұл мәдениеттерді базалық құндылықтары бірін – бірі жоққа шығарады.

Конформизм – қоғамдағы идеялар, құндылықтар мән нормаларды мойындауға және үстемдігін кабылдауға, өмір сүріп тұрған тәртіпті, оған бейімделу мен оны сақтап қалуды қолдауға бағытталған адамдардың көзқарастары мен мінекұлыштары.

Көпұлтты мемлекет (полиэтникалық) – аумағынды әт түрлі этностар – ұлттар, ұлыстар, ұлттық және этнографиялы топтар өмір сүретін мемлекет.

Траихи көпүлтты мемлекет үлттың қалыптасуы мен үлттық қозғалыстардың дамуы (шығыс Еуропа, Азияның бірқатар аймақтары) басталғанға дейін кең аумақта мемлекетке бірігу кезінде пайда болды. Көпүлтты мемлекеттің қалыптасуы отарлау экспансиясы барсында (мысалы Африка) жіе қалыптасты. Соның шенберінде көптеген этностар әртүрлі мемлекеттердің шекараларымен бөлініп кетті. Көпүлтты мемлекет интенсивті көші-қонның нәтижесінде де (мысалы АҚШ) орнықты. Әлемде көп үлтты мемлекеттер көп, олардың қатарында Индия, Индонезия, Ресей, Қытай, Нигерия, Иран, Пакистан, Вьетнам, Малайзия және т.б. бар. Бұрынғы Австро-Венгрия, КСРО, Югославия, отарлы империялар ірі көпүлтты мемлекеттер болған. ТМД елдерінде Ресей Федерациясы, Қазақстан, Грузия, Қыргызстан, Әзіrbайжан, Тәжікстан, Өзбекстан көпүлтты мемлекеттер. Көпүлтты мемлекеттердің бір бөлігі унитарлы (Қытай, Иран, Вьетнам және т.б.), ал басқалары – федеративті (Ресей, Индия, Индонезия, Нигерия және т.б.) мемлекеттер.

Кули Чарльз Хортон (1864-1929) – америка саясаттанушысы және әлеуметтік психологі, шағын топтар теориясының негізін қалаушылардың бірі. Біріншілік топтарды және екіншілік қоғамдық институттарды межелеуі оның тұжырымдамасының мәнді моменті болып табылады. Біріншілік топтар (отбасы, көршілестік, достар тобы, жергілікті қауымдастықтар және т.б.) қоғамның негізгі ұсы болып табылады және тікелей қарым-қатынасымен, жеке байланыстарымен, тұрактылығымен және санының аздығымен сипатталады. Екіншілік қатардағы қоғамдық институттар әлеуметтік жүйелерді құрады, оларды бетпе-бетсіз және формальді-іскерлік қатынастар қалыптастырады.

Ч.Кули теориясы қазіргі әлеуметтануда интеракционистік тұжырымдамаларды қалыптастыруға ықпалын тигізді.

Ч.Кулидің негізгі еңбектері: «Адам табиғаты және әлеуметтік тәртіп»(1902), «Әлеуметтік ұйым»(1909), «Әлеуметтік үдеріс» (1918) және т.б.

Қ

Қоғам – адамдар жиынтығы, өз кажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында, олардың мінез-құлқын анықтайдын ерекше әлеуметтік құндылықтар мен нормалардың болуымен, тұрактылық пен тұгастықтың, өзін-өзі дамытудың болуымен

сипатталатын адамдардың тарихи қалыптасқан өзара байланыс формаларына бірігуі.

Қоғам бір жағынан табиғаттың бөлімі. Екінші жағынан сапалы ерекшеленетін ақиқаттың, шындықтың әлеуметтік бөлімі. Қоғам бұл адамзат қауымдастыры, адамдардың бір – бірін катынасы оның ерекшелігін күрайды. Қоғам адамдардың өзар әрекетінің жемісі. Адамдар, әлеуметтік байланыстар, әрекетте және өзара әрекеттер, әлеуметтік институттар мен үйымдар әлеуметтік топтар және қауымдастықтар, әлеуметтік нормалар мен құндылықтар және т.б. қоғамның құрамдас элементтер болып табылады. Олардың әрқайсысы басқалармен азды – көп болса да өзара тығыз байланыста болады, әлеуметтік жүйегеріндегі қоғамда ерекшелікті орын алады және өзіндік ерекшілік роль атқарады.

Қоғамдық пікір – қоғамдық құбылыстар мен процесстерге, жекелеген тұлғалардың, олардың топтарының, үйимдарының т.б. қызметіне қоғамның немесе оның белімінің жасырын немесе ашық түрдегі катынасын бейнелейтін көпшілік санасының хал-жәйі.

Қоғамдық пікірді белсенді түрде зерттеу XIX ғасырда кең етек алды, бұл көптеген елдердің қоғамдық өмірінің демократиялануымен, қоғамдық пікірдің орны, рөлі және маңыздылығының артуымен және әмпирикалық әлеуметтанудың қарқынды дамуымен байланысты. Бүгінде қоғамдық пікірді жаппай және жүйелі зерттеу демократиялық мемлекеттің әлеуметтік – саяси өмірінің, әсіресе сайлау науқандарын, референдумдар және т.б. жүргізу кезеңдерінің маңызды және ажырамас белімі. Оның негізінде халықты, сайлаушыларды сауалдау, олардың дауыс беруінің нәтижелері және т.б. жатыр. Қоғамдық пікірді қалыптастыруда және оны зерттеуде бұқаралық ақпарат құралдары маңызды роль атқарады. Адамдардың қоғамда жүріп жатқандарға, оның өткені мен перспективағы дамуына, оған баға берудегі катынасын білдіре отырып, қоғамдық пікір кейбір ой – пікірлерді, құндылықтарды және нормаларды қолдау және басқаларын теріске шығару арқылы адамдардың мінез – құлқына, әлеуметтік топтарға, саяси партияларға, үйымдар мен мекемелерге, маңызды ықпал етеді.

Қоғамдық қызығушылық тудыратын кез келген өзекті фактілер, оқиғалар, мәселелер қоғамдық пікірдің объектісі бола-

алады. Жалпы қоғам және оның құрылымдық бірліктері (таптар, әлеуметтік топтар және т.б.) қоғамдық пікірдің субъектілері болып табылады. Қоғамдық пікірдің орны мен рөлін бағалауда ниглистикке және қоғамдық пікір барлық мәселені шешідеге санап асырыпта жіберуге болмайды. Қоғамдық пікірдің мүмкіндігі әр елдін даму деңгейімен, әсіресе оның халқының өмір деңгейімен және сапасымен, оның жалпы және әлеуметтік – саяси мәдениетінің дамуымен шектеледі.

Қоғамдық-экономикалық формация – тарихты материалистік тұрғыда маркстік ұғынудың маңызды категориясы, өндіріс тәсілінің анықталуымен жалпы жағдайды көрсететін, оның тарихи дамуының белгілі бір сапалы сатысы.

Марксизм көзқарасы тұрғысынан қоғамдық – экономикалық формация қоғамдық өмірдің қайсібір бөлімі немесе жағы, ал барлық қоғам тұтастыққа алынған және тұтас әлеуметтік организм ретінде оның бүкіл құрылымы және жақтары. Бірақ оның ірге тасын, негізін өндіргіш күштердің белгілі бір даму деңгейі және соған сәйкес келетін өндірістік қатынастардың сипаты аныктайды. Осы тұрғыдан алғанда қоғамның бүкіл тарихы қоғамдық – экономикалық формацияның занды, табиғи тарихи алмасуы болады. Марксизм мұндай қоғамдық – экономикалық формацияның бесеуін ерекшелеп көрсетеді: алғашқы қауымдық, құлиленушілік, феодалдық, капиталистік және коммунистік. Формациялық деп аталған адамзат тарихына мұндай амал әртүрлі елдер мен халықтардың тарихи дамуындағы қайталанулардың мәнін табуға, олардың тарихи тәжіриbesін қортындылауға бағытталған. Осындаі амалмен қатар, бүгіндері басқада, мысалы индустріалдыққа дейінгі (аграрлық), индустріалды және постиндустриялды қоғамдар, ерекше өркениеттер және т.б. кеңінен тараған тұжырымдамалар бар.

Қоғамның тұтастығы – қоғамдық өмірдің ерекше сапалы калпы, қоғамға өзіндік ерекше мүдделерімен мақсаттары бар әртүрлі әлеуметтік топтардың және саяси күштердің болуы, олардың, жоғары деңгейдегі сенімін, келісімін, өзара әрекетін, ынтымақтастығын, принципиалды ұстанымдарына мейлінше жақындастыру мәселесін және басқа да нақты проблемаларды шешуге өз күштерін жұмылдыру келісіміне қол жеткізуі.

Қолданбалы әлеуметтану – әлеуметтану ғылымының саласы, ір- гелі әлеуметтану негізінде әлеуметтік өмірдің оңтайланудыру, ұйым- дастыру және дамытудың практикалық мәселелерін шешудің жолдарын, формалары мен әдістері зерттейді және соған орай, сәйкес ұсыныстар, жоспарлаған болжамдар және т.б. жасайды. Әлеуметтану ғылымының негіздерін құру және жетілдіру, оны теориялармен және методологиямен байыту мақсаты мен міндеттері болытабылатын іргелі әлеуметтанудан қолданбалы әлеуметтанудың айырмашылығы оның өмірдің өзі ұсынған, практика мен саясатқылыми қызмет көрсетудің қажетсінген өзекті және маңызды мәселелерді шешуге көмектесу бағытын ұстауында. Кейде қолданбалы әлеуметтануды «әлеуметтік инженерия» депте атайды. Әлеуметтанудың теориялық және эмпирикалық зерттеулер колдибалық сипат алуды да мүмкін.

Құжаттық әдіс – ақпаратты материалдық алудың жүруш ретіндегі (қағаз, кино, аудио- видео жазбалары т.б.) басты қайнар-кез саналатын әлеуметтік – саяси ақпаратты жинау және талдаудың амалы.

Құжаттық әдіс құжаттағы ақпараттың сенімділігін, оның пайда болу жағдайын, оған қофамның қатынасын, алғынған материалдарды іріктеуді және салыстыруды анықтауды ойластырған (архив, жариялым, статистикалық мәліметтер, жеке хаттар мен күнделіктегі, жиналыш хаттамалары және т.б.). Құжаттық әдіс құжаттарды талдаудың өзара байланысқан екі тәсілінен тұрады: дәстүрлі, мұнда олардың мазмұнына түсініктеме беріледі және формальданған, бұл зерттеушінің зерттеудің барысына және оның нәтижесіне ықпал ететін субъективтік мүдделері мен зандарын жоюға бағытталған. Өмірбаяндық әдіс және контентталдаудың құжаттық әдістің түрлері болып табылады.

Құқықтық мемлекет – демократиялық мемлекеттің саяси режимінің түрі. Ол адамның және халықтардың табиғи, ажырамас, жаппайлық құқығы мен бостандығын нығайтатын зандаулықтың, құқық нормаларының қатанғырындауына арқа сүйейді.

Құқықтың мемлекет – бұл өзінің қызметін демократиялық және гуманистік құқық нормаларымен өзін – өзі шектейтін мемлекет. Ол авторитарлық және тоталитарлық режимдер үшін тән зансыздықпен, өз бетімен кетушілікпен, диктатурамен, субъективизммен, саясатта өз ерік – жігерін танумен, қылмыстың

және коррупцияның жүгенсіздігімен, астыртын саяси интригалармен, кландықпен және т.б сыйыспайды. Құқықтық мемлекеттің әлеуметтік негізі болып азаматтық қоғам қызмет етеді, оны мойында майынша мемлекетте, құқықта легитимді деп саналмайды. Мемлекеттік және құқықтық ережелердің легитімділігі азаматтық қоғамдағы занылықты және құқықтық тәртіпті орындаудың маңызды кепілі ретінде алға шығады. Құқықтық мемлекет тұжырымдамасы қоғам мен мемлекетті бірдейлеуге қарсы шыға отырып, олардың бір–біріне қарама–қарсы қоюға жол беруге де болмайтындығын, олардың құқық негізінде үйлесімді өзара әрекетке жетуінің қажеттігін мойындаиды. Биліктің негізгі уш бұтағын- өкілетті (заң шыгарушы), атқарушы және сот билігін нақты бөлу, олардың өзара әрекеті мен өзара бақылауын жүзеге асыру құқықтық мемлекеттің маңызды белгісі болып табылады. Сот билігі құқықтық мемлекетте занылықпен құқықты орындаудың кепілі ретінде ерекше роль атқарады.

Құрылымдық функционализм – әлеуметтанудағы негізгі бағыттың бірі, оның мәні қоғамды, оның құбылыстары мен процестерін әлеуметтік жүйе ретінде, өзінің құрылымын және әрқайсысы өз рөлі мен функциясын атқаратын құрылымдық элементтердің өзара әрекет механизмін қарастыруға сяды.

Г.Спенсер функционализмің негізін салушы болып есептеледі. Ол басқада көптеген әлеуметтанушы – функционалистер сияқты біргұластық шенберінде ерекшелікті функцияларды атқаратын қоғам мен оның құрылымының және биологиялық организм мен оның органдарының арасындағы үлкен ұксастықтарды тапты. Г.Спенсердің функционализм идеясы Э.Дюргеймнің, А.Р. Радклифф – Браунның, В.Парето, Б. Малиновскидің және т.б. енбектерінде одан әрі дамытылды, XX ғасырдың екінші жартысында құрылымдық функционализм америка әлеуметтануында, еналдымен, Т. Парсонс пен Р. Мertonның енбектерімен байланысқан, үстем бағытқа айналды. Р.Мертон құрылымдық функционализмің мәнін былайша түсіндірді. Бір құбылыс әртүрлі функцияларды иелене алатыны сияқты сол бір функция алуан түрлі құбылыстармен атқарылатын болады. Т.Парсонс өзінің зерттеулерінде салмакты әлеуметтік жүйелердің тұрақтылығын қамтамасыз ететін функционалды механизмдерді іздеуге салды, ал Р.Мертон – әлеуметтік жүйенін

өзін –өзі реттеуін әлсірететін және соның салдарынан әлеуметтік міндеттердің шиеленістер мен қарама – қайшылықтар пайда болатын дисфункционалдық құбылыстарды зерттейді. Құрылымдың функционализм дамуындағы белгілі киыншылықтар және оның ықпалының 70 жылдары әлсіреуіне байланысты 80 жылдардың ортасында неофункционализмнің пайда болуына әкелі (Ю.Хабермас, Н.Луман, Дж.Александер), ол дәстүрлі құрылымдық функционализмнің бірқатар кемшіліктерін ескеруд және жоюда.

І

Лавров Петр Лаврович (1823-1900)-орыс әлеумет-танушысы, және философы, халықшылдықтың көрнекті идеологі. Этік субъективті әдісті әлеуметтануда қалыптастыра отырып, о әлеуметтік құбылыстарды объективті зерттеу қажет, адамгершілік бағалау мен әлеуметтік әділдік қоғамдық идеал түрғысынан үйлесуі тиіс деп есептеді. П.Лавров негізінен әлеу-меттік прогресс мәселесін зерттеуге көп көңіл бөл-ди. Оның қоғамдық дамудың басты күші ретінде қарастырган «сыни ойлайтын тұлғасы» тарихта шешуші рөль атқаруға қабілетті. Прогрестің мәнін П.Лавров сынни сананың дамуынан, тұлға «индивидуалдылығының қоғамдық идеалға» сәйкес қатып-семіп қалған социомәдени нормалардың ауысуынан көрді. Әлеуметтанудың міндетін ол Ресей ақыратындағы көптеген проблемаларды шешумен тығызып байланыстыруды.

Латенттік әлеуметтануындағы (лат.latens – жасырын, көзге көрінбейтін) – қайсібір әлеуметтік құбылыстың немесе үдерістің, олардың белгілері мен нышандарының сыртқа байқалмайтындығы, жасырындығы.

Латенттік көбінесе қандай да бір әлеуметтік құбылыстың, үдерістің туындауы туралы немесе олардың санасыздығы және осыған сәйкес салдарды жөнінде әңгіме болғанда байқалады. Мысалы Р.Мертон әлеуметтік функцияларды анық және латенттік деп белген. Екіншісі біріншіге қарғанда қайсібір әлеуметтік эреккеттердің алдын ала жоспарламаған, ойластырмаған салдарлары болып саналады.

Ленинизм, Ленин В.И. – XIX ғасыр аяғында Ресейде В.И.Ульянов – Лениннің (1870-1924) және оның серіктерінің еңбектері негізінде қалыптасқан ілім. Олар өздерін марксизм ісін

жактаушы және алға апарушы ретінде мойындаған және ол XX ғасырда әлемнің көптеген елдеріне кеңінен тараған.

Ленинизм марксизмнен көп нәрсөн алды. Бірақ, Ресейдің өтө артта қалу жағдайы ленинизмде маңызды із қалдырды. Ленинизмдегі қоғамдық дамуда жігерлікті, тәңкөрісті, зорлық – зомбылықтың және жеделдетудің абсолюттендіру көбіне-көпосымен байланысты. Ленинизмнің шаруалар елінде жұмысшы табының және оның практикасының тарихи миссиясы, курестің жасырын формалары, пролетариаттың бейбіт емес, революциялық жолмен билікті жеңіп алу және қыска мерзімде артта қалушылықтан социализмге өту және т.б. мәселелерге басты назар қоюы кездейсоқ нәрсе емес.

В.И.Лениннің негізгі еңбектері: «Халық достары деген не» және олар социал – демократтарға қарсы қалай құрседі» (1894), «Капитализмнің Россияда дамуы» (1899), «Не істеу керек?», «Бір адым алға, екі адым кейін» (1904), «Социал – демократтардың демократиялық революциядағы екі тактикасы» (1905), «Материализм және эмпириокретицизм» (1908-1909), «Империализм капитализмнің жоғарғы сатысы» (1916), «Мемлекет және революция» (1917), «Коммунизмдегі» солшылдықтың балалық ауруы» (1920) және т.б.

Липсет Сеймур Мартин (1922ж.т.) – қазіргі американың либералдық әлеуметтанушысы – функционалисі әрі саясаттанушысы. Липсептің ғылыми шығармашылығының ортасында қоғамдық саяси өмірді демократияландыру, әлеуметтік страfiкация және әлеуметтік мобильдік, ұрпақтар жанжалы және жастар қозғалыстары мәселелері қойылды. Ол әлеуметтік – саяси ой тарихын жасауда да айтартылған.

Оның негізгі еңбектері «Саяси адам» (1960); «Салыстырмалы перспективадағы тап мәртебе және билік» (1966), «Америка саясаты жөніндегі диалогтар» (1978) және т.б.

Луман Никлас(1927ж.т.) – неміс әлеуметтанушысы, әлеуметтік жүйелер теориясын жасауда айтартылған. Улес косқан неофункционалды бағыттың айтулы өкілдерінің бірі. Зерттеудің орта-лық мәселесі етіп жүйенің коршаған ортамен қатынасын көздө. Бұл ретте әлеуметтанудағы фено-менологиялық амалдың табыстарын есепке ала отырып, Парсонс идеяларын дамытты. Классикалық құрылымдық функционализмнен өзгешелігі, Н.Луман әлеуметтік өзара әрекет субъектілерінің арасындағы

келісімді іздеу негізінде қалыптасатын әлеуметтік жүйені мейлінше динамикалық құрылым ретінде қа-растырады.

Н.Луманның негізгі енбектері: үш томдық «Әлеу-меттанулық түсіндіру»(1970-1984), «Қоғам теориясы немесе әлеуметтік технология»1971), «Әлеуметтік жүйе»(1984) және т.б.

Люмпендер – қоғамның түбіне орналасып және қабылданған мінез – құлыштарын, нормаларын, ережелерін жоғалтып, таптығынан айырылған зле-менттер (қайыршылар, кезбелер, қылымыскерлер және т.б.). Люмпендердің саны әдетте қоғам дамуының дағдарыстық кезеңінде, әсіресе экономикалық дағдарыстардың, жұмыссыздықтың артуының, әлеуметтік – саяси аномияның және т.б. ықпалымен көбейеді. Тарихи тәжірибе көрсеткеніндей, өзінің әлеуметтік – саяси бағыт бағдары белгісіз люмпендер әртүрлі әлеуметтік – саяси күштер солшыл және анархистіктен бастап, фашистік күштер жағына шығуы мүмкін, авторитарлық және тоталитарлық идеология мен саясаттың қайнар көзі немесе резерві болуы ықтимал.

M

Макро-микроәлеуметтану – әлеуметтану зерттеулерінің түрлі деңгейлері. Макроәлеуметтану – бүкіл қоғамды тұластай алып және үлкен әлеуметтік топтардың, қауымдастықтардың және олардың өзара әрекеті деңгейлерінде жүргізілетін әлеуметтану зерттеулері болып табылады. Микроәлеуметтану – тұлғаның, шағын әлеуметтік топтардың және олардың өзара әрекеті деңгейінде жүргізілетін әлеуметтану зерттеулері. Бұған әлеуметтанудың жалпы теориясы, методологиясы және тарихы; таптар және басқадаәлеуметтік топтар әлеуметтануы, ұлттар және басқада этностар әлеуметтануы; қала және ауыл тұрғындарының әлеуметтануы және т.с.с жатады.

Бұл әсіресе тұлға әлеуметтануы және отбасы әлеуметтануында анық көрінеді. Әлеуметтану зерттеулерінің осы деңгейлерінің айырмашылыктарын айқындағанмен оларға қатаң шектеу қоюға, бір – біріне қарама – қарсы қоюға болмайды, өйткені олар өзара тығыз байланыста болады, бірін – бірі то-лықтырады және біріне – бірі енеді. Әлеуметтану зерттеуінің аталмыш деңгейлерімен қатар әлеуметтанудың орта деңгейлік теорияларыда ерекше саналады.

Маннгейм Карл (1893-1947) – неміс әлеуметтанушысы, әлеуметтанулық білімді жасаушылардың бірі. Идеологияның себепшілігі туралы ереже оның тұжырымдамасының идеясы болып табылады. К.Маннгейм барлық идеологияда мистикаторлық сипаттың болатындығын атап көрсетті. Ол екі идеологияны ажыратты: практикулярлы және тотальді. Біріншісі-бұл жеке индивидтің қоғамдық орнына қатысты идеялары, екіншісі-таптар идеологиясы немесе тұтас дәүір идеологиясы.

К.Маннгеймнің орыс тіліне «Қазіргі уақыт диагнозы» атты енбегі аударылған(1992).

Маргиналдар (лат. *marginalis* – шетте тұрған) – адамдардың, әлеуметтік топтардың немесе кіші топтардың өкілдерінің жиынтығы, олардың санасы, мінез-құлқы және мәртебесі олардың түйісер жерінде, екі топтың аралығында калып өзара әрекет етуші әлеуметтік топтар немесе мәдениеттің біріне бейімделуін ұзакқа созылған ықылассыздығымен немесе шорқақтығы іспетті қайсыбір себептермен анықталады. Маригиналдар әдетте бұрынғы әлеуметтік – мәдени жүйеден, оргадан (ауылдық, ұлттық, діни және т.б). Мысал, көші – қон үдерістерінің нәтижесінде қол үзіп қалған, бірақ жаңа жүйеге, оргата (индустриалды, қалалық, басқаулттық және т.б.) қосыла алмағандар. Сондықтан олардың мәртебесі шығу тегі тобымен және басым топтың (мәдениет) арасында шекаралық, аралық сипат алады, өйткені олар біржакты өзін – өзі үқсастыруға көнбейді. Мұндай ситуация қоғамдағы басым топпен (мәдениет) және бағынған субтоптың (субмәдениет) арасын мысалы, этникалық немесе діни азшылықтарды жіңі жаңжалға әкеп соктырады,(және олардың мәдениеттері), контрмәдениеттің пайда болуына ықпал етеді.

Маркс Карл (1818–1883) – көрнекті неміс экономисі, әлеуметтанушысы және саясаттанушысы, диалектикалық-материалистік философияны, саяси-экономиканы, әлеуметтануды және саясаттануды негіздеуші, әлеуметтану мен саясаттанудағы жаңжалтану бағытының әйгілі өкілдерінің бірі, марксизмнің іргесін қалаушы. Оның әлеуметтік ойға қосқан үлесі, жаңжал проблематикасын мәселе етіп дайындауы, әлеуметтік дағдарыстың қайнар көзі ретінде таптар қақтығысына талдау жасауы. К.Маркс қоғам дамуының зандалық сипатын тарихи үдеріс барысында қоғамның экономикалық формациясының сөзсіз ауысуы туралы

ережеден шығарады. Марксистік идея әлемдік әлеуметтік-саяси ойдың дамуына зор ықпал етті.

К.Маркстің негізгі енбектері: «Франциядағы таптар күресі» (1850), «Луи Бонапарттың он сегізінші брюмері»(1852), «Капитал» (1857-1885) және т.б.

Марксизм – XX ғасырда әлемнің көптеген елдерінде кеңінен тараған, жұмысшы табы мен басқа да енбекші бұқараның мұддесін қорғауға бағытталған К.Маркс пен Ф. Энгельстің философиялық, экономикалық және саяси-әлеуметтік ілімі.

Мәдени әмбебаптар-қоғамның географиялық орнынан, тарихи уақытынан және әлеуметтік құрылышынан тәуелсіз барлық мәдениеттерге тән белгілер, нормалар, құндылықтар, ережелер, дәстүрлер және қасиеттер. 1959 жылы америка антропологі Дж. Мердок барлық мәдениеттер үшін ортақ 70 астам мәдени әмбебаптарды – элементтерді бөліп көрсетті: жас басқыштаушылығы, спорт, дене әшекейлері, құнтүзбе, тазалық сактау, қауымдық үйымдасу, тағам дайындау, еңбек кооперациясы, космология, бағып – қағып күту, билер, декротивтік өнер, бал ашу, түс жору, еңбек бөлінісі, білім, эсхатология, этика, этноботаника, этикет, ғажайып емге сену, отбасы, мерекелер, от табу, фольклор, тағамға тиым салу, жерлеу салт жоралары, ойындар, жүлқынып сөйлеу, сый сияпат тарту ғұрпы, үкімет, сәлемдесу, шаш жатқызу өнері, қонақ жайлышы, үй шарушылығы, гигиена, қан ара-ластыруға тиым салу, мұрагерлік, құқық, әзілдер, туыстық топтар, туысқандар номенклатурасы, тіл, зан, ырымшылдық, магия, неке, тамақ ішуге уақыт жұмсау (таңғы ас, тұстік, кешкі ас), медицина, табиғи қажетлілікті орындау мұнгаздығы, қара жамылу, музыка, мифология, сан, акушерлік, жазалау санкциялары, жеке есімі, полиция, бала туылғаннан кейінгі күтім, жүктілерге бағып-қағыпқарай білу, меншік құны, табиғаттан тыс күштерге ішін елжірету, жыныстық ісін – жетілумен байланысты салттар, діни салт жоралар, қоныстануышылық ережелері, сексуалдық шектеулер, жан туралы ілім, мәртебелік жіктеліс, еңбек аудандарын жасау, сауда, қонаққа бару, сәбиді омыраудан айыру, ауа райын қадағалау.

К.Уислер мәдени әмбебалтың ең қысқа тізімін жасады. Ол небәрі тоғыз іргелі белгілерді бөліп көрсетті, оларды әмбебап паттерналар деп атады: сөз, материалдық белгілер, өнер, мифология және ғылыми білім, діни практика, отбасы және

әлеуметтік жүйе, меншік, үкімет, соғыс. Мәдени әмбебаптардың пайда болуының себебі барлық адамдар, дүниенін қай жерінде тұрса да, физикалық жағынан бірдей, олардың ортақ биологиялық қажеттіліктері бар және адамзат баласының алдына қоршаған орта қойып отырган ортақ проблемаларға кезігеді.

Мәдениет – кең мағынада адам қызметімен қоғамда жасалған және жасалатындардың бәрін қамтиды. Тарихи дамудағы адамзат тіршілік әрекетінің биологиялықтан жоғары тұрған саласы (еңбек, мінез – құлыш, қоғам), соның арқасында әлеуметтік өмірдің ұдайы өндірісі мен өзгерісі қамтамасыз етіледі. Мәдениет тарихи жинакталған әлеуметтік тәжірибелі сақтайды және таратады. Ол қызметтің, мінез – құлыштың және қарым-қатынастың жана бағдарламаларын таратады, олар адам белсенділігінің түрлері мен формаларында жүзеге асып, қоғам өмірінде нақты өзгерістерді туындалады. Тармагында мәдениетті материалдық (техника, өндірэстік тәжірибе, материалдық құндылықтар) және рухани (ғылым, өнер, әдебиет, философия , мораль, оқу – ағарту және т.б. саладағы рухани құндылықтарды өндіру, белу және тұтыну) мәдениетке ажыратады. Мәдениет ұғымы көмегімен адамдардың қоғамдық өмірдің нақты саласындағы (еңбек мәдениеті, тұрмыс мәдениеті, саяси мәдениет, құқықтық мәдениет және т.б.) сана-сының, мінез – құлқының және қызметтің өрекшеліктері сипатталады.

Мәдениет бұқаралық – қазіргі қоғам болмысының формасының әдettігі бейнеленуі. Мәдени құбылыстардың жаппай тарауы ақпарат және коммуникация, радио, теледидар, кино және т.б. жүйелердің дамуымен байланысты, олар тұтынушылардың бұқаралық аудиториясын жасауға ықпал етті. Жалпылама айтканда – бұл жаппай тұтыну үшін «мәдени құндылықтар» ретінде түсіндірілетін алуан түрлі өнімдерді өндіру. Бұқаралық мәдениет қазіргі әлеуметтануда бұқаралық санаға арналған құнделікті мәдениет ретінде түсіну аса кең тараған.

Бұқаралық мәдениеттің басталуы шамамен XX ғасырдың орта тұсынан басталды деп санau қалыптасқан. Алайда біріқатар зерттеушілер оны 1870 жылдан бастайды, өйткені Мюнхеннің арзан картиналар сатушыларының арасында «kitsch» термині пайда болды, бұл ұғым ұсқынсыз, бірақ тұтынушыларда табысқа жеткен, тез өтетін картиналарды білдіреді. Бұқаралық мәдениет феноменін зерттеу технологиялық дамудың индустримальықтан постиндустриалдық (акрапараттық) кезенге өтумен байланысты

басталды және жалғасын табуда. XX ғасырда тобыр психологиясы (Х.Ортега-и-Гассет, С.Московичи және т.б.) негізгі зерттеу пәні болды. Бұл мәселеге бұқаралық коммуникация проблемаларын зерттеушілер (Д.Макдойл, Ю.Хабермас) көніл аударды. Бұл феноменді мәдениеттану түрғысынан зерттеу көбінесе қазіргі постиндустриалды қоғамды зерттеу шенберінде жүргізіледі (О.Тоффлер, Д.Белл және т.б.). Әлеуметтанушылар қазіргі бұқаралық мәдениеттің негізгі бағыттарының арасынан мыналарды беліп көрсетеді:

-«балалық субмәдениет» индустріясы (балалар мәдениеті мен өнері, өндірісте өндірілетін ойын-шықтар мен ойындар, балалар клубтары мен лагерь-лері, әскерленген және басқада ұйымдар, ұжымдық тәрбиетологиясы), осы арқылы балалар олардың санасы мен түсінігіне женіл формадағы типтік бағдарламалар негізінде тәрбиеленеді;

-бұқаралық ақпарат құралдары, бұл халыққа ақ-параттың өзектілігін түсіндіреді;

-билиеуші топтардың мүдделері шенберінде аза-маттардың тәрбиесін бақылайтын ұлттық идеология мен насиҳат жүйесі;

-тобырдың басын айналдыру ретінде бұқаралық саяси акцияларға тарту мақсатында билеуші немесе оппозициялық элиталардың ұйымдастыруымен жүре-тін бұқаралық саяси қозғалыстар;

-емір сұрудің мақсаты ретінде тұтынуышылардың ұнатуларын қалыптастыру үшін заттардың, идеялар-дың, қызмет көрсетулердің тәнірегінде жаппай тұ-тыну ұйымдастыру және ынталандыру жүйесі;

-индивидтің имиджін қалыптастыру және оның физикалық көрсеткіштерін жаңарту индустріясы (бұқаралық физкультура қозғалысы, күльтуризм, аэробика, спорттық туризм, қызмет көрсету индустріясы және т.б.);

-қолы бос уақытты өткізу индустріясы, бұлин-дивидтің санасында иллюзорлы балама әлемді қалып-тастыруға бағытталған бұқаралық көркем мәдниеттен, бұқаралық ойын сауық қойылымдарынан, ңирктен, алуан түрлі ینуолардан, курорттық және туристік қызмет көрсетулерден тұрады.

«Мәдени-тариhi типтер» теориялары-дүниежүзілік тарихи процестің біртұтастырының жоққа шыгаратын, ерекше өркениет ретіндегі қоғамның өзіндік социомәдени типтердің

көпбағыттылығының және параллельді дамуының әлеуметтік-философиялық, әлеуметтанулық және саясаттанулық теориялары. Мәдени – тарихи типтер теориялары бір бағытты еуроцентристік модельдің және бір бағытты тарихи үдерістің кемшілігін жоюға тырысу ретінде және Шығыстың, басқада аймактардың даму ерекшеліктерін түсіндіруге ұмтылу ретінде пайда болды. Бұл теорияларды негізделген ресей әлеуметтанушысы Н.Я. Данилевский (1822-1885). Ол 13 тарихи – мәдени типтерді (египет, қытай, индия, еврей, грек, рим, роман –герман, словян және т.б.) бөліп көрсегіт. Батыс әлеуметтануында мәдени – тарихи типтер теориялары О.Шленглер (1880-1936), А.Тойнби (1889- 1975) және т.б. еңбектерінде өзінше көрініс тапты.

Мемлекет – қоғамның маңызды саяси-әлеуметтік институты, оның саяси жүйесінің негізі. Ол адамдардың, олардың топтараты мен бірлестіктерінің мінез-құлқын, олардың арасындағы қарым-қатынасты реттеу процесінде және өзінің ішкі және сырткы саясатын жүргізу барысында саяси билікті іске асыруши.

Тарихи мемлекет мемлекетке дейінгі ру, тайпа көсемінің, абыздың, бақсының және басқаларының саяси емес билік формасында, қоғамдық еңбек бөлінісінің тереңдеу, әлеуметтік жіктелу және әлеуметтік теңсіздік үдерісі барысында, саяси билік пен оның институттарының пайда болуының негізінде келіп шықты. Мемлекеттің:

1) органдардың, ұйымдар мен мекемелердің жүйесі түріндегі саяси билікті жүзеге асыру механизімінің болуы;

2) саяси билік бекіткен нормалар мен заңдардың, яғни құқық жүйесінің болуы;

3) биліктің таралу шеңберін анықтайтын кеңістік – аумақтық болуы негізгі белгілері болып табылады. Өзінің формасы бойынша мемлекет: басқару формасына қарай – монархиялық (абсолюттік және конституциялық) және республикалық (парламенттік және президенттік); аумақтық құрылымы формасы бойынша – унитарлық, федеративтік және конфедеративтік, саяси режим формасына қарай – демократиялық, авторитарлық және тоталитарлық және т.с.с бөлінеді.

Мемлекет көпұлтты Қараныз: Көпұлтты мемлекет.

Менеджмент (ағылш. management – басқару) – адамзат

қызметінің барлық саласын (әсіресе экономикалық) басқарудың теориясы мен практикасы. Бұл оның жалпы қағидаттарымен және формаларын жасау негізінде іске асады.

Менеджмент меншік пән басқарудың қоғамдық функцияларының бөлінуі және күшеюі нәтижесінде пайдада болды. Оның міндепті – басқаруды ұйымдастыру жүйелерінің ерекшеліктің зандарын, жалпы, әмбебап қағидаттарын, құралдары мен формаларын белгіл алу және оларды өмірде жүзеге асыру. Бұл – басқарудың ортақ мақсаттары мен міндептерін, оған жетудің жолдарын, басқарушылық нормаларын, ұйымдық құрылымды оңтайландыруды, олардың өзара әрекеттің үйлестіруді, ақпараттар ағымын, коммуникация үдерістерін, шешімдер қабылдауы және т.б. анықтау. Менеджментте енбектің ұтымдылығы бойынша, оның уәждемесі, қызметкерлерге әлеуметтік – психологиялық ықпал етудің құралдары мен әдістері бойынша және т.б. жасалған практикалық ұсыныстар маңызды орын алады. Менеджментпен айналысатын адамдарды менеджерлер деп атайды. Менеджмент ұғымы оқу-ғылыми пән ретінде де көнінен қолданылады. Осымен байланысты менеджмент басқару, экономика және кәсіпкерлік қызмет әлеуметтануымен, қолданбалы әлеуметтанумен ұштасады.

Мертон Роберт Кинг(1910г.ж.) – америка әлеуметтанушысы, құрылымдық функционализмді және әлеуметтанудың бірқатар арнайы салаларын мәселе етіп дайындаға үлес қосты. Макро және микроәлеуметтануды және эмпирикалық зерттеулерді байланыстыруға тиісті орта деңгей теориялар жасаудағы басымдық Мертонға тиесілі. Әсіресе Мертонның әлеуметтік құрылым, мінез-құлық, бюрократия, бұқаралық коммуникация, ғылымның дамуы және т.б. мәселелер бойынша жүргізген зерттеулері жемісті болды.

Р.Мертонның негізгі енбектері: «Әлеуметтік теория және әлеуметтік құрылым» (1957), «Ғылым әлеуметтануы» (1973), «Әлеуметтік құрылымды зерттеу әдістері» (1975), «Әлеуметтік зерттеу және практикалық мамандықтар» (1982) және т.б.

Мид Джордж Герберт(1863-1931) – америка әлеуметтанушысы, психологі және философи, символдық интеракционизмнің негізін салушылардың бірі. Қоғам және әлеуметтік индивид (әлеуметтік «Мен») Д.Мид пікірі бойынша тұлға аралық өзара әрекеттер үдерістерінің жиынтығынан құрылады. Байлық тұлға бойына сінген реакциялар, әрекеттәсілдері, символдық мазмұндар,

сол тұлға қосылған әлеуметтік өзара әрекеттер жүйесінің кеңдігіне байланысты. Түтеп келгенде ол Д.Мидтің есептеуінше тұлға аралық коммуникация үдерістерінде қалыптастардың әлеуметтік байланыстар мен қатынастардың көптүрлілігін бейнелейді. Д.Мид идеялары, әлеуметтік психологияның одан әрі дамуына үлкен ықпал етті және қазіргі әлеуметтанудың көзге ілікken бағыты-символдық интеракционизмнің негізін қалауды.

Д.Мидтің негізгі еңбектері: «Қазіргінің философиясы» (1932), «Сана. Мен. Қоғам»(1934), «XIX ғасырдағы ой бағыттары»(1936) және т.б.

Микроәлеуметтану Қараныз: Макро және микроәлеуметтану.

Михайловский Николай Константинович (1842-1904) – Ресей әлеуметтанушысы және публицисі, халықшылардың көрнекті идеологі. Этикалық – субъективтік әлеуметтану мектебінің қағидаттарына сәйкес Н.Михайловский объективті бақылау жолымен алынған «шындық ақиқаты» оның адамгершілік түсінігіне сәйкес келетін «шындық-әділдікпен» біріктіруге тырысты. Оның әлеуметтік прогресс тұжырымдамасы негізіне қоғам және тұлғаның өзара байланыс типі ретінде алуан түрлі формадағы коопeração идеясы алынды. Алғашқылардың бірі болып Н.Михайловский тұлғаны үш деңгейде карастыруды: биогендік, психогендік және социогендік. Оның «Батыр және тобыр» теориясы кеңінен танымал болды. Батырдың ерекшелік белгісі – көптеген адамдарды ортақ іске, өз сонына ерте алу қабілеті. Ал «тобырлар» болса, елкітешілік, иланушылық, бағынуга дайындығы және т.б. тән кескінсіз бұқараны білдіреді. Бұл тобырдың психологиялық және мінез-құлықтық ерекшеліктерін суреттеген әлеуметтанулық теорияларының алғашқыларының бірі болды.

Н.К.Михайловскийдің негізгі еңбектері: «Прогесс дегеніміз не?»(1869), «Прогресс формуласы»(1870), «Батырлар және тобыр»(1882) және т.б.

МобиЛЬдіктің үдемелі қарқындылығы – белгілі бір уақыт аралығында әлеуметтік позицияларын өзгертетін индивидтердің санын белгілейтін әлеуметтік мобиЛЬдік сипаттамаларының бірі.

Модернизация – қоғамды жетілдіруге, оны заманауи тараптарға бейімдеуге бағытталған технологиялық, экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени өзгерістер жиынтығы.

Монархия (грек.monarchia – дара билік) – мемлекет, оның

басқару формасы, онда жоғарғы мемлекеттік билік толық немесе жартылай дара билеуші мемлекет басы – монархқа (корольге, патша, императорга, шахка, сұлтанға және т.б.) тиесілі, әдетте ол мұрага қалдырылады.

Моска Гаэтано(1858-1941) – италияның саясаттанушысы, әлеуметтанушысы және қазіргі элита тұжырымдамасының негізін қалаушылардың бірі. Элитаның анатомиясы мен динамикасын зерттеп, ол элитаның жаңаруынсыз қоғамда тұрақтылық болмайды деген корытынды жасады. Осыған орай кез келген басқару элитасында «жабық» касталық топқа айналу тенденциясы бар. Бұл оны сөзсіз құлдыратуға әкеледі. Бұны болдырмауды әлитаны жаңарту және оған азаматтық қоғам тарапынан бақылау үшін жағдай жасайтын тек саяси еркіндік қана жүзеге асырады. Г.Москаның негізгі еңбегі: «Саяси ғылым элементтері» (1953 ж.).

Мэйо Элтон (1880-1949) – американың әлеуметтанушысы және психологі, өнеркәсіп әлеуметтануы және адамгершілік қатынастар теориясының негізін қалаушылардың бірі. Оның басқару әлеуметтануының дамуына қосқан айтарлықтай үлесі – Чикаго маңында орналасқан «Вестерн электрик компаниясының» 1927-1932 жылдардағы Хоторн кәсіпорнындағы эксперименті. Еңбек өнімін арттыруға ықпал ететін әртүрлі әйғілі факторларды зерттеп, адами және топтық факторлардың реолін ашты. Оның пікірінше, адамдардың еңбек қызметінің психологиялық және моральдік факторларын есепке алу басқаруды рационализациялау-қоғамның әлеументтік-таптық қайшылықтарын шешудің жолы.

Э.Мэйоның негізгі еңбегі: «Индустриалды өркениеттің әлеуметтік мәселелері» (1945 ж.).

O

Отбасы – шағын әлеуметтік топ, ол некеге, қандас туыстыққа негізделген және тұмыстың ортактығымен, балалар тәрбиесі үшін өзара жауапкершілікпен, өзара көмектесу катынасымен байланысқан.

Отбасы ерлі-зайттылардың, ата-аналардың, балалардың және т.б. туыстардың арасындағы өзара қарым – катынастар негізінде алынатын әлеуметтік нормалар және мінез – құлық ережелері жиынтығына сүйенетін өзіндігі бар аса маңызды әлеуметтік институт ретінде қарастырылады. Тек ата-анасымен

балаларынан тұратын отбасы нуклеарлық, ерлі- зайдылық отбасы деп аталады. Ата- анасынан, балаларынан және олармен бірге тұратын туыстарынан (мысалы, ата – анасының еке – шешесі, бауырлары, немерелері және т.б.) тұратын отбасын кенейген, туыстық отбасы деп атайды. Отбасының тарихи дамуы топтық некеден моногомияға дейін (бір некелік) жетті, отбасының басында ер адам тұрған патриархат оның формасы болды.

Қазіргі отбасына ерлі – зайдылылардың мәртебе тендігін нығайту үрдісі тән. Отбасының функцияларына мыналар жатады:

а) балаларды дүниеге әкелумен байланысқан репродуктивтік міндет;

б) ортақ үй шаруашылығын жүргізуге, экономикалық өзін – өзі қамтамасыз етуге, және т.б. бағытталған шаруашылық – экономикалық қызмет.

в) тұлғаны әлеуметтендірудің маңызды агенті ретінде отбасына тән тәрбиелік міндет;

г) отбасы мүшелерінің жұмыстан бос уақытта бірігіп демалыс өткізу міндеті.

Отбасының маңызды функцияларын есепке алып, көптеген әлеуметтанушылар мен саясаттанушылар отбасын қоғамының және мемлекеттің маңызды негіздерінің бірі ретінде, олардың тұрақтылығының немесе тұрақсыздығының қайнар көзі ретінде қарастырған.

Орта деңгейлік теориялар – бұл әлеуметтану теориялары, өздерінің жалпы деңгейлігі жағынан теориялық және эмпирикалық зерттеулер арасында орналасып, әлеуметтанудың жекелеген салаларының шенберінде олардың арасындағы өзара байланысты қамтамасыз етеді.

«Орта радиустагы әрекет теориялар» ұғымын 1947 ж. қазіргі америка әлеуметтанушысы – функционалисі Р. Мертон айналымға енгізіп, Т. Парсонстың құрылымдық функционализм тұрғысынан бәрін қамтитын, әмбебап әлеуметтік әрекет теориясын жасау идеясына жасаған қадамына қарсы шықты. Бұл міндетті уақыттан бұрын қойылған деп санайды, өйткені бұған эмперикалық материал әліде болса жеткіліксіз. Р. Мертон әлеуметтік үдерістердің нақты басқару мәселелерін зерттеуді қамтамасыз етуге қабілетті және бәрін қамтитын әмбебаптықты жокқа шығаратын. Орта деңгейлік теорияларды жасау әлеумет-

танудың басты назарында тұруы керек деп есептеді. Бұл теориялар эмпирикалық және теориялық артыкшылыктарды ұштастыруы тиіс. Олар эмпирикалық көртындылау деңгейімен шектеліп қалмайды, теориялық дайындаулардың негізінде одан да жоғары деңгейде қортындылар жасауға мүмкіндік береді. Орта деңгейлік теорияларға Р.Мертонның девианттық мінез – құлық және аномия теориялары мысал бола алады. Орта деңгейлік теориялар жалаң эмпиризммен қресте және теориялық әлеуметтануды жаңдандыруда жағымды роль атқарады. Қазіргі уақытта орта деңгейлік теориялар арнағы (жеке) әлеуметтану, яғни тұлға, отбасы, еңбек, тұрмыс, қала, ауыл, білім және т.б. әлеуметтану ретінде қарастырылады.

Орта тап (орташа жік) – әлеуметтік стррафикация жүйесіндегі негізгі әлеуметтік топтардың: байлар мен кедейлердің арасында аралық орынды иеленген әлеуметтік жіктердің жиынтығы. Бұлар жағдайының әртүрлігімен, мұдделерінің, саналарының және саяси мінез – құлықтарының қарама – қайшылығымен, әртүрлігімен сипатталады. Сондықтан оларды көптеген авторлар көпше түрде «орта таптар», орта жіктер» деп атайды. Орта тап спонтанды пайда болды. Марксизм оны капиталистік қоғамының негізігі емес таптарына жатқызған, өйткені олардың буржазия немесе жұмысшы табы сияқты қоғамда анық функциясы болмаған. Орта тапты есқі орга тап – кәсіпкерлер (орта және ұсақ меншік иелер) және жаңа орга тап – басқарушылар, ой енбегінің кәсіби қызметкерлері (ақ жағалылар немесе менеджерлер) деп екіге бөлген. Есқі орга тап – кәсіпкерлер, саудагерлер, қолөнешілер, еркін кәсіп өкілдері, ұсақ және орга тап – шаруалар, тауар өндіруші ұсақ меншік иелері күйзеліске бейім болды. Таптық және әлеуметтік бөліну шекаралары мен критерийлерінің трансформациялануы арқасында болған XX ғасырда барлық қоғамының әлеуметтік құрылымында өзгерістер шұғыл орга – жіктердің кеңейгеніне, әлеуметтік мобильдік үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. Бірте – бірте экономикалық құрылымның күрделенуіне байланысты есқі орга таптың шенбері кеңейеді. Өндірістің және сауданың тиімділігі тікелей қызметіне байланысты жаңа орга тап – үлкен кәсіпорындарды басқарушылар, көптеген техниктер пайда болды. Директорлар, инженерлер, бухгалтерлер, менеджерлер, жарнама агенттері, адвокаттар, банк директорлары орга таптың жоғарғы жігінің (қабатының) санын арттырады. Шенеуніктердің саны

жұмысшылрдың санынан тез артты, өйткені конвейрлер жұмысшыларды алмастырған еді, ол әкімшілік операциялар өндірістік бөліктердің көбеюі мен қурделенуіне орай – қурделеніп, орта таптың орта және төменгі топтарын толтырды. Технология мен ғылымның, қызмет көрсету саласының қарқынды өсуі, сондай – ак бәрін қамтыған қазіргі мемлекеттің қызметі өздерінің жеке меншік өндіріс құралдары жоқ, өз күштері мен білімін сату есебінен өмір сүретін қызметкерлердің, техниктердің, интеллигенция армиясының пайда болуына ықпал етті. Дамыған елдердің бірінде орта тап шамамен халықтың 55-80 пайзын құрайды.

Охлократия (грек. *Ochlos* – табыр, *kratos* – билік) – қарапайым ұрандар мен талаптарға, антимемлекеттік, анархизмге, популизмге, ойран салуға, конъюнктуралыққа бағыт – бағдар ұстаған тобырдың немесе қоғамдық – саяси топтың үстемдігі, билігі. Люмпендер мен маргиналдар көбінесе охлократияның әлеуметтік базасы болды.

Ө

Өзара әрекет әлеуметтік – саяси-әлеуметтік және саяси әрекеттерді қамтамасыз ететін жүйе, соның арқасында бір әлеуметтік субъектінің немесе саяси субъектінің әрекеті баскаладың қайтарған жауап әрекетінің бір мезгілде себебі мен салдары болып табылады.

Өзін-өзі басқару – сапалы басқарудың ерекше түрі. Онда қайсыбір әлеуметтік-саяси жүйенің өмір сүруі сырттан іске асырылмайды, керісінше, оның құрылымдарының ішкі проблемаларды шешуге белсенді араласуы арқасында автономды, өзіндік негізде жүзеге асады.

Өмір салты – адамдардың өмір қызметі формаларының тұтасқан жиынтығы, накты тарихи жағдайлар мен олардың өзара әрекетінің алғы шарттарына негізделген.

Өмірбаяндық әдіс (*bigraphia* – өмірбаян) – қоғамдық ғылымдарда, соның ішінде әлеуметтану мен саясаттануда айтарлықтай кеңінен тараган зерттеу әдістерінің бірі, оның негізін қайсібір индивидтің өмір тарихын зерттеу құрайды.

Әлеуметтанудағы және саясаттанудағы өмірбаяндық әдіс – өзінің өмір жолы туралы ауызша немесе жазбаша баяндайтын жекелеген адамдардың өмірі жөніндегі ма-

териалдарды әлеуметтік және саяси өлшеудің, талдаудың және бағалаудың тәсілдер жиынтығы. Сұхбатнама, анкеттеу, тестілеу, құжаттарды зерттеу және т.б. көмегімен сол тұлғаны жақсы айқындайтын мәліметтер алумен қатар, ол арқылы бүкіл қоғам мен мемлекет өмірі, олардың дамуының әртүрлі кезеңдері құрылымдары туралы деректер алынады. Басқа да әдістер сияқты өміrbаяндық әдістіде абсолюттеуге болмайды, оның да өзіне тән кемшілігі, шектеулігі(мысалы, субъективтік қауіп, репрезентативтіліктің болмауы және т.б.) бар. Соңдықтан оны басқа әдістерімен тығыз байланыста пайдалану тиімді.

«Өмір сапасы» - адамдар өмірінің әртүрлі жағдайын (экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени, экологиялық және т.б.) қамтыған және оның сандық, деңгейлік, стандарттық көрсеткіштеріне қарағанда сапалық жағын сипаттайтын әртүрлі қоғамдық ғылымдардың кеңінен колданатын ұғымы.

«Өмір сапасы» тұжырымдамасы шетел әлеуметтануда, ең алдымен 60 жылдары, АҚШ – да пайда болып, содан бері кеңінен тарап отыр. Сонымен бірге «өмір сапасының» мазмұнын әртүрлі түсіндіру орын алғып отыр, біреулері оны «денгей», «стиль» немесе «өмір бейнесі» ұғымдарымен бірдейлейді; келесілері, керсінше, оны аталған ұғымдарға қарма – қарсы қояды; үшіншілері, «өмір сапасын» салыстырмалы түрдегі жаңа әлеуметтік индикаторларды еспеке алу қажеттілігімен байланыстырады (мысалы, қоршаган орта сапасы, әлеуметтік – психологиялық салмақ, өмірге қанағаттаушылық және т.б.).

«Өмір сапасы» мәселесін жете тексеріп дайындау адам тіршілік әрекетінің бірқатар маңызды жақтарын ерекше бөліп көрсетуде және оларды баса зерттеуге көніл аударуда (қоршаган орта, адам денсаулығы, адам және урбанизация және т.б.) өзінің жағымды рөлін атқарады. «Өмір сапасының» әр – түрлі теорияларын Ф. Конверс, Л. Мильбрейт, У. Роджерс (АҚШ), А. Мак – Кеннел, С. Райт (Ұлыбритания), А. Михелос (Канада) және т.б. жасады.

Өркениет-1) кең мағынада – қоғамдық дамудың тағылық кезеңді алмастыратын және жазудың пайда болуымен байланысқан деңгейі; 2) тар мағынада – казіргі мағынада – бүгінгі дамыған елдердің қол жеткен қоғами, оның мәдениетінің дамуының деңгейі.

П

Панельдік зерттеу(ағыл. panel –панель, тізім) – бір әлеуметтік объектіні белгілі бір уақыттан кейін дәл сондай бағдарламамен және әдіспен зерттеуді білдіретін әлеуметтану зерттеуінің қайталанып жүргізілетін түрінін бірі.

Панельдік зерттеудің арқасында зерттеу объектісіндеғі өзгрістерді анықтауға мүмкіндік жасалады және соның негізінде оның уақытша даму динамикасы мен тенденциясын айқындауға жағдай туындаиды. Мерзімді халық санағы панельдік зерттеудің жарқын мысалы. Олардың санын және олардың арасындағы уақытша интервалды панельдік зерттеудің мақсаттары мен мазмұны анықтайды.

Парадигма әлеуметтанудағы және саясаттанудағы (грек. *paradeigma* – мысал, ұлғі) – әлеуметтік және саяси мәселелерді қоюдың және шешудің концептуалды – методологиялық амалын анықтайтын теорияның сол кезеңде мойындалған жалпы, бастапқы және маңызды негіздерінің жүйесі.

Парадигма ұғымын XX ғасырдың 20 жылдарында американың ғылымтанушысы. Г.Кун ұсынды. Бұғанде ол көптеген ғылымдарда, соның ішінде әлеуметтану және саясаттану ғылымда-рында берік орын алды. Оның бүкіл тарихы парадигмалардың біреулерінің пайда болуы, негізделуі, ықпалының кеңеюінен және басқаларының құлауынан, олардың текетіресінен және алмасуынан тұрады. Әрбір парадигма зерттеушіге құбылыстарды, үдерістерді зерттеудің, түсіндірудің және бағалаудың ерекшелікті амалын анықтайды және өзіндік категориялық аппарат жасауды талап етеді. Мысалы, әлеуметтану парадигмасының құрылымдық (функционализм, жаңжалтану парадигмасы және т.б.), қоғамдық тұтастық ретінде зерттеуге бағытталған макроденгей парадигмасына және түсіндіріп беру парадигмасына (интеракционизм, феноменология, этнометодология және т.б. парадигмалар) бөлу туралы айтуга болады. Саясатты зерттеуде қоғамды зерттегендей әр қалай келуте болады (мысалы, әлеуметтанулық, натуралистік, теологиялық және т.б.).

Парето Вальфредо (1848–1923) – италияның әлеуметтанушы позитивисі және экономисі, функционализмді негіздеғендердің бірі, әсіресе элита теориясын даярлауда үлкен үлес қосқан.

В.Паретоның негізгі еңбегі: «Социалистік жүйе»(1901-1902), «Саясиэкономия оқулығы»(1916), «Жалпы әлеуметтану бойынша трактат»(1916), «Оқиға және теориялар»(1920), «Демократияны қайта құру»(1921).

Парсонс Толкотт (1902-1979) – көрнекті америка әлеуметтанушысы, П.А.Сорокиннің шәкірті, қазіргі әлеуметтанудағы жүйелік-функционалдық бағытты және әлеуметтік әрекет теориясын орнатушы. Өзінің ғылыми міндеттін ол жеке эмпириялық міндеттерді шешудің негізі ретіндегі адам әрекетін жалпыталдаудың логикалық-дедуктивтік теориясын құрудан көрді. Функционалдық мәселелердің (бейім, мақсатқа жету, ықпалдасу, құрылымды ұдайы өндіру) инварианттық жиынтығы Т.Парсонстың ең басты тұжырымдамаларын құраушылардың бірі болып табылады. Олар мамандандырылған жүйешелермен шешіледі. Әлеументтік жүйе ішінде бейімделу функциясын-экономикалық жүйеше, мақсатқа жету функциясын-саяси, ықпалдасу функциясын-мәдениет және әлеуметтену институты қамтамасыз етеді. Т.Парсонс әлеуметтік жүйе ретіндегі қоғамның тұрақтылығы мәселесіне ерекше көп көңіл бөлді.

Т.Парсонстың негізгі еңбегі: «Әлеуметтік әрекет құрылымы» (1937), «Әлеуметтік жүйе» (1951), «Әлеуметтік жүйе және әрекет теориясының зөвөлөциясы»(1978) және т.б.

Пилотаждық зерттеулер. Қараныз: Сынақтық зерттеулер.

Плутократия (грек.*plutos* – байлық, *kratos* – билік) -байлардың билігі; мемлекеттік билікті аса бай төбе топтың қолына жинаған саяси құрылыш; билікте тұрған бай адамдардың тобы. Плутократия ежелгі дүниеде және орта ғасырда кең тараған. Бүгінде плутократияның белгілері сирек кездеседі. Бұл ұғым олигархия ұғымына өте жақын.

Позитивизм әлеуметтанудағы (лат. *positivus* – жағымды) – XIX ғасырдағы әлеуметтанудың жетекші бағыты, бұл қоғам туралы ойша жортудан бас тарту қажеттілігінен және қоғамды зерттегендеге бақылау және экспериментке арқа сүйейтін, жаратылыстану ғылымдары (физика, химия, биология және т.б.) сияқты объективті, маңызды және дәл мәлімет беретін ғылым жасау көректігінен туындалады.

Ол XIX ғасырдың бірінші жартысында абстрактілі әлеуметтік – философиялық теорияларға жауап ретінде, оның антиподы ретінде пайда болды. Сондықтан ол әлеуметтік – философиялық және теориялық – әлеуметтанулық зерттеулерді менсінбей, өзінің әлеуметтануының негізінде жаратылыстанудың методологиясын алуға ұмтылды. Бұл әсіресе позитивтік әлеуметтану дамуының органикалық бағыт түріндегі бастапқы сатыларында айқын көрінеді.

Позитивтік әлеуметтануға тән белгіліер: натурализм, организм, механицизм, эволюционизм, редуктивизм және т.б. XIX ғасырдың аяғында қоғамдық өмірде биологиялық және механистикалық амалдардың жеткіліксіздігі, шектеулігі анықталып, ол позитивтік әлеуметтануды дағдарысқа әкелді. Эмпирикалық әлеуметтанудың қарқынды дамуымен байланысты XX ғасырда позитивтік әлеуметтанудың көптеген идеялары жана негізде – неопозитивтік әлеуметтану түрінде жанданыды (О.Нейрат, П.Лазарсфельд, Г.Блейлок және т.б.). Позитивизм – әлеуметтануының көрнекті екілдері О.Конт, А.Сен – Симон, А.Кетле, С.Милль, Г.Спенсер, Э.Дюркгейм және т.б.

Постиндустриалды қоғам – адамзат қоғамы дамуының үшінші (аграрлық және индустримальдық қоғамнан кейінгі) сатысы, әлемдік көпшілікке олардың болашағын көрсетіп, қазіргі ғылыми технологиялық, басқа да төңкерістердің қол жеткен табыстарымен және келешегімен байланысқан әлеуметтік өзгерістерді сипаттайды.

Постиндустриалды қоғам теориясы 70жылдары және одан кейінгі жылдарда америка әлеуметтанушылары және саясатанушылары Д.Белл, З. Бжезинский (технотронды қоғам теориясы), Р. Дарендорф (жаксарудағы қоғам), Э.Тоффлер (жогары индустримальды, ақпараттық қоғам), француз ғалымдары А.Турен, Ж.Фурастье және т.б. енбектерінде жасалды. Осы теорияларға сәйкес постиндустриалдық қоғамға мыналар тән: экономикалық қызмет саласында (ауылшаруышылығы және өнеркәсіптен кейін) алдыңғы қатарға қызмет көрсету саласын ұсыну; ғылымның, білімнің, ақпарат алу мен таратудың, сондай – ақ университеттердің, ғалымдардың, менеджер – кеңесшілердің жетекшілік рөлін мойындау. Бұғандегі постиндустриалды қоғамға өту туралы әңгіме тек ең дамыған елдерге қатысты айтылады.

P

Рәміздік интеракционизм – адамдар арасындағы накты, тікелей өзара әрекетті зерттеуге өз назарын аударып, оны әлеуметтік рәміздерді өзара айырбастаушы және түсіндіруші ретінде карастыратын әлеуметтанудағы маңызды бағыт.

Рәміздік интеракционизм көзкарасы тұрғысынан адамдар арасындағы қарым – қатынас – бұл үздіксіз жүретін диалог, оның барысында оған қатысушылар бір – бірінің ниетін бақылайды, пайымдайды және оларға жауап қайтарады. Өзара әрекеттесуші субъектілердің ниеттерін, әрекеттерін рәміздік интеракционизм тұрғысынан пайымдау үшін өзін басқаның орнына қоюы, өзгениң рөлін қабылдауы қажет. Мұндай өзара әрекеттер рәміз – символдардың көмегімен, яғни ұғымдардың (тіл, сөз), әрекеттердің және заттардың көмегімен іске асады, оларға белгелі бір маңыздылық беріп, олар басқа ұғымдардың, әрекеттердің және заттардың мағынасын білдіреді (рәміздік). Рәміздерді түсіндіру жолымен бір – бірінің ниетін пайымдаудың негізінде жауап реакция қалыптасады, жауап қату жөніндегі шешім қабылданады. Алуан түрлі рәміздердің маңыздылығы адамдардың бәріне ортақ болады, себебі оларды адамдар балалық шағында әлеуметтік өзара әрекеттер процесі барысында менгереді. Американың көрнекті философи, әлеуметтанушысы және әлеуметтік психологі Джордж Герберт Мид (1863-1931) рәміздік интеракционизмнің негізін қалады. Дж.Г.Мидке дейінде бұл мәселе бойынша Кули, Дж. Болдуин, Зиммель, Томос және т.б. өз пікірлерін жазып қалдырған болатын. Қазіргі рәміздік интеракционизмді Г.Блюмер, А.Стросс, Т. Шибутани, М. Кун, Т. Парлленд және т.б. дамытуда.

Революция әлеуметтік. Қараңыз: Әлеуметтік тәнкеріс

Революция саяси. Қараңыз: Саяси тәнкеріс.

Репрезентативтілік(фр. representatif – өкілдік)–белгілі әлеуметтік құбылыстар немесе процестерді, олардың белгілерін, т.б. осындай бүкіл зерттелетін жиынтық сипатын көрсететін сұрыптау зерттеуінің қабілеті.

Репрезентативтілік мәселесі басқару шешімдерін қабылдаумен байланысқан қолданбалы әлеуметтану зерттеулері үшін аса маңызы және өзекжарды. Репрезентативтілікке бас жиынтықты дәл анықтаумен және оның құрылымын

жаксы білумен және т.б. қол жетеді. Мұндай зерттеудің жоғары репрезентативтілігіне практикада объективтік және субъективтік себептерге орай әрдайым қол жете бермейді. Сұрыптау зерттеуі нәтижесінде алынған көрсеткіштермен бас жиынтық сипаттамалары арасындағы анықталған алшақтықты репрезентативтіліктің кателігі деп атайды, ол кездейсөк немесе жүйелі сипатта болуы мүмкін.

Респондент(ағыл. respond – жауап беру) – анкеттеу немесе сұхбаттама (сұхбат) барысында сұрақтарға жауап қайтарушы (жауапши, жауапкер) адам.

Республика (лат.res – іс және publicus – қоғамдық, жалпы халықтық) – мемлекеттің формасының, басқару формасының бірі, мемлекеттік биліктің жоғарғы органдары сайланады немесе жалпыұлттық өкілетті мемкемелер қалыптастырады (әдетте парламенттер). Республика антикалық дәуірде ежелгі монархиялардың антиподы ретінде, мемлекеттік құрылыштың прогресивті формасы ретінде пайда болды. Ол өзінің негізінде азаматтарға жеке және саяси құқық бере отырып, халықтың билік қафидатын жүзеге асыру үшін үлкен мүмкіндіктер ашады. Жалпы республиканың орны, рөлі және маңызы нақты биліктің мазмұнымен анықталады. Республиканың көлеңкесінде жеке билік режимі жасырынуы мүмкін (Ирак , Иран және т.б.), ал монархия формасында шынайы демократия өмір сүруі мүмкін (Ұлыбритания, Испания және т.б.) Республика парламенттікке және президенттікке бөлінеді. Парламенттік республикаларда үкіметті парламент қалыптастырады және ол жоғарғы билік органы ретіндегі парламент алдында жауап береді. Мұндай республикаларда президент көбінесе номиналды функция атқарады (Италия, Индия, Австрия, Швейцария және т.б.) Президенттік республикада үкіметті президент қалыптастырады және үкіметтікке немесе жанама сайлау жолымен сайланған мемлекет басы алдында жауап береді (АҚШ, Аргентина, Бразилия, Мексика жәнн т.б.) Кейбір елдерде (Франция, Португалия, Финляндия және т.б.) парламенттік және президенттік республиканың белгілері үйлесімін тапқан.

Референттік топ(лат. referens – хабарлаушы) әлеуметтанулық зерттеу үдерісінде үлгі, этalon ретінде көрінетін

нақты немесе жорамалдағы әлеуметтік топ, индивид сол жағдайда өзінің әлеуметтік жағдайын салыстырады және өз мінез – құлқын үйлестіреді.

Қайсібір индивид референттік топқа кіруіде, кірмеуіде мүмкін. Референттік топты таңдауы және сәйкестендіруі нәтижесінде өзінің жағдайына қанағаттануын немесе қанағаттанбауын және оған мүше болуға ұмтылуын анықтайды. Соңғының негізінде тұлғаның әлеуметтік орын алмастыру заңы қалыптасады. Рефенттік топты таңдау әлеуметтік салыстыруды, ұқсастыруды, интернализациялауды, әлеуметтіндіруді жүзеге асыруда маңызды рөль атқарады.

Референттік топ – шынайы немесе шартты топ, онда индивид өзінің ара қатынасын эталонға теңейді.

Ростоу Уолт Уитмер (1916 ж. т.)—американың көрнекі экономисі, әлеуметтанушысы және саяси қайраткері, индустріалдық қоғам, экономикалық даму сатысы теорияларының авторы. Қоғам эволюциясының әртүрлі сападағы сатыларына сәйкес қоғамның 5 типін бөліп көрсетті: 1) «дәстүрлі қоғам» (иерархиаланған, билік жер иелерінің қолына шоғырланған, қарапайым техникаға және ғылымға негізделген аграрлық қоғам); 2) «өтпелі қоғам» (ауыл шаруашылығы өндіріснің интенсифтендірілүмен, «ұлтшылдық» негізінде орталықтандырылған мемлекеттің құрылудымен, «іскер адамдардың» жаңа табының пайда болуымен сипатталады); 3) «алға басу сатысындағы» қоғам (өндіріс революциясы дәуірлері); 4) «кемел сатыдағы» қоғам (ғылым мен техника кең тараған, халық ішінде қала халқының басымдыққа жеткен, жұмыс істеушілер құрылымында жоғары білікті еңбектің артқан индустріалдық қоғам); 5) «жоғары жаппай тұтыну ғасырындағы» қоғам (адамдардың «өмір саласын» жақсартуға өтетін қызмет көрсету мен жаппай тұтынатын тауар өндіру басымдығына жететін қоғам).

Негізгі еңбектері: «Экономикалық даму сатылары. Коммунистік емес манифест» (1960); «Экономикалық даму үдерісі» (2-ші басылым-1962); «Жетінші қабаттағы көзқарас» (1964); «Кенес қоғамының динамикасы»(1967); «Құрама Штаттар әлемдік аренада. Қазіргі заман тарихы бойынша эссе» (1969); «Саясат және даму сатылары» (1971), т.б.

Рольдік күтіліс – әлеуметтік рольдердің орындалуына койылатын формальды емес талаптардың жиынтығын білдіретін топтар мен ұйымдардағы адамдардың мінез-құлқын реттеу механизмінің ерекше бөлігі. Рольдік күтіліске отбасы мүшелерінің бір – бірінен, ата – ананың немесе балалардың әлеуметтік рольдеріне сәйкес белгілі – бір міндеттерді орындауды күтуі немесе еңбек ұжымы басшылығының оның мүшелерінен өз міндеттерін инициативті және ұқыпты орындаудың күтуі мысалы бола алады. Аса маңызды рөльдік күтілістер стандартталады, соның арқасында өзара әрекеттегі адамдардың мінез –құлқын болжамдау, олардың әрекеттегің үйлесімділігі, тәртіптілігі және тиімділігі күшейеді.

C

Салалық әлеуметтану – қоғамдық өмірдің жеке немесе ауқымды салаларындағы әлеуметтік құбылыстарды, жүйелерді және процестерді зерттейтін әлеуметтану ғылымы салаларының жиынтығы.

Қоғамды тұтас күйінде зерттейтін жалпы әлеуметтанудан салалық әлеуметтанудың айырмашылығы оның обьектісіне әлеуметтік шындықтың белгілі – бір саласын, бөлімін қамту жататындығында. Саясат әлеуметтануы, экономика әлеуметтануы, құқықәлеуметтануы, мәдениет әлеуметтануы, білім әлеуметтануы, көсінкерлік қызмет әлеуметтануы, халықаралық қатынастар әлеуметтануы, бұқаралық ақпарат құралдары әлеуметтануы және т.б. бұған мысал бола алады. Салалық әлеуметтану деңгейінде әсіресе әлеуметтанудың арнайы қоғамдық ғылымдармен байланысы анық көрінеді. Біртұастылықтың бөлігі ретінде қоғамының кайсыбір құрылымдық элементтерін (мысалы, тұлға әлеуметтануы, отбасы әлеуметтануы, әлеуметтік топтар әлеуметтануы, ұлт, этностар әлеуметтануы және т.б.) зерттейтін арнайы, жеке әлеуметтануды салалық әлеуметтанудан бөлін көрсетеді, ажыратады.

Саяси қатынастар – саяси билікті жөніп алу, ұстап тұру, жұмыс істету, дамыту және өзгартумен байланысқан саясат субъектілерінің өзара әрекеттесу формасы, қоғамдық қатынастардың түрі (экономикалық, әлеуметтік және руханимен қатар).

Жекелеген тұлғалар, әлеуметтік және саяси топтар, қауымдастықтар, бірлестіктер, қозғалыстар, институттар мен ұйымдар, қоғам және мемлекет саяси қатынастардың субъектілері болып табылады. Саясат, саяси билік саяси қатынастардың жиынтық объектісі болып саналады, ол қоғамдық өмірдің барлық салаларында (экономикалық саясат, әлуметтік саясат, мәдени саясат) көрініс табады. Мемлекет (білік), қоғам (халық) және тұлға (индивиду) қатынастары саяси қатынастардың бел ортасында тұр. Сондай – ақ саяси қатынастарға топ аралық, топтар іші және тұлға аралық саяси қатынастар да кіреді. Осылайша саяси қатынастар өзінің құрылымының қурделігін және жүйесінің көп деңгейлігін білдіреді. Сонымен қатар, оған мемлекетаралық (халықаралық) және жаһандық саяси қатынастарда енеді. Әлеуметтік қатынастарға тән сияқты саяси қатынастарға келісім, ынтымақтастық, бәсекелестік, жанжал, антагонизм тән. Саяси қатынастар жүйесінде басқарушылық саяси қатынастар маңызды орын алады.

Саяси мәдениет – адамдардың, олардың топтары мен бірлестіктерінің қоғамдық өмірдің саяси саласындағы түсініктерін, құндылықтарын және нормаларын қатитын және саяси үрдіс субъектілерінің міnez – құлық моделін, үлгісін, олардың саяси өмір салтын анықтайтын қоғам мәдениетінің ерекшеліктерін көріндесіндерінде.

Саяси мәдениет саяси білім, саяси сана мен ойлау, сенім мен сезім, дәстүрлер мен салттар, құндылықтар мен нормалар, зандар, бағыт – бағдарлар және идеалдар, шынайы міnez – құлық пен оның дағдылары және т.б. құрылымдық элементтерден тұрады, бұларда сол қоғамның (таптық) саяси тарихи тәжірибесі, ескі қортындылары және оның саяси мәдениетте жеткен деңгейі бейнеленеді. Саяси мәдениет деңгейі референдумдар мен плебисциттер, жоғарғы және жергілікті билік органдарын сайлау, қоғам мүшелерінің әртүрлі партиялардың, қоғамдық – саяси ұйымдардың, қозғалыстардың қызметіне қатысу үдерістері мен қортындыларынан толық көрінеді. Саяси мәдениеттің жоғарғы деңгейге жетуі – азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекетті қалыптастырудың және нығайтудың бірден – бір маңызды және қажетті алғы шарты. Екінші жағынан қоғам

мен мемлекетті демократияландыру және гуманизациялау саяси мәдениетті арттырудың шешуші факторы болып саналады. Саяси мәдениеттің тұтас тұжырымдамасын жасау 50 жылдары басталды. Бұған

Г. Алмонд, С.Верба, М.Дюверже, М.Крозье, С. Липсет, Р.Роуз және т.б. ерекше үлкен үлес қости. КСРО – да бұл мәселе мен шұғылдану тек 70 жылдарда қолға алынды.

Саяси төңкеріс – әлеуметтік төңкерістің құрамдас бөлігі, қоғамдық өмірдің саяси саласындағы оның көрініс табуы, біреулердің саяси билігін алмастырудан, ескі әлеуметтік-саяси күштерді басқалармен, әдетте, прогрессивті күштермен алмастырудан байқалады.

Сегрегация (лат. segregation – бөліну) – барлық жерде негрлерді және басқада тұсті халықтарды ақ тұсті жұрттан бөлуді білдіретін нәсілдік төмендетушіліктің түрі.

Секуляризация – әр түрлі қоғамдық өмір салаларын (саясат, құқық, ғылым, мәдениет, білім, отбасы) дін мен шіркеудің әсері мен ықпалынан босату процесі. Өткен замандарда секуляризация шіркеу меншігіне, соның ішінде оның жеріне және зайырлыққа қатысты қолданылды. Жаңа және қазіргі заманда ол шіркеудің мемлекеттен және мектептің шіркеуден бөлінуін бейнеледі, діни ұйымдардың атқаратын әлеуметтік қызметін қысқартуды немесе жоюды білдірді, діндарлар санының азаюын және т.б. көрсетті. Серкуляризация әр елде өзінің нәтижелері, формалары, қарқыны және әдістері бойынша әртүрлі. Елдердің дамуының әртүрлі кезеңінде бірде күштейеді, бірде болмайды, одан бас тартатын жағдайларда болады.

Сорекин Питирим Александрович (1889-1968) – ресей-американың көрнекті әлеуметтанушысы, XXғ. әлеуметтану ойының классигі, қазіргі әлеуметтанудың интегралдық бағытының өкілі, әлеуметтік мобильдік теорияларын жасаушы, әлеуметтік стратификация тұжырымдамасын қалыптастырушылардың бірі. Әсіресе ол әлеуметтанудың пәні мен құрылымы мәселесін, әлеуметтік даму механизмдері мен жолдары проблемаларын, әлеуметтік тенсіздік, қоғамның әлеуметтік құрылымы және әлеуметтік орын ауысу, социомәдени динамика, әлеуметтік жүйелер ко-

невергенициясы және т.б. мәселелерді зерттеуде үлкен үлес кости.

Стратификацияны адамдарды иерархиялық жіктерге жіктелуі ретінде анықтады. Жоғарғы экономикалық жік өкілдері бір мезгілде жоғарғы саяси және кәсіби жіктердің қатарына жатады. Мұліксіздер, әдетте азаматтық құқынан айырылған және кәсіби иерархияның төменгі жігіне орналасқан. Стратификация барлық қоғамдарда, барлық уақытта болған, тек ол сандық және сапалық жагынан өзгерген. Не өсуге, не теңесуге тұракты тенденция болған емес. Циклдар бар, оларда күшеген теңсіздік оның бә-сөндеуімен ғана алмасады.

Әлеуметтік мобиЛЬДІК деп экономикалық, саяси және кәсіби орын алмасуларды түсінген. Бір деңгейде бір әлеуметтік топтан келесі топқа өтсе – бұл горизонтальды мобиЛЬДІК. Бір әлеуметтік кластан келесіне әлеуметтік көтерілу немесе төмендеу- бұл вертикалді өрлеу немесе құлдырау мобиЛЬДІГІ.

Оның еңбектерінің негізгілері: екі томдық «Әлеуметтану жүйесі» (1920), «Революция әлеуметтануы» (1925), «Әлеуметтік мобиЛЬДІК» (1927), «Қазіргі әлеуметтанулық теориялар» (1928), үш томдық «Ауылдық әлеуметтанудың жүйеленген антологиясы» (1930-1932), төрт томдық «Әлеуметтік және мәдени динамика» (1937-1941), «Қоғам, мәдениет, тұлға: олардың құрылымы және динамикасы» (1947), «Махаббаттың түрлері және олардың күші» (1954), «Алодиканың сексуальдық революциясы» (1956), өмірбаяндық «Ұзақ жол» (1963), «Біздің уақыттың негізгі тенденциялары» (1964), «Әлеуметтанулық теориялар бүгінде» (1966) және т.б.

Сословие-көптеген индустріалдыққа дейінгі, аграрлық қоғамдардағы әлеуметтік топтар, бұларды ұрпақтан – ұрпаққа мұра етіп берілетін құқықтар мен міндеттер ерекшелейді. Сословие ең алдымен Еуропа ортагасырына тән, одан феодалдық қоғамның иерархиялық әлеуметтік құрылымы анық көрінеді. Мысалы, XIV ғасырда Францияда қоғам женілдіктері бар екі сославиеден – дворяндар мен дін басыларынан және женілдігі жок үшініші сословиеден (көпестер, шаруалар, қолөнершілер және т.б.) тұрды. XVII

гасырдың екінші жартысында Ресейде сословиеге бөлінудің өзгеше түрі қалыптасты – дворяндар, дін басылары, көпестер, шаруалар және мещандар. Бірқатар елдердегі сословие сословиелік монархия шенберінде өз өкілдерін ұстады (мысалы, Англия парламентінде, Испания кортесттерінде немесе Францияның бас штаттарында). Индустріялдық когамның қалыптауы мен орнығы барысында сословиеге бөліну тез жойыла бастады, бүгінде оның қалдықтары бірнеше елде әліде болса кездеседі.

Социометрия – шағын топтардағы тұлға аралық қатынастардың құрылымын зерттеу әдісі.

Социум - әлеуметтану ғылымының обьектісі ретіндегі әлеуметтік қогам, яғни адамзаттың өзара әрекеттің жалпы формасы тұрғысындағы шындық. Ғылымда социум және оның қогаммен ара қатынасын жөнінде біркелкі түсінік жоқ. Біреулері бұл ұғымдыдарды синоним ретінде қарастырып, бірдейлестіреді. Екіншілері «социум» ұғымы «қогам» ұғымынан кең түсінік деп санайды, өйткені әлеуметтілік тек қогам түрінде ғана көрінін қоймайды. Үшіншілері социумнан, әлеуметтікten қогамның тек жекелеген қасиеттерін ғана көреді. Дегенмен социум ұғымының мазмұны азды көпті мойындалып, оның мазмұны тұлғаны және олардың бірлестіктерін, әлеуметтік байланыстарды, өзара байланыстырады, әрекеттерді, өзара әрекеттерді, әлеуметтік институттарды және ұйымдарды, мәдениетті, әлеуметтік құндылыктарды және нормаларды, әлеуметтік реттеуді және т.б. қамтиды.

Спенсер Герберт (1820-1903) – ағылышын философы және әлеуметтануышысы, әлеуметтануды негіздеушілердің бірі, әлеументтануда органикалық бағытты жасаушы. Оның ғылыми көзқарастарының негізін қогам мен биологиялық организм арасындағы ұқсастық әдісі құрайды. Г. Спенсердің пікірінше, қогам кез келген биологиялық организм сияқты, қарапайым формадан аса құрделіге қарай дамиды. Ол дамыған қогамнан үш жүйені бөліп көрсетті (өндіруші, бөлуші, реттеуші), алты институттың-отбасылық, білім беру, саяси, шіркеу, кәсіби, өнеркәсінтік тобын атап жазды.

Г. Спенсердің басты әлеметтанулық еңбегі – «Әлеуметтанудың негізделуі» (1896).

Стереотип әлеуметтік-саяси(грек. stereos- қатты және

тирос- таңба)- қайсібір әлеуметтік немесе саяси құбылыстар немесе үдерістер туралы стандартталған, схемаланған, қарапайым, тұракталған түсінік (үлгі). Бұл терминді алғаш рет айналымға 1922 ж. белгілі американ журналисі Уолтер Липпман әртүрлі әлеуметтік топтар туралы қоғамдық пікірде тараған және орнықкан теріс түсінікті білдіру үшін енгізген. Әлеуметтік-саяси стереотипке жалпы келеңсіз қатынастың орнауын, олардың шектелген тәжірибеге, сенімсіз ақпаратқа және т.б. негізделуімен түсіндіріледі, шындықты бұрмалайды, қайсібір субъектінің бейнесі туралы теріс түсінікті орнатады, сөйтіп адамдардың және олардың топтарының арасындағы нормальды өзара қарым-қатынасты бұзады. Әсіресе ұлттық стереотиптер кең тараған және олар қауіпті саналады. Бұған өткен қоғамдағы «халық жауы», «космополит» және т.б. айқын мысал бола алады.

Субмәдениет – белгілі бір әлеуметтік топқа тән және қайсыбір дәрежеде басым мәдениеттен ерекшеленетін мәдени құндылықтар мен нормалардың ерекше жүйесі.

Сұрыптау-тікелей зерттеуге жататын әлеуметтану зерттеу объектісінің шектелген элементтерінің жиынтығы. Әлеуметтануда қайсібір әлеуметтік құбылысты немесе үдерісті зерттеу жаппайлық сипат алмайды, керсінше белгілі – бір ережелер мен процедуralардың көмегімен жүзеге асатын сұрыптаулық сипат алады. Әлеуметтанушы қандайда бір құбылысты (үдерісті) зерттегендеге оның бас жиынтық деп аталағын бүкіл жиынтығымен істес болмайды, оның ережесін сай тандап алынған, олардың шектеулі санымен ғана жұмыс атқарады. Егерде дұрыс анықталған сұрыптаумен шағын бірлікті зерттегендеге, эмпирикалық әлеуметтану зерттеулерінің тәжірибесі көрсеткеніндей, онда аса үлкен жиынтықты зерттеудің көрсеткіштерінде айтарлықтай ауытқу болмайды.

Сұрыптаудың үлендігі бас жиынтықтың үлкендігіне тәуелді. Сұрыптауды анықтауда оның репрезентативтілігін қамтамасыз ету аса маңызды, яғни оның қабілеттілігі, бірдейлілігі, сұрыптауда бас жиынтықтың әлеуметтік маңызды белгілерінің құрылымдары, ерекшеліктері, арақатынастары, өзара байланысы және т.б. қатаң көрініс табады.

Сұрыптау бірлігі – ішінара әлеуметтану зерттеуде жүргізілген мәліметтерді тандау және талдау бірлігі.

Сұхбат, Сұхбатнама – әлеуметтану зерттеуінің сауалдау тәсілі, әлеуметтанушының алдын-ала әзірлеген жоспары бойынша қайсыбір адаммен немесе адамдар тобымен мақсатты әңгімелесу формасы, оларға қойылған сұрақтарға қайтарылған жауаптар әлеуметтік ақпаратттың бастапқы қайнар көзі қызметін атқарады.

Сұхбат журналистердің мемлекет, қоғам қайраткерлерімен немесе басқа да адамдармен сұрау және жауап түрінде жүргізетін әңгімесі. Сұхбатты жүргізетін, яғни сұрақтар қоятын адамды интервьюер – сұхбаттаушы, ал жауап беретінді – сұхбат беруші деп атайды.

Сұхбат үрдісін жүзеге асыру сұхбаттау, әңгімелесу үрдісі іспетті. Сұхбат көбінесе, әлеуметтану зерттеулерінің бір тәсілі ретінде – әлеуметтанушының ақпаратты алып жүрушімен тіке қарым – қатынасы. Сұхбат толық және сенімді ақпарат алуға бағытталған белгілі бір ережелер мен процедуralар бойынша жүргізіледі.

Сынақ зерттеулер(пилотаждық) - негізінен методологиялық бағытта алдын ала сынақталатын зерттеулер, олардың мақсаты-әлеуметтанулық құралдардың сапасын тексеру. Сынақтық зерттеулер далалық зерттеудің қажетті құрамдас кезеңі. Оның басты міндеті – әлеуметтік өлшеудін жоғарғы сапасы мен сенімділігін, далалық зерттеу үдерісіндегі оның валидтығын қамтамасыз ету. Бұл оны жүргізуін қақты әдістерін (анкеттеу, сұхбатнама және т.б.) әлеуметтанулық ақпарат жинаудың барлық кезеңін ұйымдастыру схемасын алдын ала тексеруді ойластырады. Әлеуметтану зерттеуінің міндеті күрделенуіне орай сынақтық зерттеулердің де маңыздылығы арта түседі.

Сыртқы саясат – мемлекеттің және әлемдік аренадағы басқада халықаралық құқық субъектілерінің, олардың өзара қарым – қатынастарын реттейтін, сонымен қатар дүниежүзілік және аймақтық халқаралық органдармен және ұйымдармен қарым – қатынастарын реттейтін қызметтерінің қағидаттары, бағыттары және формалары.

Сыртқы саясат ішкі саясатқа арқа сүйейді және онымен принциптік бірлікте тұрады. Сыртқы саясаттың мүмкіндіктері

көбіне көп ішкі саясаттың табыстарымен анықталады. Екінші жағынан, сыртқы саясат ішкі саясаттың мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасайды. Сыртқы саясатқа елдің геосаяси жағдайы үлкен әсер етеді. Сыртқы саясатты жүзеге асырудың формалары мен құралдары алуан түрлі. Соның маңыздыларының бірі – дипломатиялық қызмет болып табылады. Олелшілік қатынастарды орнатудан батап оны үзуге дейінгі, тіптен соғыс жариялауға дейінгі қызметтен тұрады. Сондай – ак, дуние жүзілік және аймақтық органдармен және ұйымдармен өзара әрекеттердің үлкен маңыздылығы бар. Соңғы он жылдықта халықаралық қоғамдық қозғалыстардың және ұйымдардың қызметі, халықаралық қоғамдық байланыстары кеңейіп, белсенділігі артты, «Халықтық дипломатия» нығайды. Көптеген қазіргі мемлекеттердің сыртқы саясатында ядролық соғысқа жол бермеу және жаппай халықаралық қауіпсіздік жүйесін жасау мәселесі маңызды орында тұр.

T

Танылған мәдениет – бұл халықтың бүгінгі тұрмысын, әдеп – ғұрыптын, салт – дәстүрін, әндерін, билерін суреттейтін халықтық мәдениеттің түрі. Термин кәдімгі әдептегі және бұқаралық мәдениеттің синонимі ретінде жиі қолданылады. Мәдениеттанушылардың біреулері екі мәдениеттің ұқсастығын ескеріп, оларды бір феноменнің екі атауы ретінде пайдалануды және қарастыруды ұсынады. Екіншілері бұқаралық мәдениетті танылған мәдениеттің бағынышты түрі деп санайды. Ушиншілері екі құбылысты ажыратуды ұсынады және оларды мәдениеттің өз алдына жеке түрі санауды ұсынады. Бұлардың пікірінше танылған мәдениет фольклорлық және элитарлық мәдениеттердің арасында орналасқан тікелей бақылауға болатын мәдениеттің қабаты. Бұл мәдениет халықтың көпшілігінің немесе көпшілік болып саналатын орта таптық мәдениеті. Бұқаралық мәдениет, сол деңгейде орналасқан және көбірек жастардың күнделікті мәдениеті болып табылатын, келенсіз бағаға ие болып жүр. Танылған мәдениет бұқаралық мәдениеттің өркениетті формасы саналады, өйткені біріншісіне тән емес көібилік пен артистік орны алады. Бұқаралық мәдениет

танылған мәдениеттің немесе жоғарғы – мәдениеттің төмөндеғен тұрпайы коммерцияланған нұсқасы. «Popular culture» және «population» сөздерінің түбірі бар. Олар елдің халқына, жүрттың көшілігіне немесе оның бөлігіне қатысты айтылады. Танылған (популярный) термині кеңінентараганды, халықта кеңінен белгіліні білдіреді. Популяризация қандай да бір насиҳатты білдіреді, атағы аз шыққанды көшілік колдағанға айналдыру және кеңінен танымал ету, қарапайым адамдардың түсінігі мен пайымдауына жақыннату. Егерде біз «жүрттың көшілігі» және «халық» ұғымдарын синоним ретінде қолданған жағдайда, «танылған мәдениет» және «халықтық мәдениет» терминдерін олардың эквиваленті деп санауымыз керек. Егерде біз «халық» ұғымына қосымша этникалық мағына беретін болсақ, яғни сол аумақта тұрып жатқан адамдардың жиынтығынанда артық бірдеме деп түсінсек, онда бұл терминдерді ажырату қажет, ал халықтың мәдениетті танылған мәдениетпен емес, керсінше фольклормен байланыстыру керек.

Терроризм (лат. *terror* – қорқыныш, үрей) – саяси және өзге де қарсыластарын қорқытуды, басып жаншуды және жоюды мақсат еткен күрес әдісі. Ол ештеңемен шектелмestен жүйелі қолданылатын, әскери әрекеттермен байланысы жоқ күштеуден тұрады.

Тест, тестілеу – тұлғаның тікелей бақылауға көне қоймайтын қасиеттері мен сапаларын өлшейтін маңызды әдіс, бұқаралық, әлеуметтік өзгерістердің жоғары сенімділігін қамтамасыз ететін тәсіл.

Толеранттық – (лат. *tolerantia* – төзімді) – өзге көзқарастарға, басқаша ойларға, наным – сенімдерге, мінез – құлықта қатысты төзімділік көрсету, өз идеяларын, ұстанымдарын және әрекеттеріне т.б. өзгелердің сындарына шыдамдылық білдіру.

Толеранттық жалпы және саяси мәдениеттің маңызды белгісі, азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекеттің, нағыз демократиямен гуманизмнің, идеологиялық және саяси плорализмнің қажетті элементі. Саясатта толеранттық оппозицияға қатысты төзімділік көрсетуді білдіреді. Толеранттық әлеуметтік – саяси және идеологиялық мәселелерді қарала – қайшылыққа жеткізбей, мұдделерді есепке алу мен келістіру жолындағы, шыдамдылықпен келіссөздер

жүргізудегі, келісімдерге келудегі және т.б. қажетті жағдайлар. Сонымен қатар, толеранттылықты кез келген күшпен жасалған келісімпаздықты, принципсіздікті, бәріне төзушілікті, соның ішінде антиконституциялық, зансыз әрекеттерге тезімділік көрсету ретінде түсінуге болмайды.

Тоффлер Элвин (1928ж.т.) – американдық публицист және футуролог, постиндустриалдық қоғам көзқарасын жақтаушы. Оның пікірінше қазіргі әлеуметтік және технологиялық жедел даму, осымен байланысты пайда болатын әлеуметтік бейімдеулердің үлкен қыншылықтары қоғамды және тұлғаны естен тандырады. Ол демократиялық және плюрализмді кеңейтуді, орталықсыздыруды және бюрократиясыздандыруыды, стандартсыздандыруды және индивидуаландыруды, әлеуметтік үйлесімдікті және т.б. жақтайды. Постиндустриалды қоғам тұжырымдамасы рухында Эрвин Тоффлер адамзат өркениеті дамуының үш «толқынды» теориясын (аграрлық, индустріалдық және қазіргі – «үшінші толқын») ұсынды.

Оның негізгі еңбектері: «Болашақтағы естен тану» (1970), «Үшінші толқын» (1980) және «Билік өзгерісі» (1990)

Тұма мәртебе – бұл индивидтің өз еркінен және өз тілегінен тыс тұғанынан иеленетін мәртебесі.

Тұлға – адамның нақты мәнінің көрінісі, онда сол қоғамның әлеуметтік маңызды белгілері, сапалары мен жүйесі толығымен көрініс тауып жүзеге асады. Өзіндік санасы, құнды бағдарлары, әлеуметтік қатынастары, өз қылышына жауапкершілігі, қоғаммен қарым-қатынаста белгілі бір дербестігін сақтауы тұлғаның бөлінбес белгілері болып табылады. Әрбір тұлғаның қоғамдағы алатын әлеуметтік мәртебесі, әлеуметтік рөлі бар. Тұлға мен қоғамның өзара әрекеті әлеуметтануғының басты проблемасы. Кез келген адам тұлға емес. Адам болып туады, ал әлеметтендіру үдерісінде тұлға болып қалыптасады. Тұлға ұғымын адам ұғымынан айыра білу керек, соңғысы сол адамның адамзат баласына жататынын, барлық адамдарға тән белгілер мен сапаларды менгергендігін білдіреді. Сонымен қатар, тұлға ұғымы индивид ұғымымен де бірдей емес. Индивид ұғымы, әдет, әңгіме бүкіл адамзат туралы, болғанда емес, кез келген адам жөнінде емес, жалпы адам туралы да емес, тек нақты

адам турлы айтылғанда ғана қолданылады. Тұлға мен қоғамның өзара әрекеті әлеуметтік проблема.

Қоғамды құрайтын тұлғалар қандай болса, қоғамда дәл сондай болады. Тұлғалар өмір сүретін қоғам қандай болса, оның тұлғаларыда сондай.

Тұлғаның әлеуметтенуі – тұлғаның қоғамға ену үдерісі, оның қоғамдық тәжірибелі, мәдени құндылықтарды, әлеуметтік рөлдерді, мінез-құлық нормалары мен ережелерін менгеруі.

Тұрмыс – адамдардың баспаанаға, киім-кешекке деген қажеттіліктерін, денсаулықтарын, көңіл көтерулерін қамтамасыз ететін, рухани құндылықтарды игеретін, отбасындағы қарым-қатынастар т.б. шеңберінде болатын адамдардың құнделікті өмір салты.

Тұрмыс адамдардың өмір салтының маңызды жағының бірі, ол өзіне әдеттегі тіршілік етудің мына тұрлерін қосқан: үйдегі еңбек, отбасында қызмет көрсету, балалармен шұғылдану, отбасылық қарым – қатынас, дем алу, ақпарат алмасу, дene шынықтыру және спортпен айналасу және т.б. Тұрмыс отбасылыққа және қоғамдыққа болінеді (қоғамдық тұрмыстық қызмет көрсету). Тұрмыс өмірінің барлық жақтарына маңызды ықпал етеді, әсіресе тұлғаны қалыптастырады, сондықтан оны бағаламау дұрыс емес.

Тіл – адамдар қарым-қатынасының маңызды құралы, ойлаумен тікелей ұштасқан және дыбыстар мен рәміздердің көмегімен жүзеге асатын, бірақ құрылымдық -дәлелдемелік маңыздырухани құндылықтардың жағдайын анықтаудың әдебиесін сактау орыны.

У

Уорд Листер Франк (1841-1913) - американың ғалымы, әлеуметтанушысы, геологі, палеонтологі, О.Конт пен Г.Спенсердің ізбасары. Америка әлеуметтану ассоциациясының бірінші президенті. Әлеуметтануда психологиямді (психологиялық эволюционизмді) негіздеушілердің бірі. Қоғамды эволюцияның жоғары сатысы ретінде карастырып, онда психологиялық фактордың ерекше маңызға ие болатынын атап көрсетті. Оның әлеуметтік прогрестін қозғаушы күші ретіндегі қоғамдық күштер теориясы өркениеттің психологиялық факторларын құрайтын адамның

сезімі мен қажеттіліктеріне көңіл аударады. Әлеуметтануға генезис, телезис және синергия ұғымдарын енгізді.

Урбанизация (лат. *urbanus*-қалалық) – қалалардың, қала халқы санының артуы, олардың қогам дамуындағы рөлінің артуы және ірі қалаларға тән белгілердің, ерекшеліктердің, өмір салтының қалған халықта таралуының әлеуметтік процесі. Урбанизация ең алдымен қалалар саны мен көлемнің артуын, қала халқының саны мен үлесінің көбейуін білдіреді, бұл индустріалдандырумен, сондай – ак аумақтық енбек бөлінісінің тереңдеуімен, қалаларда мәдени және саяси орталықтардың пайда болуымен байланысты. XIX ғасырдың басында қалаларда әлем хақының небәрі 3 пайызғана тұрды, жұз жылдан кейін – 13 пайызға асты, XX ғасырдың ортасында – шамамен 29 пайыз, ал 80 жалдары – 40 пайыздан астамы мекендеді. Дамыған елдердің көпшілігінде қала халқы бүгінде төрттен үш бөлігін құрайды және одан да көп халық тұрады.

Урбанизация – көпқырлы, құрделі және қарама қайшылықты үдеріс. Бір жағынан ол тұлға мен қоғамның дамуы үшін көп жағынан қолайлы жағдайлар жасап, қоғамдық прогресске маңызды ықпал ететіні даусыз (халықтың индустріалды енбекпен айналысуы, халықтың әлеуметтік – кәсіби құрылымында қолайлы өзгерістер, қуатты мәдени орталықтар жұмысына араласу және т.б.); екінші жағынан, урбанизация экология, әлеуметтік – психологиялық және басқада сипаттағы шешімі қыын мәселелердің санын арттырады, ірі қалаларда адамды табиғаттан бөледі.

Утилитаризм әлеуметтік – саяси (лат.*utilitas* – пайда) – әлеуметтік – саяси мәселелерді қарастыруда және шешуде пайда табуды басшылықта алатын ұстаным мен амал.

Утилитаризмнің негізін қалаған белгілі ағылшын ойшылы И.Бентали, пайданы адамгершіліктің негізі және адамдар мінез – құлқын бағалау критерийі санады. Утилитаризм идеясы өсіресе Англияда XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырда кеңінен тарады (И.Бентали, Дж.Миль, және т.б.). Кейін оларды Г. Спенсер және т.б. әлеуметтанушылар кеңінен пайдаланды. Қазіргі әлеуметтану мен саясаттануда утилитаризмнің ықпалы айтарлықтай шектеулі. Шынайы өмірде утилитаризм көбіне көп тар практицизмге әкеледі,

барлық кезде ешкіммен де, ештеңемен де санаспай, тек материалдық пайда табуға ұмтылдырады, аш көздікке, пайдакүнемдікке және руханисыздыққа соқтырады.

Ұ

Ұжым (лат. collectivus – жинақталған)- қоғамдық қызметтін бір түріне, мұдделер орталығына, құндылықтар бағыт – бағдарларының орталығына, мінез – құлық нормалары мен ұстанымдарына біріккен және ынтымақтастық қатынастарды, өзара жауапкершілікті және бір – біріне көмек көрсетуді жүзеге асыратын адамдардың тұтас әлеуметтік тобы.

Ұжым – қоғам ұясы, сол арқылы тұлға мен қоғам арасында негізгі әлеуметтік байланыстармен өзара әрекеттер жүреді. Ұжымда индивидуалдық, ұжымдық және қоғамдық мұдделер үйлесін табады. Марксизм тұжырымдамасы бойынша ұжым тек пролетариатқа, социализмге ғана тән, басқа қоғамдардағы ұжымдар мойындалмады. Шындығында ұжым адамзат тарихының әртүрлі сатысында болған, олардың нақты формалары, орны мен рөлі әртүрлі болды. Оларды қалыптастыратын негіздерге байланысты ұжымдар еңбек, оқу, әлеуметтік – саяси, мәдени, тұрмыс, әскери, спорт және т.б. бөлінеді.

Ұлт – тауар-ақша қатынастарының шығуы мен дамуы дәүірінде пайда болып, осымен байланысты ол бір тілде сөйлейтін халық орналасқан аумақ қалыптасуымен және ортақ тіл, мәдениет, психология, тарихи тағдыр, этникалық сана, салт-дәстүрмен сипатталатын адамдардың этноәлеуметтік қауымдастырының тарихи формасы.

Ұлт мәселесі – 1) кең мағынада – ұлттың және басқа адамдардың этноәлеуметтік қауымдастырының пайда болуы, өмір сүруі және дамуы туралы және олардың өзара әрекеттері жөніндегі мәселе: 2) тар мағынада – езілген халықтарды азат ету, олардың өзін – өзі билеуі, халықтардың тек құқықтылықты жеңіп алуы және олардың артта қалушылығын жою жөніндегі мәселе, бұлар барлық халықтардың еркін дамуын және жан – жақты прогресске жетуін қамтамасыз етеді, олардың арасында шынайы демократизм мен гуманизмнің, қазіргі өркениеттің талаптарына жауап беретін өзра қатынастарды бекітеді.

Ұлттық мұдделер – 1) кең мағынада елдің қоғамдық өмірін барлық саласындағы әлеуметтік – саяси қажеттіліктерін білдіретін оның ұлттық – мемлекеттік мұдделері. 2) тар мағынада ұлттың немесе басқа да этностың саяси, экономикалық, әлеуметтік және рухани өмірдегі қажеттіліктерін білдіретін мұдделер.

Ұлттық мұдделер елдердің және халықтардың (этностар), олардың әрекеттері мен өзара әрекеттерінің басты қайнар көзі және тіршілік ету негізі. Бұлар олардың өкілдерінің мұдделері негізінде қалыптасады, сонымен қатар ұлттық мұдде елдердің және халықтардың ішкі және сыртқы өмір жағдайларымен анықталады, өз кезегінде ол мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының жалпы бағыттарын, халқының мінез – құлқын және оның басқа халықтармен өзара қатынасын анықтайды. Ұлттық мұдделерді бір – біріне, мемлекетаралық, ұлтаралық мұдделерге және бүкіл адамзаттың мұддесіне жасанды қарама – қарсы қоюға болмайды. Ұлттың мұдделер, интернационалдық және жалпы адамзаттың мұдделер кез келген елдің, әрбір халықтың саясатында және практикалық қызметінде ескеріледі және үйлесімін табады. Тек осы-ның негізінде ғана ұлт мәселесін демократиялық және ғуманитарлық тұрғыдан шешуге болады, барлық елдердің және халықтарының шынайы бейбіт ынтымақтастығына қолы жетеді.

Ұлттық мемлекет(моноэтникалық) – қайсібір ұлттың (этностың) тарихи қалыптасқан этникалық аумығында құрылған мемлекет. Тарихи ұлттық мемлекет, әдетте, ұлттың қалыптасуынан басталған, осымен байланысты мемлекеттердің шекаралары негізінен этикалыққа сәйкес келген (мысалы, Батыс Еуропа және Латын Америкасы). Ұлттық мемлекет құру – қоғамдық дамудың, әсіресе ерте сатылардағы ұлттық қозғалыстардың маңызды тенденцияларының бірі. Ұлттың мемлекеттегі орны оның ұлттық – аумақтық құрылу қағидатынан, мемлекеттік органдардың өмір сүруінен және мемлекеттік тілде іс жүргізуден, мемлекетке атын берген «титульды» ұлт өкілдерінің ұлттық мемлекет органдарында көптең болуынан; заннамада ұлттық ерекшеліктердің бейнеленуінен және т.б. көрінеді.

Ұлттық мемлекет ұғымы этникалық тұрғыдан екі мағынада қолданылады. Бірінішден, халқының құрамы біртекетес ұлттан (этнос) тұратын мемлекетті белгілеу үшін қолданылады (Жапония, Солтүстік және Оңтүстік Корея, Германия, Италия, Португалия, Бангладеш, Дания, Бразилия, Польша, Исландия, Венгрия, көптеген араб елдері, әріссе Арабия жарты аралындағы елдер). Екіншіден, мемлекетті сипаттауда, қазірі кезде халқы басқа ұлттардан бір этностың қоныстанған аумағында оның өзін – өзі билеу нәтижесінде тарихи құрылған және оның атын алған жүруші (Болгария, Швеция, Финландия, Түркия, Сирия, Австралия, Жаңа Зиландия және т.б.).

Ұлттық (этникалық) топ – өзінің этникалық аумағынан, ягни ұлттың негізгі бөлігі өмір сүретін ауданнан тыс, басқа ұлттық ортада өмір сүретін белгілі бір ұлт адамдарының жиынтығы.

Ұлттың өзін өзі билеуі – әрбір ұлттың немесе басқа этноэлеуметтік қауымдастықтың өз тағдырын, өз өмір сүруінің және өзге халықтармен (этностар) өзара қатанасының мемлекеттік формасын анықтау еркіндігі мен егемендігі.

Ұлтшылдық – ұлт мәселесіндегі саясат пен практика, идеология мен психология, ұлтты (этностарды) және олардың өзара қатынастарын қоғамдық дамудың маңызды факторы ретінде қабылдап және сол халықтың бүкіл адамзаттың әлеуметтік саяси, экономикалық және мәдени өмірінде орнына, рөліне, мұдделеріне басымдылықты, женілдіктімойынданап, басқа халықтардың мұдделері мен мұқтаждарына зиян келтіру.

Ұлыс – индустріалдыққа дейінгі, аграрлық қоғам үшін тарихи сипаттағы және ең алдымен этноаумақтық негізде қалпласатын адамдардың этноэлеуметтік қауымдастырының бірден-бір формасы.

Ф

Фромм Эрих (1900-1980) – неміс-американ әлеуметтанушысы, психологі және әлеуметтік философы, франкфурт мектебінің көрнекті өкілі. Оның түсіндіруінде тарих-бұл әлеуметтік құрылымның оған дүшпандық жағдайында

адам мәнінің дамуы. Әлеуметтік құрылымның ықпалымен болатын адам шеттелуі дамуының әрбір сатысына белгілі бір мінезге жинақтаушылық, қанаушылық, енжарлық, нарыктық сәйкес келеді. Қазіргі қоғамды Э.Фромм адам мәнін «машиналандыру», «компьютерлендіру», «роботтандыру» жолымен, ғылыми-техника арқылы дамыту деп есептейді.

Э.Фроммның орыс тіліне аударылған еңбегі: «Ие болу немесе болу?»(1990), «Адам жаны»(1992), «Адам анатомиясының бұзылуы»(1994).

Функционализм – қазіргі батыс әлеуметтануының бағыты. Оның көзқарасы бойынша қоғам және оның жеке бөлімдерінің өзара тығыз байланысы бар, бұлар олардың функцияларымен бекиді. Басқаша сөзben айтқанда қоғамдағының бәрі бір – бірімен тығыз байланысқан және келістірілген.

X

Хабермас Юрген – (1929 ж.т.) – Германияның әлеуметтік философи және әлеуметтанушысы, неомарксизмнің және Франкфурт мектебінің өкілі, әлеуметтану ғылымының, саясат әлеуметтануының, қоғамдық қозғалыс, коммуникация әлеуметтануларының методологиясын зерттеуші. Ежелгі Германиядан бастап қазіргі кезеңге дейінгі қоғамдық өмір мен жеке өмірдің өзара байланыс мәселесін көтерді. Қоғамды мемлекет пен жеке адамды байланыстыруышы буын ретінде қарастырады. Қоғам бір жағынан мемлекеттік тоталитаризмнен қорғау жүйесі болып табылса, екінші жағынан иррационализмнен жеке мұддені қорғаушы болып табылады.

Ю. Хабермастың негізгі еңбектері «Қоғамдық өзгерістердің құрылымы» (1960), «Коммуникативтік әрекет теориясы» (1980) және т.б.

Халық – 1) әртүрлі таптардан, әлеуметтік қабаттардан (жіктерден) және топтардан, этникалық және қауымдастықтардан тұратын, тарихи тағдыры, ұжымдық тәжірибесі, өмір салты және өзін ұқсастыруы бір және жоғарғы билікті алып жүруші болып табылатын қайсібір елдің тұтас түзілім ретіндегі бүкіл жұрты; 2) кез келген этнос – тайпа, ұлыс, ұлт; 3) марксизмде тарихтың, қоғамның проресивті дамуының басты субъектісі ретінде қазіргі

когамдағы тек еңбекші таптар мен әлеуметтік қабаттарды (жіктер) есептесе, ал қазіргі консерватизм мұндай күш ретінде тек әлеуметтік – саяси элитаны мойындайды.

Халықаралық құқық – халықаралық қатынастар субъектілерінің әрекеттері мен мінез – құлықтарын реттейтін юридикалық қағидаттар мен нормалар жүйесін, жиынтығын білдіретін құқықтың маңызды саласының бірі.

Халықаралық қатынастар – мемлекеттердің, халықтардың, мемлекетаралық үкіметтік және үкіметтік емес бірлестіктердің, ұйымдар мен органдардың, партиялар мен козгалыстардың, жеке адамдардың және олардың топтарының саяси, экономикалық, ғылыми – техникалық, мәдени, әскери, елшілік және өзгеде тұрақты өзара байланыстары мен өзара әркеттерінің жүйесі.

Халықаралық мәдениет – бұл кәсіби маман еместердің жасаған мәдениет формасы. Ол танымал (папулярный) және фольклор сияқты екі түрден тұрады. Танымал мәдениет халықтың бүгінгі тұрмысын, әдеп – ғұрыптын, дәстүрін, әндерін, билерін суреттесе, фольклор оның өткенін бейнелейді. Аныздар, ертегілер және фольклордың басқада жанрлары өткенде жасалды, ал олар бүгінде тарихи мұра ретінде өмір сүреді.

Халықаралық мәдениеттің екі деңгейі бар: 1) Фольклормен байланысқан және халық азыздарын, ертегілерін, эпостарын, ескілікті билер және т.б. өзіне қосқан жоғарғы деңгейі; 2) поп – мәдениет деп аталатынмен шектелген тәменгі деңгей. Басқаша сөзben айттар болсақ, фольклор халықтық мәдениеттің бірінші қабатын – оның өткен тарихын суреттейді, ал екінші қабат – бейнесі өзгертулген түрде сақталған – танымал (қарапайым) мәдениетте бейнеленген және онымен бұқаралық мәдениетте тығыз байланысқан халықтық мәдениеттің тарихи бүгінгісі. Халықтық мәдениетті кәсіби дайындығы жоқ, белгісіз (анонимді) жасаушылар қалыптастырады. Халықтық шығармалардың (ертегілер, тұрмыс – салт жырлары, батырлар жыры) көбінесе авторлары белгісіз, бірақ бұл жоғары көркем шығрмалар болып саналады. Мифтер, аныздар, эпостар, ертегілер, әндер мен билер халықтық мәдениеттің ең жоғарғы шығармасына жатады. Ол көне дүниеде пайда болған. Жекелеген

кәсібілер емес, бүкіл халық оның субъектісі болып табылады. Қоғамның көпшілігі әрдайым халықтық мәдениеттің көрермені, тындарманы. Дәстүрлі және индустріалды қоғамда дәл осылай болды. Постиндустриалды қоғамда жағдай өзгерді. Халық мәдениетінің өмір сұруі адамдардың енбегі мен тұрмысына байланысқан. Халық мәдениетінің шығармаларының әдетте көптеген нұсқаулары болады, олар үрпақтан – үрпаққа ауызша беріледі.

Орындалуы бойынша халықтық мәдениет элементтері индивидуалдық (аңыздарды айту), топтық (биді немесе әндерді орындау), бұқаралық (карнавал шерулері) болуы мүмкін. Шығармашылықтың кейбір өнімдерін фольклорлық және танымал деп бөлмей – ақ жалпы халықтық мәдениетке жатқызады: халықтық медицина, халықтық кәсіптер, халықтық ойындар мен ермектер, халық әндер мен билері, халық салт – дәстүрлері мен мейрамдары, халық педагогикасы мен этикасы, халық асы.

Халықтың ұлттық (этникалық) құрамы – әлемнің, аймақтың, елдің немесе оның жеке аумақтық бірліктерінің этнодемографиялық және этноәлеуметтік сипаттамасы, бұл оның әртүрлі этноәлеуметтік қауымдастықтарға бөлінуін және олардың сандық параметрлерін бейнелейді. Халықтың ұлттық құрамы әртүрлі, әсіресе, ол жаппай халық санағының нәтижесінде дәлірек анықталады.

Харизма, харизматикалық (грек. *charisma* – қайырымдылық, рахат, құдай берген қабілет) – қайсыбір адамда, көбінесе мемлекеттік немесе қоғамдық қайраткерде болатын ерекше дарын, оларды басқалардан айрықша ететін немесе сенімдеріне берілген ізбасарларына өзіндік жоғары табиғи қасиеттеріне сендіру тәсілі.

Үстемдік, билік, көшбасшылық идеалды типтерінің тұжырымдамасын дайындаумен байланысты М. Вебер әлеуметтану мен саясаттануға харизма ұғымын енгізді және зерттеді, онда дәстүрлі және ұтымды типтермен қатар, харизматикалық тип бөліп көрсетілді. Көшбасшының, көсемнің және олардың соңынан ерген бұқараның харизматикалық байланысы ұтымдылықты емес, иррационалдық, эмоционалды – мистикалық негізде, жартылай құдай санаған көшбасшыға танылған табиғаттан тыс сапаларға

көзсіз сенуде құрылған. Сондықтан харизматикалық билік мистикалық касиеттері таңылған қайсібір көшбасшыға берілген билік болып саналады. Жеке басқа табынушылық харизматикалық биліктің айқын айғағы. Харизматикалық көшбасшылардың қатарында В.И.Ленин, И.В.Сталин, М.Ганди, Д.Неру, Мао Цзэдун, А. Гитлер, Муссолини, Ким ИрСен, Мартин Лютер Кинг және т.б. бар.

Хоманс Джордж Каспар (1910-1989) – америка әлеуметтанушысы, Гарвард университетінің профессоры. Шығармашылығының алғашқы кезеңінде В.Парето мен Т.Парсонстың ықпалында болды. 1960 жылы әлеуметтік айырбас теориясының психологияландырылған нұсқасын жасады. П.Блаумен (осы теорияның екінші классигі) салыстырғанда Хоманс әлеуметтік құрылым ұғымынан толығымен бас тартты, оның орнына «айырбас субмәдениет» ұғымын енгізді, бұл бихевиористік – позитивтік амалдың негіздерін күштейтті. Әлеуметтік мінез – құлық материалдық және материалдық емес құндылықтардың (мысалы қолдауды білдіру белгілері және престиж) айырбасы ретінде қарастырылады. Айырбастың деңгейі мен сомасы әлеуметтік байланыстар мен қатынастарға тұрақтылықтың мелшерін береді. Хоманс мінез – құлықты марапаттау мен жазалаудың салдарынан туындаған функция ретінде қарастырады. 1990ж. әлеуметтік айырбас теориясы көбіне көп айырбас желісін талдау үшін теорияда және эмпирикалық зерттеулерде жиі қолданылады.

Негізгі еңбектері: «Адами топтар» (1950); «Әлеуметтік мінез-құлық: оның қарапайым формалары» (1961), «Әлеуметтік ғылымдар табиғаты» (1967) және т.б.

Ч

Чикаго мектебі әлеуметтанудағы – XX ғасырда АҚШ – тың Чикаго университетінде өз алдына әлеуметтанудағы жеке бағыт болып қалыптасып, әсіресе әлеуметтанудың эмпирикалық зерттеулерін дамытуда зор үлес қоскан мектеп.

Ш

Шағын топ – бірлескен қызметті жүзеге асыратын, тікелей байланысы бар индивидтердің аз саны.

Шаруалар – жеке, топтық немесе аралас меншік негізінде ауыл шаруышылығы өндірісімен айналысадын және негізінен өзінің еңбегін және өз отбасының еңбегін пайдаланатын қоғамдық тап.

Тарихи шаруалар ерекше тап ретінде алғашқы қауымдық құрылыс ыдырау кезіндегі және индустриялдықта дейінгі, аграрлық қоғам қалыптасу кезіндегі жер шаруышылығы мен қолөнердің бөлінуі негізінде пайда болды, соның шеңберінде халықтың басым көпшілігін құрайтын сол қоғамның негізгі таптарының біріне айналды. Индустріалды қоғамда шаруалар сақталады, алайда, бір жағынан олар индустріаландыру, урбанизация және пролетариалану үрдістерінің есебінен бірте–бірте, тоқтаусыз қысқарады, екінші жағынан ұсак, орташа және ірі шаруаларға барған сайын жіктеледі. Егерде аграрлық қоғамда шаруалар, диқаншылармен қатар қоғамның негізін құраса, ал индустріалды қоғамда ол аралық қалыпта тұрады және оның рөлі айтартылғай әлсірейді. Ауыл шаруышылығын индустріаландыру негізінде шаруалар фермерлерге айналады, ауыл шаруашылығы еңбегі индустріалды енбектің бір түріне айналады, шаруалардың енеркәсіп жұмысшыларымен жақындасуы жүреді, бірақ аграрлық енбектің және шаруалар оргасының әлеуметтік қатынастарындағы ерекшеліктер сақталады.

I

Ішкі саясат – ел ішінде қалыптасқан әлеуметтік – саяси және экономикалық тәртіптің, құрылыштың сақталуын, өмір сүруін және жетілдіруін қамтамасыз ететін мемлекеттің, оның институттарының, органдар мен ұйымдардың қызметінің негізгі қағидаттары, бағыттары және формалары жүйесі.

Ішкі саясат қоғамдық өмірдің барлық экономикалық, саяси, әлеуметтік және рухани саласын қамтиды. Экономикалық салада ғылыми – техникалық, технологиялық және ақпараттық прогресс проблемасын, меншік, ақша – несие жүйесі, белу, айырбас, салық және т.б. мәселелерді шешудің ерекше маныздылығы бар. Саяси салада саяси билікті нығайту, демократияны дамыту, адамзаттардың құқы мен бостандығын қамтамасыз ету, мемлекеттік органдар және аппарат жүйесін онтайландыру, саяси плюрализм, сайлауды ұйымдастыру

және өткізу, қылмыспен күрес және т.б. проблемаларды шешу маңызды. Элеуметтік салада шешілетін проблемалар: жұмыспен қамту, экология, әлеуметтік қатынастарды реттеу, тұлғаның әлеуметтенуі, деңсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету жүйелерін жетілдіру және т.б. осындай мәселелерді қамтиды. Рухани салада бұл ең алдымен тұлғаны идеялық қалыптастыру, тәрбие жүйесін дамыту және жетілдіру, рухани мәдениетті дамыту, бұқаралық ақпарат құралдарын дамыту, діни мекемелермен қатынасты анықтау және т.б. мәселелерді шешу маңызды. Ішкі саясат сыртқы саясатпен тығыз байланысқан және оған маңызды ықпал етеді.

Іштей бақылау – әлеуметтану зерттеуінің формасы, алғашқы әлеуметтану ақпаратын жинаудың тәсілі, әдісі. Мұнда әлеуметтанушы зерттелетін топтың немесе басқа да әлеуметтік объектілердің күнделікті өміріне қосылады, кіреді.

Іштей бақылаудың басты артықшылығы жүрін жатқан құбылыстар мен үрдістерді және олармен байланысқан жағдайларды тікелей тіркеуде жатыр. Сонымен қатар, оның негізгі кемшілігі – алынатын мәліметтерге репрезентативтік кепілдіктің болмауы және оларды түсіндіруде субъективизмнің маңызды қаупі бар. Сондыктан іштей бақылау әлеуметтанулық зерттеулерде көбіне сауалнама және әлеуметтік ақпарат жинаудың басқада тәсілдерімен қатар қолданылады.

3

Эгалитаризм (фр. egalite-тәндік) қоғамдық өмірді ұйымдастырудың негізі ретінде баршаның тәндігі үшін күресетін, тенгермешілік бөліске дейін баратын саяси идеялық ағым.

Экспектация – әлеуметтік сәйкес рөлдерді орындауға қойылатын формальді емес талаптардың жиынтығы.

Элиталық мәдениет – бұл таңдаулыларға есептелген субмәдениет. Мәдени құндылықтарды өндіру формасына айналған өзінің ерекшелігіне байланысты негізінен адамдардың таршемберіне (элитага) есептелген қорытындыланған сипаттамасы сирек кездесетін мәдениеттің типі.

Элиталық мәдениеттің жоғарғы дәрежеде жабдықтығы оны өндіру мен тұтынуда жоғарғы интеллектуалды (зияткерлі)

технологияны пайдаланудың арқасында қамтамасыз етіледі. Элиталық мәдениет өнімділігінің мазмұнының көп мәнділігі тұтынушының алдына олардың жасырын маңызын іздестіру үшін, интеллектуалды күш-жігер жұмысаудың кажеттігін мәселе етіп қояды. Элиталық мәдениеттің дүниетанымдық бағыт – бағдарды, бүкіл қоғам үшін іргелі құндылықтар және жаһандық мақсаттарды қалыптастыруға қабілетті болуы оның маңызды ерекшелігі болып табылады.

Қоғамда жеңілдігі бар азшылықтың өтінішін орындағы отырып, элиталық мәдениет көпшіліктің мәдениетіне немесе бұқаралық мәдениетке, оның барлық тарихи және типологиялық алуан түрлеріне (фольклор, халықтық мәдениет, қайсыбір сословиенің немесе таптың мәдениеті) саналы және жүйелі қарсы тұрады.

Элиталық мәдениет ұғымы оның антиподы – бұқаралық мәдениеттің кеңінен тарауына байланысты XX ғасырда пайда болды. Элиталық мәдениет бұқаралық мәдениетпен әрдайым ұштасады, өйткені бұқаралық мәдениетте қабылданған құндылықтар мен нормалардан бастау алу механизіміне, онда қалыптасқан стереотиптерді және шаблондарды (партия, қакпайласу, бейнелену формаларында) киратуға негізделген. Осы тұрғыдан алғанда элиталық мәдениет екінші қатарда тұр, көпшіліктің мәдениетіне қатысы бар туынды. Элиталық мәдениетті алғаш жүрушілер белгілі бір идеялық қағидаттарды, рухани құндылықтарды және социомәдени нормаларды ұсынатын, мәдениет саласында қалыптасқан таңдаулы топ. Элиталық мәдениеттің бөлінуінің негізінде қоғамның рухани өмірінде, оның мәдени дамуында жетекші орын алатын әлеуметтік топтардың оны өндіруінде жатыр.

Элиталық мәдениеттің дәстүрлі мәні шындықты, сұлұлықты, адамның рухани дамуы туралы қамқорлықты, оның мәдениетсіздігін жоюды тұлғаның бойында ең жақсы адамгершілік сапаларды тәрбиелеуді іздестіру болып табылады. Қазіргі кезде элиталық мәдениет көркем модернизм өнердегі жаңашылдық формаларында көрінеді, классикалық көркем мұра идеяларын терендедеді. Оны қабылдау, ұғыну арнағы дайындықты, ақыл мен жан- дүниенің жұмысын талап етеді. Ол әлеуметтік ортадан гөрі, интеллектуалды элитаның, кәсіби рухани интелигенцияның ортасында өмір сүреді. Элиталық мәдениетті эстетикалық еркін және коммерциядан тәуелсіз шығармашылық тақырыптарының

дүниетанымдық терендігі, құбылыстың және адам жанының мәніне философиялық тұрғыдан ену, көркем әлемді игерудің күрделігі және әртүрлі формалары сипаттайты. Модернизациялық элита деп аталатын теория мен практика элиталық мәдениеттің қалыптасуы мен таралуының теориялық негізіне айналды. Модернизациялық элита дәстүрлі қоғамдық укладтан қазіргі қоғамдық укладқа өтудің, модернизацияның әлеуметтік үдерістерінің қозғаушы күші болып саналады. Еуропа өркениеті модернизацияның, оның көркемдік стилі – модернизмнің бесіре болды. Бұл жерде элиталық мәдениеттің «жоғары» және «төмен» жанrlарды, «жоғарғы» және «төмен» стильдерді қатал шектейтін. XX ғасырдың соңғы үштен бірінде постмодернизмнің пайда болуы, мәдениет туралы иерархиялық түсінікті қиратты және соған сәйкес, элиталық мәдениеттің бүкіл билігін шайқалтты. Ол моданы бастаушыдан әлем картинасын плюралистік көрудің бір элементіне, басқалармен қатар (этникалық, демографиялық, аймақтық және т.б.) субмәдениеттің «шығармаережелері,

Этатизм (фр.etat-мемлекет) – мемлекеттік, тілтен дүниежүзілік өмірдің бүкіл саласына мемлекеттің шексіз немесе мейлінше кен араласуын қуаттаған, құшті мемлекетті жоғары құндылық деп және қоғамдық дамуды өзіндік мақсатпен мойындаған теория мен саясат және практика.

Этнос (грек.ethnos-халық) – ортақ тілімен, өзіндік мәдениетпен, тұрмыспен салт-дәстүрімен, сара санамен біріккен, белгілі бір территорияда тарихи қалыптасқан адамдардың тұрақты әлеуметтік қауымдастыры. Этностиң тарихи түрлеріне – тайпа, ұлыс, ұлт, жатады.

Этноцентризм – басқа топтармен салыстырғанда өз этникалық тобының дәстүрлері мен мәдени құндылықтарын негізгі және этalon көру арқылы өміршең құбылыстарды қабылдау мен бағалаудың этносқа тән өзіндік сана касиеті.